

ISSN 1814 - 6961

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2019, № 3 (87)

3 /2019

Журнал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (ҚР БҒМ БҒБК) ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын баслымдар тізіміне кіреді.

Бас редакторы:
Зиябек Қабылдинов

Редакциялық алқа:

Абдрахманов Толобек Абылович, т.ғ.д., профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан)

Акинер Ширин, т.ғ.д., Лондон университетінің профессоры (Ұлыбритания)

Асылбекова Жамиля Мәлікқызы т.ғ.д., профессор, Халықаралық бизнес университеті (Қазақстан)

Әбусейітова Меруерт Хуатовна, т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р. Сулейменов атындағы Шығыстану институты «Тарихи материалдарды зерттеу орталығының» директоры, ҰҒА корр.-мүшесі (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан, т.ғ.к., профессор, ҚР Мемлекеттік музейінің директоры (Қазақстан)

Әжіғали Серік Ескендірұлы, т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Буканова Роза Гафаровна, т.ғ.д., профессор, Уфа қаласындағы Башқұр мемлекеттік университеті (Ресей)

Голден Питер, Принстон университетінің профессоры (АҚШ)

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы, т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дүние жүзі тарихын зерттеу» орталығының директоры, Германиядағы Геттинген университетінің құрметті профессоры (Қазақстан)

Исмағұлов Оразақ, т.ғ.д., профессор, ҰҒА академигі (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, т.ғ.д., профессор, ҰҒА академигі (Қазақстан)

Ламин Владимир Александрович, т.ғ.д., профессор, РҒА корр.-мүшесі, РҒА Сібір бөлімінің Тарих институты (Ресей)

Мансура-Хайдар, профессор (Үндістан)

Масов Рахим Масович, т.ғ.д., профессор, А. Дониш атындағы Тарих, археология және этнография институты (Тәжікстан)

Мұқтар Әбілсейт Қапизұлы, т.ғ.д., профессор, Атырау қаласындағы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры (Қазақстан)

Навроцкий Карл, PhD докторы, Гданьск қаласындағы екінші дүниежүзілік соғыс музейінің директоры (Польша)

Осман Мерт, Ататүрк университетінің профессоры (Түркия Республикасы)

Сидхарт С. Саксена, Кембридж университетінің профессоры (Ұлыбритания)

Сон Ен Хун, Хангук шет тілдер университетінің профессоры (Оңтүстік Корея)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы, т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Қазақстан)

Якуб Алексей Валерьевич, т.ғ.д., профессор, Ф.М. Достоевский атындағы Омск мемлекеттік университет (Россия)

Редакционная коллегия журнала

Абдрахманов Толобек Абылович, д.и.н., профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусейтова Меруерт Хуатовна, д.и.н., профессор, член корр. НАН РК, директор

центра «Исследование исторических материалов» института Востоковедения имени Р. Сулейменова Комитет науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Казахстан)

Акинер Ширин, д.и.н., профессор Лондонского университета (Великобритания)
Алимбай Нурсан, к.и.н., профессор, директор Государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Ажигали Серик Ескендерович, д.и.н., профессор, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Казахстан)

Асылбекова Жамиля Маликовна, д.и.н., профессор, Университет международного бизнеса (Казахстан)

Буканова Роза Гафаровна, д.и.н., профессор Башкирского государственного университета г. Уфа (Россия)

Голден Питер, профессор Принстонского университета (США)

Жумагулов Калкаман Турсынович, д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, директор «Центра по изучению Всемирной истории», Почетный профессор Геттингенского университета в Германии (Казахстан)

Исмагулов Оразак, д.и.н., профессор, академик НАН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамедович, д.и.н., профессор, академик НАН РК (Казахстан)

Ламин Владимир Александрович, д.и.н., профессор, член корр. РАН, директор Института истории Сибирского отделения Российской академии наук (Россия)

Мансура-Хайдар, профессор (Индия)

Масов Рахим Масович, д.и.н., профессор института истории, археологии и этнографии имени А. Дониша (Таджикистан)

Муктар Абилсейит Капизулы, д.и.н., профессор, директор государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» в городе Атырау (Казахстан)

Навроцкий Карл, доктор PhD, директор музея Второй мировой войны в г. Гданьск (Польша)

Осман Мерт, профессор Атаюркского университета (Турция)

Сидхарт С. Саксена, профессор Кембриджского университета (Великобритания)

Сон Ен Хун, профессор университета иностранных языков Хангук (Южная Корея)

Сыдыков Ерлан Батташевич, д.и.н., профессор, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Якуб Алексей Валерьевич, д.и.н., профессор, ректор Омского государственного университета имени Ф.М. Достоевского (Россия)

Editorial Board of the Journal

Abdrahmanov Tolobek Abylovich, Doctor of Historical Sciences, professor, Rector at the I. Arabayev State university (Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna, Doctor of History, professor, Corresponding Member NAS RK, director of the Center for the Study of Historical Materials at the Institute of Oriental Studies named after R. Suleimenov of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Science Committee (Kyrgyzstan)

Akiner Shirin, Doctor of Historical Sciences, Professor of London University (Great Britain)

Alimbai Nursan, Doctor of History, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Asylbekova Zhamilya Malikovna, Doctor of Historical Sciences, professor at

University of International Business, Almaty (Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich, Doctor of History, professor, C.C. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Science Committee Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Bukanova Roza Gafarovna, Doctor of Historical Sciences, professor at Bashkir state university. Ufa (Russia)

Golden Peter, a professor at Princeton University (USA)

Zhumagulov Kalkaman Tursynuly, Doctor of Historical Sciences, Academician, professor of Al-Farabi Kazakh National University, Director of the Research Center on World History Studies, Emeritus Professor of German Göttingen University (Kazakhstan)

Ismagulov Orazak, Doctor of Historical Sciences, professor. Academician of National Academy of Sciences (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly, Doctor of Historical Sciences, professor, Academician of National Academy of Sciences (Kazakhstan)

Lamin Vladimir Alexandrovich, Doctor of History, professor, Corresponding Member. RAS, director of the Institute of History of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences (Россия)

Mansura-Haydar, professor (India)

Masov Rakhim Masovich, Масов Рахим Масович, Doctor of Historical Sciences, professor A Donish Institute of History, archeology and Ethnography (Tajikistan)

Mukhtar Abilseit Kapizuly, Doctor of Historical Sciences, professor, Director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Sarayshyk" in Atyrau (Kazakhstan)

Navrocki Karl PhD, Second world war museum director in Gdansk (Poland)

Osman Mert, professor of the Atatürk University (Turkey)

Sidhart S. Saxena, professor at Cambridge University (Great Britain)

Son Yong Hong, a professor of the Hanguk University of Foreign Languages (South Korea)

Sydykov Erlan Battashevich, Doctor of Historical Sciences, professor, Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Kazakhstan)

Jakub Aleksei Valerievich, Doctor of Historical Sciences, professor, Rector of the Omsk state university named after Dostoevski F.M. (Russia)

Жауапты редактор:

Айжамал Құдайбергенова

Редактор:

Бота Жүнісова

Компьютерде өңдеуші және дизайнер:

Венера Зикирбаева

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

Отан тарихы журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай: <http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCESTUDING AND HISTORIOGRAPHY**

ҒТАХР 03.20.00

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР
ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
(XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ)**

Оразгүл Мұхатова

тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Алматы қ., Қазақстан, E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Түйіндеме: Мақалада Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі зерттелуі көрсетіледі. Қазақтардың азаттық қозғалыс тарихын зерттеудегі ғылыми бағыттар, ұстанымдар айқындалады. Мәселені зерттеудің нәтижесінде ұлт-азаттық қозғалыстардың кезеңдеріне қатысты автор жасаған тұжырымдар баяндалады. Көрсетілген кезеңде жарық көрген орыс әскерилерінің, зерттеушілерінің еңбектерінің мазмұны ашылады. А.И. Левшин, М. Красовский, Л. Мейер, М.И. Венюков тәрізді сардарлар мен шенеуніктердің көзқарастарына баға беріледі. Н. Середа, Н. Коншин, Н.Ф. Савичев, С. Турбин, М.И. Иваниннің өзіндік пайымдары анықталады. Ұлт зиялылары Ә. Бөкейхановтың, Х. Досмұхамедовтың, М. Дулатов және т.б. Кеңесары Қасымұлы, Исатай Тайманұлы бастаған, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер турасындағы тұжырымдары талданады. Қазақ халқының азаттық күресінің шетелдік зерттеушілер Д. Бульджер, А. Краус, Ю. Скайлер еңбектерінде көрініс табуы қарастырылады.

Кілт сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, қазақ даласы, Ресей империясы, тарихнама, тұжырым, көзқарас, сардар, ұлт зиялысы, шетелдік зерттеуші

МРНТИ 03.20.00

**ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ
ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ
(ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX – НАЧАЛО XX В.В.)**

Мухатова Оразгуль

Доктор исторических наук, профессор
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Аннотация: В статье показывается исследование национально-освободительных движений в Казахстане во второй половине XIX-начале XX веков. Определяются научные направления, подходы в исследовании истории освободительной борьбы казахов. Излагаются выводы по периодизации изучения проблемы сделанные автором в результате исследования. Раскрывается содержание работ опубликованные русскими военными, исследователями. Оцениваются взгляды офицеров и чиновников таких, как А.И. Левшин, М. Красовский, Л. Мейер, М.И. Венюков. Освещаются своеобразные мнения Н. Середы, Н. Коншина, Н.Ф. Савичева, С.Турбина, М.И. Иванина. Анализируются концептуальные выводы

представителей казахской интеллигенции А. Букейханова, Х. Досмухамедова, М. Дулатова и др., касающиеся национально-освободительных восстаний под предводительством Кенесары Касымова, Исатая Тайманова и восстания 1916 года. Рассматривается отражение борьбы казахского народа в трудах зарубежных исследователей Д. Бульджера, А. Крауса, Ю. Скайлера.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, казахская степь, Российская империя, историография, взгляд, офицер, национальная интеллигенция, зарубежный исследователь

IRSTI 03.20.00

THE STUDY OF THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN THE KAZAKH STEPPE (THE SECOND HALF OF THE XIX - THE BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURIES)

Mukhatova Orszgul

Doctor of Historical Sciences, Professor
Kazakh National University Al-Farabi,
г. Almaty, Kazakhstan, E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Abstract: The article shows a study of national liberation movements in Kazakhstan in about half of the nineteenth and early twentieth centuries. The scientific directions, approaches in the study of the history of the liberation struggle of the Kazakhs are determined. The conclusions on the periodization of the study of the problem made by the author as a result of the research are presented. The content of the work published by the Russian military, researchers. The views of officers and civilians such as A.I. Levshin, M. Krasovsky, L. Meyer, M.I. Venyukov. The original opinions of N. Sereda, N. Konshin, N.F. Savichev, S.Turbin, M.I. Ivanin. The conceptual conclusions of representatives of the Kazakh intelligentsia A. Bukeikhanov, H. Dosmukhamedov, M. Dulatov and others concerning national liberation uprisings led by Kenesary Kasimov, Isatai Taimanov and the uprising of 1916 are analyzed. The reflection of the struggle of the Kazakh people in the works of foreign researchers D. Bulger, A. Kraus, J. Skyler is considered.

Keywords: national liberation movement, Kazakh steppe, Russian Empire, historiography, view, officer, national intelligentsia, foreign researcher.

Кіріспе. Ғылыми талаптарды жан-жақты меңгерген сайын тарих ғылымындағы зерттелмеген мәселелер айқындалып, ол алдыға жылжиды. Тарихнама арқылы қарастырылатын белгілі бір ғылыми бағыттың аз немесе зерттелмеген тұстарын айқындауға мүмкіндік туады. Тарихнама ғылымтанушылық рөл атқара отырып, нақты тарихи зерттеулердің негізгі жетістіктерін талдай келе шындықтың аса маңызды жақтарын тұтастай көрсетіп береді. Тарихнаманың тағы бір ерекшелігі осы ғылым саласы арқылы белгілі бір мәселенің зерттелу деңгейін анықтап қана қоймай, сол мәселе ауқымында жаңа, тың тақырыптар айқындалып, зерттеушілерге ұсынылады (Мұхатова, 2016). Тарихнамалық талдау неғұрлым терең, жан-жақты жасалса, соғұрлым мәселенің мән-мазмұны, зерттелу бағыттары мен үрдістері барынша анықталады, зерттелуге тиісті тың тақырыптар молаяды. Тарихнама ғылым саласы айтылғандармен қатар тарихи зерттеулердің проблемасын, оның дамуы мен кенеюін талдау, тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық ережелері мен тәжірибесін қолдануды сараптау, тарихи еңбектердің деректанулық базасын, деректерді пайдаланудың сипатын, зерттеудің нақты әдістерін таразылаумен де айналысады (Мұхатова, 2009). Осы тұрғыдан келгенде XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының зерттелу деңгейін, тарихнамалық деректер мен фактілердің мәнін

анықтау Ұлы Дала Елінің еркіндігі үшін күресінің болашақта зерделенуге тиіс қырларын айқындауға мүмкіндік тудырады.

Әдістері. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының зерттелу деңгейін және зерттелмеген тұстарын анықтауда тарихнама ғылымының методологиялық негіздері қолданылды. Тарихнамалық талдау жүргізуде ғылымның негізгі заңдылықтарына арқа сүйелді. Ғылымдағы тарихилық, объективтілік және әлеуметтік қағидалармен қатар тарихи-салыстырмалы, нақты және логикалық талдау, ретроспективті, мерзімдемелік, өзектілік әдістері пайдаланылды. Тарихнамалық деректер мен фактілерге баға беру тарихнамалық талдау арқылы жүргізілді. Тарихнамалық талдау жасауда ғылымдағы эволюционизм, функционализм, модернизм ғылыми бағыттары тірек пункттері ретінде қолданылды. Автор Ұлы Дала Еліндегі азаттық қозғалыстарды зерттеушілердің еңбектеріне баға беруде ұлттық мүддені, бірегейлік ұстанымдарын, сонымен қатар отандық тарих ғылымында орныққан эталондық тарихнамалық фактілер басшылыққа алынды.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеудің кезеңдері

Ұлы Дала Елінде Ресей отаршылдарына қарсы Сырым, сұлтан Қаратай Нұралыұлы, Арынғазы Абылғазыұлы, Жоламан Тленшіұлы, Қайыпқали Есімұлы, Саржан Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған, 1869-1870 жылдары Орал, Торғай облыстарында, Маңғыстауда және Жетісуда ұлт-азаттық қозғалыстар орын алды. XX ғасырдың бас кезінде ұлт зиялылары тәуелсіз мемлекетті құру және жариялау үшін күресті. 1916 жылы азаттық күрес өз жалғасын тапты. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі ғасырлар бойы жүргізіліп, түрлі сипат пен мазмұнда өрістеді. Азаттық күрестің нәтижесі Қазақстанның 1991 жылы өзінің саяси тәуелсіздіне қол жеткізумен ақталды. Осынау тар жол тайғақ кешудегі қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы азаттық күресі тарихи, ғылыми, ауызша әдебиеттерде көрініс тапты. Ең алғашқы еңбектер XVIII ғасырдың бірінші жартысында пайда болды. Ұлт-азаттық қозғалыстарға арналған ғылыми зерттеулер күні бүгінге дейін жариялануда (Игибаев 2003). Мәселенің жекелеген аспектілеріне тарихнамалық талдау жасалып, арнайы зерттеулер жүргізілген. Сондай зерттеулердің бірі – Г.Д. Мухтарованың «Национально-освободительная борьба казахского народа в последней четверти XVII – 70-е годы XIX в.в. (актуальные проблемы историографии)» атты диссертациясы (Мухтарова, 1997). Өз кезегінде тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияда қазақ халқының XVII–XIX ғасырдың 70-жылдардағы ұлт-азаттық күресі тарихының төңкеріске дейінгі, кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі тарихнамасы талданған. Жұмыста тарихнамалық баға берілген деректер ауқымы кең, алайда диссертация 1997 жылы қорғалғандықтан сол уақытқа дейінгі еңбектер қарастырылған.

С.К. Игибаевтың «Историография истории Казахстана» деген оқулығында қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихына қатысты еңбектерге қысқаша сипаттама жасап, мәселені зерттеудің кезеңдерін көрсеткен. Автордың пікірінше, «Қазақстандағы XVIII ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының тарихнамасын шартты түрде 4 кезеңге бөлуге болады: төңкеріске дейінгі кезең; XX ғасырдың 20-40 жылдардағы тарихнама; XX ғасырдың 50-80 жылдардағы және XX ғасырдың 90-жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі тарихнамасы» (Игибаев, 2003: 280). Дегенмен мұндай тарихнамалық мерзімдеме мәселенің зерттелу деңгейін терең анықтауға мүмкіндік бермейді деп санаймыз. С.К. Игибаев ұсынған төңкеріске дейінгі азаттық қозғалыстар тарихының тарихнамасында ұлт зиялыларының еңбектері назардан тыс қалған. Мәселенің XX ғасырдың 20-40 жылдардағы зерттелу деңгейі толық анықталмаған. Проблеманы бұдан кейінгі кезеңдерде зерттеу бағыттары үстірт қарастырылған. Осыған орай ұлт-азаттық қозғалыстар тарихнамасын терең талдау үшін оның мерзімдемесін

нақтыландыру қажеттілігі туындайды.

Айтылғандарды қорытындылай, азаттық қозғалысының тарихына қатысты еңбектерді жүйелей келе, мәселенің тарихнамасын шартты түрде бес кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – XVIII ғасырдың бірінші жартысы – XIX ғасырдың екінші жартысы. Ұлт-азаттық қозғалыстардың орын алуы және өрістеуіне байланысты еңбектер аталған уақытта жариялана бастады. Екінші кезең XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезі. Әскерилердің, түрлі экспедиция мүшелерінің, шенеуніктердің және ұлт зиялыларының еңбектері осы уақытта дүниеге келді. Үшінші кезең – XX ғасырдың бірінші жартысы. Ғылымда кеңестік идеология орнықпай тұрғанда бірқатар зерттеулер жарияланды. Азаттық күресі шынайы және «аз зұлымдық» теориясы аясында зерттелді, сондықтан да бұл кезеңді екі сатыға бөлу арқылы қарастыруға болады: бірінші сатысы - 1920-жылдар, екінші сатысы – 1930-50-жылдар. Төртінші кезең – XX ғасырдың 60-80 жылдары. Бұл кезеңде азаттық күрестің тарихы таптық бағыттың ауқымында бұрмаланып зерттелді. Бесінші кезең – XX ғасырдың 90-жылдары – XXI ғасырдың бас кезі. Посткеңестік кезеңде мәселе қайта зерделенді, тың деректер ғылыми айналымға түсірілді, шынайы тустары ашылды, қайшылықтары көрсетілді.

Енді осы көрсетілген кезеңдердің XVIII ғасырдың бірінші жартысы – XIX ғасырдың екінші жартысы аралығын қамтитын бірінші кезеңіне жататын тарихнамалық деректер мен фактілерді талдауға көшейік.

Сардарлар еңбектері. XIX ғасырдың орта кезінен орыс және шетел зерттеушілері қазақ халқының азаттық қозғалысына назар аудара бастады. Алайда көрсетілген кезеңнен ертерек жарияланған зерттеулер де баршылық. Сондай еңбектердің бірі А.И. Левшиннің «Қырғыз-казак немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» зерттеуі. Бұл еңбегінде ол Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс турасында жазды. Сырымның әрекетін «қырғыз-казак халқының маңызды төңкерістері үшін» қару және шекаралық бекіністерге тонаушылық жорықтарын ұйымдастырушы ретінде қарастырды (Левшин 2009). «Белгісіз» Сырым Датұлын қарқшы етіп «Независимо от сего нападения пограничные жители России в других местах тогда же были разоряемы такими киргиз-казаками, которые грабили не мщения, но толко по жадности своей к корысти. Между ними отличался некто Сырым-батыр» (Левшин 2009:260), - көрсетті. Қазақтардың жорықтары А.И.Левшиннің пікірінше, «шекаралық орыстардың қорлықтары, тіпті зорлықтарының салдарынан туындаған мәжбүрлік». Бұдан оның Ресей самодержавиесінің саясатын жақтаушысы болғандығы анық көрінеді.

1792 жылы Сырым «Ресейге салтанатты түрде соғыс жариялады» деген пікірінен көтерілістің ауқымы мен маңызын аңғаруға болады. Тарихшы ауқатты, батыр тұлға былай тұрсын Сырымды жағымсыз адам ретінде «Все поступки Сырыма показывают, что он был человек с диким, беспокойным, мстительным, но сильным характером и с редкою предприимчивостию. Прославив себя между наездниками, он не замедлил отличиться и в совете, собранном для водворения общего спокойствия, когда увидел в оном новые и блистательнейшие для выгоды» (Левшин, 2009: 264), - деп сипаттаса, жасағына «Приверженцы Сырыма в угождение ему и в удовлетворение собственного корыстолюбия не только делали хану явные оскорбления, но, наконец, напали на его аулы и разграбили найденное в них имущество» (Левшин, 2009: 264), – деген баға берді.

Одан әрі А.И. Левшин 1797 жылдың қарашасында Сырым батыр Краснояр форпосты түбінде Есімге шабуыл жасады, зұлымдықпен өлтіріп оның мүлкін тонады, батыл зұлым Ресейге қарсы істері үшін жазадан құтылып кетті» (Левшин, 2009: 266), А.И.Левшиннің баяндауларынан және тұжырымдарынан оның қазақ халқының азаттық күресінің мәнін бұрмалап, даланың біртұтастығы үшін арпалыстың қажеттілігін қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтармен және билеушілердің мүдделерімен байланыстырғандығы байқалады.

Патшалық Ресейдің арнайы тапсырмаларымен қазақ даласында зерттеулер жүргізген орыс сардарларының назарынан халықтың азаттық күресі тыс қалмады. Сардарларды Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісі жөнінде өз пікірін білдірген және баға бергендердің бірі М. Красовский. Ресейдің Орта Азиядағы «өркениеттік рөлін» жақтаушылардың бірі ретінде сардар қазақ даласына орыс заңдарын және билігін енгізуді прогрессивті құбылыс деп санады (Красовский, 1868) Орта жүзде әскери статистикалық зерттеулер жүргізген сардар Кенесары сұлтан бастаған қазақтардың көтерілісін «далада өмір сүріп тұрған құрылымды және тұрғындардың еркіндігін» (Красовский, 1868:8). сақтап қалуға ұмтылыс деп санады. Мұндай көзқарас өз кезеңі үшін айтарлықтай жаңа болып саналды. Десе де «далада қажетті құрылым жасалмаған, көшпенділер өзінше еркін» деген түсініктегі сардардың пікірінше «түрлі тайпалардан құралған далалық одақта өздерінің дербестігін сақтап қалуға қажетті барлық жағдай болмады». Соған қарамастан «халық бөтен биліктің тәуелділігіне қарсы тұрудың да себептері болмады» (Красовский, 1868:5). Дегенмен үнемі көтерілістер болып тұратын «даланың ішінде тұрақты әскери резервті ұстап тұру қажет» (Красовский, 1868: 9).

Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыстарға шолу жасап, өзіндік көзқарас танытып, пікір білдіргендердің бірі – Л. Мейер. Азаттық қозғалыстарды патшалық Ресейдің жаулап алу саясатының ауқымында баяндады. Жаулап алудың бірнеше кезеңдерін көрсете келіп, алғашқы 1730-1812 жылдар аралығындағы кезеңін С. Датұлы бастаған көтеріліспен ұштастырды, алайда Сырымның күрескерлік қызметі оның назарынан тыс қалды. Наразылықтың «себепін хандарды хандарды халықтың сайлауы арқылы емес, үкіметтің нұсқауы арқылы тағайындалғандығымен» түсіндірді (Мейер, 1865). А.И. Левшин тәрізді ол да Кіші жүздегі XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың басында орын алған оқиғаларды билік үшін түрлі үміткерлердің, әсіресе Қаратай сұлтанның хан атағын алу үшін күресі ретінде жеткізді. Л. Мейер еңбегінің артықшылығы да, кемшілігі десе болады, ол қазақ даласындағы XIX ғасырдағы барлық көтерілістерді қамтуға тырысқан, алайда оларға үстірт тоқталды. Ол Жоламан, Есет, Жанқожа бастаған көтерілістер туралы қысқаша жазды. Кіші жүздегі Есет Көтібарұлы және Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтерілістердің себептерін талдады және 1855-1858 жылдардағы Арал теңізі өңірі мен Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы әскери қимылдарды баяндады. Автор көтерілісшілердің қимыл-әрекеттерін Есет батырдың аға сұлтан Ә. Жантөреұлы жасағына шабуылымен шектеген. Дегенмен әскери маман XIX ғасырдың бірінші жартысында халық наразылықтарының қарқынды жүргеніне алаңдап, орыс үкіметі үшін басты қауіп қазақтарға Хиуа тарапынан көмек деп білді. Көтерілістердің салдары ретінде жазалау отрядтарының қимылдарын баса көрсетті.

Төкеріске дейінгі орыс тарихнамасында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаншуға арналған жазалаушы отрядтардың әрекеттері баяндалған еңбектер басым. Осындай мазмұндағы В. Потто, М.И. Венюков және т.б. еңбектері жарық көрді. М.И. Венюков қазақ халқының азаттық көтерілістеріне тоқтала келіп, солардың арасында Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісті «маңызды қарулы көтеріліс» ретінде бөліп көрсетіп, «К.Қасымовтың кезіндегі толқулар өзінің апогейіне жетті» деп жазды. Кенесарының жергілікті жердің ерекшеліктерін жетік білгендігі және оны шайқастар кезіндегі шеберлікпен қолдана алғандығы сұлтанның Ресеймен соғының ұзақ уақыттарға созылуына ықпал еткендігін атап айтты (Венюков, 1875). Бұдан орыс үкіметінің мүддесін көздеген автордың Кенесарының көрнекті тұлғасын мойындағандығы анық көрінеді.

Сырдария қазақтарының көтерілісін қысқаша сипаттаған Н. Маев 1857 жылы 9 қаңтарда болған негізгі шайқасқа мән берді. «Жанқожа батыр шабуыл жасаушылардың алдында болып, оларды рухтандырды. Нашар қаруланған қазақтар ұзақ қарсыласа алмады, көп ұзамай кері шегінді». Н. Маев қарапайым халықтың арасынан суырылып шыққан және қазақтарды қоқандықтардың ығыстырылуынан

қорғаған Жанқожа Нұрмұхамедұлын қайратты және шыншыл адам ретінде сипаттады.

С. Турбин, М.И. Иванин тәрізді зерттеушілердің пікірлерінше көтерілістер казак сұлтандары мен батырларының арасындағы бақталастықтан туындап отырған. Әсіресе осы жағдай Есет Көгібарұлының баскөтеруіне алып келген. «Воспоминания о степном походе в ханства Хиву и Бухару» деп аталатын мақаласында «Орынбор губернаторының ұсынысымен билеуші қызметін А. Джантурин алды. Бұл орынды оған лайық Есет батыр иеленуі тиіс еді. Оның мақтанш сезімі қорланды, қырғыздың қызу қанды болмысы бұған шыдай алмады, кеудесін кек пен қан төгу кернеді» (Мухтарова, 1997:29). М. Иванин Исатай Тайманұлы бастаған көтерілісті сипаттап, оның себептерін өзінше пайымдады. Оның пікірінше, наразылықтың орын алуына Жәңгір ханның ішкі ордадағы жерлерге өзінің меншігі ретінде қарап, 20, 80, 150 мың және одан да көп десятина ірі жер иеліктерін берді. Нәтижесінде тұрғындардың негізі 2 млн. десятина жерді қамтитын мардымсыз шектеулі кеңістікте көшіп-қонды. Автордың баяндауынша старшина И.Тайманұлы бастаған қазақтардың генерал Перовскийге үндеуі назардан тыс қалған. Көтерілісшілердің нақты саны аталмаса да олардың өте көп болғандығы туралы жазды» (Мухтарова, 1997:31). М. Иванин тұңғыш рет Бөкей ордасындағы көтеріліске ықыласпен қарады. Ол көшпенділердің бұдан өзге наразылықтарының түрлерін: басқа жаққа көшіп кету, салық төлеуден және өзге де міндеткерліктерден бас тару көрсетті. Бұл еңбектің басқа зерттеулерден ерекшелігі сонда, автор үкіметтің назарын казак даласындағы әрекеттерін қарудың күшімен емес, сауда-саттықты және бейбіт қарым-қатынастарды дамыту арқылы икемділікпен жүргізу қажеттілігіне аударды (Мухтарова, 1997:32).

Н. Серед және оның *тұжырымдары*. Орынбор қалалық думаның төрағасы қызметін атқарған Николай Акимович Середаның «Бунт киргизского султана Кенесары Касимова (1838-1847 г.г.)» деп аталатын еңбегі қазақтардың азат қозғалысынан біраз мәліметтер береді. Еңбек тұңғыш рет «Вестник Еворпы» деген журналда 1870 жылы жарияланып, үш бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде Қайыпқали Есімұлы сұлтан, Жоламан Тленшіұлы, Исатай Тайманұлы бастаған, 1822-1836 жылдар аралығын қамтыған ұлт-азаттық қозғалыстар толқулар түрінде қарастырылды. Сонымен қатар Н.А. Серед Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісіне біршама кеңірек тоқталып, көтерілісшілердің үндеулерін, хан Кененің саясатын, «қазақ даласын Ресейден бөліп әкету ұмтылысын, Қоқан хандығын бағындыру үшін Бұқар хандығымен жақындасуын» ашып көрсетті. Екінші бөлімінде Оңтүстік Сібір генерал-губернаторлығына қарсты қазақ даласындағы «тәртіпсіздіктер», Ресейдің Кенесарыға қатысты саясатындағы өзгерістер туралы айтылды. Үшінші бөлімі 1843-1845 жылдардағы оқиғаларды баяндауға, 1843 жылдың күзінде ұйымдастырылған экспедиция жұмысын және оның салдары көрсетуге арналды (Серед, 1992). «Қырғыз сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» кітабының авторын еңбегінің мазмұны бойынша академиялық бағытқа жатқызуға болады, себебі Н. Середаның жинақтаған материалдары оның қазақ халқының тарихын, сонымен бірге қазақ даласын отарлауға қарсы әр уақытта көтеріліс ұйымдастырған қазақ батырлары туралы терең білімін дәлелдейді. Н. Середаның зерттеуінің құжаттық материал ретінде маңызы зор. Объективті шындыққа сүйену мен ХІХ ғасырдың 30-40-жылдарындағы тарихи кезенді жүйелі шолу кітаптың басты құндылығы болып табылады. Мұндай фактілерден автордың патша үкіметін, не болмаса Кенесарыны жақтау байқалмайды. Тек қана тарихи фактілер жүйелі баяндалған» (Сүтеева, 2003:186) Н. Середаның есімі қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеген орыс ғалымдары мен саяхатшыларының арасында аталмайды. Дегенмен жинақтаған құжаттық материалдардан оның отаршылдық саясатқа қарсы бас көтерген қазақ халқының тарихын терең білетіндігі байқалады. Сонымен қатар автор І Петр билік еткен

кезеңнен бастап қазақ-орыс қатынастарының тарихи желісін сабақтайды. Кенесарыға дейін қазақ даласында өткен көтерілістердің себептерін анықтап, басшыларына қысқаша сипаттама берген. Н. Серета Қайыпқали, Жоламан, Исатай және Махамбет көтерілістерін жеткілікті зерттеген. Кіші жүдің адай руы туралы қызықты мәліметтерді келтірген. Еңбектің мазмұнынан Н. Серетаның Кенесарыны мемлекет қайраткері ретінде бағалағандығы анық көрінеді. Бұған автордың мына төмендегі сипаттамасы дәлел болады: «Кенесары Қасымов сұлтан арғы аталары Абылай сұлтаннан тарады. Бұл батыл, жігерлі, мирасқорлық кек алу рухында тәрбиеленген, жеңілген жауына қатыгез, ... Бір сөзбен айтқанда, Кенесары өзінің жасағына лайықты әмірші бола алды. Жасағын рухтандыруы еуропалық кез келген қолбасшының қызғанышын тудырап еді, Кенесары осындай еді! Иә, бұл адам, жалпы айтқанда, көрнекті тұлға болды, және басқа жолмен тәрбиеленгенде одан керемет мемлекет қайраткері шығар еді» (Серета, 1992:6). Ол Кенесарыны Ресей империясының саяси қарсыласы және оның ұзақ жылдарға созылған күресін қазақ халқының тәуелсіздікті қалпына келтіру жолындағы соғысы ретінде мойындады.

Н. Серета ұлт-азаттық қозғалыстың өзінше тұжырымдады. Оның басты себептерінің бірі жер мен халықтың біртұтастығын сақтап қалу екендігін жасырмады. Осыны ол былайша жеткізді: «Кенесары, как раво и другие киргизы привык считать всю степь своим достоянием, а в недалеком будущем им грозило разделение степи на уезды. Даже в то время русская администрация указывала местность: где и какой род должен был кочевать. Такое вмешательство русского начальства, конечно, не нравилось кочевникам, и они всячески старались отделяться от него» (Серета, 1992:7). Келесі себебі «үкімет реформаны халықтың атынан сөйлейтін депутаттарсыз, қазақ халқы туралы ешқандай түсінігі жоқ шенеуніктермен кабинетте отырып жасады».

Н. Серета Кенесарының Ұлы Даланың дербестігін Хиуаға вассалды тәуелділікте болу арқылы сақтап қалғысы келген деген ой танытты. «Взоры их в этом случае всегда обращались к единоверной им Хиве, ханы которой обещали ордынцам сохранять ненарушимо вольность киргизского народа, если кайсаки – отложась от России, - признают над собой власть хивинских владык. Поэтому и султан Кенесары видел спасение кайсацкой вольности лишь в соединении киргизских орд с Хивой. Он был уверен, что приняв звание хана касакских орд от хивинского владельца, он будет лишь его вассалом, платя Хиве незначительную дань (зьякет) и помогая фойсками в случаях войны, Кенесары надеялся играть во всем остальном роль самостоятельного властителя» (Серета, 1992:30), - дегені осының айғағы.

Он жылдай уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалыстың салдарын Н. Серета дөп басып көрсете алды. Бұл қозғалыстың қазақ даласы мен Орталық Азияның кейінгі жағдайына тікелей әсерін «Так кончил свою жизнь выдающийся человек, жизнь и дела которого дали поучительный урок оренбургской администрации, указав ей путь, по которому она должна была следовать в политике со стороны Средней Азии» (Серета, 1992:9), - деп жазды.

Орыс зерттеушілерінің пікірлері

Н. Коншин хан Кенеге жоғары баға берді. «Кенесары Қасымұлы қырғыздардың Құдайменді Газин, Сыбанқұл Ханқожин сияқты т.б. көсемдерінен әлдеқайда биік тұрған көрнекті адам болды. Олардың барлығы қырғыздардың рулық қарым-қатынастарының тар шеңберінен шыға алмады, тайпаларға және тіпті ордаларға бөлінбейтін барлық қырғыздардың саяси бірлігі туралы армандаған Кенесары Қасымұлын ғана қырғыз халқының нағыз «Батыры» деп атай аламыз. Оның қаза болуынан кейін орыс билігі қырғыз даласына кең адыммен тарай бастағаны соншалық, он жылдан аз-ақ асқан уақыт ішінде Ресей үкіметінің сұлтандар билігін жойып, 1822 жылғы кең танымал «қырғыздар туралы уставтан» «басқа жаңа Ереже» енгізуіне мүмкіндік туған болатын» (Сүтеева, 2003:189).

Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысқа қатысты құжаттар жинағын жинап

бастыру ісі де осы мезгілде қолына алына бастады. 1908-1915 жылдар аралығында Ташкентте Ресей соғыс істері министрі А.Н. Куропаткиннің тапсыруымен полковник А.Г. Серебренников «Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания» деген атпен 14 томдық құжаттар жинағын бастырып шығарды. Осы көптомдықтың алғашқы бес томында Кенесары хан бастаған қозғалысқа қатысты 176 құжат жарық көрді. Егер осы алғашқы кезеңде дайындалған еңбектер болмаса бұл азаттық қозғалыстың тарихы терең зерттелмес еді (Қойгелдиев, 2003:3).

1836-1838 жылдары Бөкей ордасында Исатай Таймановтың басшылығымен көтеріліс жасалды. Осы көтерілістің жай-жапсарын баяндауға Н.Ф. Савичевтің еңбегі (Савичев, 2006) арналды. Еңбегінде ешбір тұжырым орын алмаған, әдеби шығармаға ұқсас жазылған. Автордың өзіңдік пайымдаулары басым. Мәселен, «Последующими действиями Исатая Тайманова руководила исключительно личная месть. Теперь он не был окружен ореолом защитника прав и интересов киргизских; теперь он был озлобленным человеком за личные обиды» (Савичев, 2006:337), - деген пікірі - біріншіден, оқиғаға сырткөзбен қараған, екіншіден, көтерілістің мақсатына қанық емес адамның пайымы. Ал Қайыпқали Есімұлының ел тұтастығын сақтауға бағытталған күресін тек мансапқорлықпен байланыстырды. Мұны Н.Ф. Савичевтің мына бір сөздерінен көруге болады: «Но султан Каип-Галий, с которым он связался был вреднее его, как претендент на ханство. Полное имя его Каип-Галий Ишимов; он был из дома Каипа, члены которого занимали престол хивинский» (Савичев, 2006: 337). Исатай мен Қайыпқали сұлтанның бірігіп, отаршылдыққа қарсы күресінің өңін айналдырып, шовинистік көзқарастағы пікірін бүкпесіз жеткізді. «Каип-Галий и Тайманов с шайкою возмущенных ими киргиз в числе 200 человек пришли к устью р. Киила. Эти два союзника были в согласии только наружно, в уме же каждый из них преследовал свою цель» (Савичев, 2006: 338) - дегені осының айғағы. Н.Ф. Савичев Исатай мен Қайыпқали сұлтанның ішкі саясатын білетін адам тәрізді олардың әрқайсысының дйттеген мақсатын өзінің ойынша пайымдады. «Исатай мен Қайыпқали амалдың жоқтығынан бірін бірі тәзіп бақты. Оңтайлы сәт туса олар ажырап кетер еді. Қайыпқали Есімұлы абайлап әрекет жасауды көздеді, ал Тайманов ош алуды көздеді» деген баяндауынан қазақ халқының дәстүрінен алшақ, оның әлеуметтік ерекшеліктерінен хабарсыз адамның көтеріліс басшыларына берген бағасын бағамдауға болады. Автор көтерілісшілерді «ашулы, авантюрист, қайдағы алаяқтар» деп атады. Осындай «жағымсыз» топтардың көп ұзамай басып-жаншылатынына ерекше назар аударды. «К своему несчастью, ни Каип, ни Тайманов не знали ы выступлении отряда полковника Геке для соединения и общего действия с султаном правителем, и Тайманов уверял киргизов своей шайки как о вещи, ему известной, что при султани Баймухамеде находятся из русских только казаки его всегдашней команды и ручался им своею головою, что султан ниоткуда подкрепления не получит, и им легко будет одержать верх над его отрядом, а потом и с остальными аулами справиться» (Савичев 2006: 339), - деген тұжырымының астарында орыстық пиғылдың жатқанын аңғару қиын емес.

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясы бойынша мәліметтер жинақтаған орыс зерттеушілері де ұлт-азаттық қозғалыстар тарихынан тыс бола алмады. Олар сұлтандар бастаған қозғалыстардың ерекшеліктерін анықтауға ұмтылды. Мәселен, А.И. Добросмысловтың пікірінше Арынғазы сұлтан «өзінің ру-тайпаластарын біріктіріп, оларды дінсіздердің ықпалынан қорғауға тырысты» (Мухтарова 1997:41). XIX ғасырдың ортасында патша үкіметіне қарсы мықты оппозицияда шекті руының батырлары Жанқожа және Есет тұрды. Олар «бөтен біреулердің билігіне бағынбай көршілес руларға ықпалын тарата отырып өздерінің қалауынша билік құрды» (Мухтарова 1997:41).

Ұлт зиялыларының тұжырымдары. Шоқан Уәлиханов Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті айналып өтпеді. Халқының болшағына алаңдаған

патшалық Ресейдің хандық билікті жойып, даланы округтерге бөліп, билік тізгінін империя шенеуніктеріне беруі наразылық тудырмай қоймайтындығына назар аударды. Наразылықтың салдары 1825 жылы Қасым сұлтанның, одан кейін оның ұлдары Саржан мен Кенесарының бүлік шығарып, 1846 жылға дейін аласапыран тудырғандары туралы жазды (Валиханов, 1985:312).

Қазақ халқының азаттық күресінің баяны ұлт зиялыларының еңбектерінен де көрініс тапты. Алаштың біртуар азаматы, XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі - Әлихан Бөкейханов өзінің монографиялары мен мақалаларында Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс, 1916 жылғы көтеріліс туралы жазып, өз пікірін көрсетті. Мәселен, «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» деп аталатын монографиясында тәуелсіздікті қайтаруға ұмтылған хан Кененің күресіне тоқталып кетті. Көтерілістің орын алуының себебін де дәл көрсетті. «Киргизы, никогда не знавшие верховной власти, которую немисливо было создать в вольной степи, где искони традиционная форма власти сосредоточивалась в руках самоуправляющегося рода и его вожаков, в XIX веке вошли в состав населения степных областей. Признав свою зависимость от русского правительства, киргизы не сразу помирились с этим положением и даже пытались потом снова восстановить свою независимость, но эти попытки закончились неудачей» (Букейханов, 2009: 417), - дегені айтқанымыздың дәлелі. Барша қазақты бір тудың астына жиюға ұмтылған Кенесарының күресіне сын көзбен қараған Әлихан оның даңқын да, озбырлығын да көрсете алды. «В сороковых годах XIX века Киргизская степь в последний раз вспомнило старину. Внук Аблай - хана Кенесары Касымов, затмивший в народных сказаниях славу своего популярнейшего деда, собрал несколько тысяч наездников из представителей недовольных и, объявить себя восстановителем былого величия киргизского народа, пытался поднять под свое знамя весь киргизский народ. Огромная масса кочевого населения осталось однако, равнодушной и воззванию Кенесары» (Букейханов, 2009: 417) – деген тұжырымынан сұлтанның ұстанымын барлық рулар мен тайпалардың құптамағандығы байқалады. Дегенмен Ә.Бөкейханов Кенесарының айналасындағы жақындары мен пікірлестеріне жағымды көзқараспен қарайтындығын жасыра алмаған. Оған мына бір тұжырымы арқылы көз жеткізуге болады: «Но смелость и удалство, обнаруженная его братом Наурызбаем и товарищами последнего, завоевала симпатию населения, которое, не выражая активно своего сочувствия, постоянно оказывало покровительство людям Кенесары, спасая их от преследования русских отрядов» (Букейханов, 2009: 417). Осындай жағдайдың арқасында Кенесары жеті жыл бойы хан тағында отырған деп санады. Еңбегін Әлихан Орыс императорлық география қоғамы өзінің Батыс Сібір бөлімінің толық мүшесі ретінде дайындады. Ол 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық альманахтың «Киргизский край» деген ХУІ томына еніп, Санкт-Петербурдан жарық көрді. Мұның өзі Алаш жетекшісінің тарихты зерттеуде ұлттық бағытты толық ұстануға мүмкіндігін шектеулі болғандығынан хабар береді.

Әлиханның асыл мұрасының арасында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жөніндегі еңбектер ерекшеленеді. Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қарулы көтеріліске шыққан Кенесарының түпкі мақсат-мүддесін, қозғалыстың жеңіліске ұшырау себептерін ашып жаза алмаған Әлихан Бөкейханов бұл тақырыпқа 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты кітапшасында қайта оралды. Көтерілістің көздеген мақсат-мүддесі оған бір жағынан үлгі болса, екінші жағынан жеңіліске ұшырауы үлкен сабақ болғаны хақ. Кенесары-Наурызбай қозғалысының бүкіл халық арасынан қолдау таба алмағандығы, көтерілістің жеңіліске ұшырауы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермеледі.

1926 жылы Мәскеуде Әлихан Нұрмұхамедұлының Шестаковпен бірлескен «Қыр баласы» бүркеншік есіммен көрсетілген еңбегі жарық көрді. Қыр баласы дегенге қарағанда жарияланым 1926 жылдан ертерек жазылған тәрізді. Еңбекте көтерілістің басты себебі болып патшалық Ресейдің І дүние жүзілік соғысқа араласуының барысында қазақ елінің экономикалық жағдайының нашарлауы саналды. Өзі өмір сүрген уақытта көзімен көргендерінің негізінде бұл тұжырымды нақты дәлелдермен бекітті. «1916 жылы сансыз жігітті соғыста өлтірді, қолы, аяғы жоқ, ақылдан адасқан мешел де мүгедек қылды, ел шаруасы ойрандалды, соғыста ерлер өліп, елде шаруа күйзелді, жетім бала, жесір қатын, шал-кемпір көзінің жасы көл болып, жұртта қалған ботадай боздады. Ет, нан өзге марттағыдай тапшыланды, жұттағыдай жоғалды. Базардан алатын пұл да зая барыпдөн асты. Сом да елу тиын боды. Теміржолмен соғысқа әскер тасып, ел жаяу да қалды» (Шестаков 2013: 330). Халықтың әлеуметтік-тұрмыс жағдайының төмендеуі көтеріліске алып келгендігі хақ. Ә.Бөкейхановтың баяндауынша, «соғыс басталған кезде бүкіл қазақ-қырғыздың үштен екі бөлегі кедей еді. Орта шаруа күннен күнге кемиді. Шаруасы күшті аз бір бөлегі аяққа басып, өзіне жол салып, байларға қосылады. Қалғаны бұзып-жарып, барлы-жоғынан айрылып, кедейдің санын көбейтті (Шестаков 2013: 333). Көтерілістің бүкіл қазақ даласын былай қойғанда Орталық Азияны тұтастай қамтығаны белгілі. Әлихан осыны мағынасы терең сөздермен жеткізді. «Түстікте Қантәңіріде, Арқада Тобылға дейін, батыста Астраханнан шығыста Алтайға дейін үйінен өрт шыққандай Алаштың ұлы қозғалды. Ерлері ұйқы да жоқ, дамыл да көрмей қала барып, дала барып тоқым кеппей жорытады». Көтерілістің барысын көрсетуі де назар аударарлық. «Кей сел Сарыарқаны тастап аумақ та болады. Қарқаралы оязында Бақанастан Қожагелді керей Қытайдағы абақ-керей барам деп ауады. Текеде, Қостанайда, Атбасарда, Қарқаралыда ел болыстарын сабайды, жарады, өлтіреді. Патшаның жарлығын болыстардан көреді. «Елді орысқа жердей сатқан сендер!» дейді». Көтерілістің аяусыз басылып, жаншылуын да патша өкіметінің отарлау саясатымен жай ғана байланыстырып қоймай, империяның соғыстағы сәтсіздіктерімен де ұштастыра алды, патшалық Ресейдің әрекетін сайқымазақ етті. Қарусыз халықты қырып, шаңырағын ортаға түсіріп, қора-копсысын қиратып, малын айдап әкеткен патша әскерінің қиянаттық іс-әрекетін сынады. «Қазақ патшаға қарсы атқа мінді деп Сарыарқада, Ақмолада, Текеде, Торғайда, жетісуда жандаралдар, әскер басы – төрелер шығады. Қарусыз елді қойдай айдап, жердей таптап, жаудай тонайды. ... Патша әскері немістен көрі қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді» (Шестаков, 2013:334). Ұлттың біртұтастығының көрінісі ретінде хан сайлау дәстүрінің қысқа мерзімде орын алып, сол үшін халықтың аяусыз қырылғанын Әлихан ашық баяндады. «Қысқа қарсы Торғай елі Ғабдығаппарды хан сайлап, патшаға қарсы соғыс ашты. Батыстағы қанжауын соғыстан қашқан орыстың сойқаны қазақ-қырғызбен соғысуға жерік болды. Торғайдың елін шауып, он мыңдаған әскер қыста елде болды» (Шестаков, 2013: 334). Көтеріліс отаршыл биліктің алапауыт жазалаушы отрядына қарсы тұра алмай жеңіліске ұшырады. Дегенмен оның тарихи маңызы зор. Әлихан Бөкейханов осы оқиғадан сабақ алуды басты назарда ұстады. Қазақ халқының өзінің бостандығы мен азаттығы жолында күресе алатын, ұлттық бірегейлігін қамтамаса алатын ел ретінде көрсете алғандығын Алаш көсемі «Өзге жердегі қорлықтан ел де 1916 - ыншы жылғы қазақ-қырғыздан тәлім алса, өзін құлақкесті құл қылған өкіметке қарсы көтерілді. Қазақ-қырғыз осы көтеріліске көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекте қандай ел екенін білдіреді» (Шестаков, 2013:338), - деп бағалады. «1905-інші жылғы Мәскеудегі жұмысшы көтерілісі де жұмысшыны көп шығындатқан. Осы көтеріліс келешекке үлгі болады. Мұны одан да жақсы өткізіп, онан да қатты жауға қарсылық керек еді деп Ленин айтқан. 1917-інші жылғы өктәбір (қазаннан) 1905-інші жылғы декәбірден (желтоқсаннан) тәлім алған. Қазақтың 1916-ыншы жылғы көтерілісін де осылай ұғыну керек» (Шестаков 2013:338), -

деп тұжырымдады. Бұл - азаттық үшін күрестен бас тартпайтын ұлт өкілінің көзқарасы. Бостандық жолындағы күрестің құрбандықсыз болмайтындығын тарих әуелде-ақ дәлелдеп қойған. «Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босмайды, ер құлдықтан, әйел күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды» (Шестаков 2013:339), - деген Әлихан пайымы оны тағы да бекіте түсті. Дегенмен Алаш көсемі 1916 жылғы көтерілістің ұлт-азаттық сипаты туралы анық пікір танытпады. Бұл түсінікті, себебі ұлт зиялылары қазан төңкерісін, кеңес өкіметін қолдамағанымен оған ашық қарсылық білдіре алмады. Пролетариат диктатурасы жағдайында ұлт мүддесінде өз пікірлерін ашық айта алмағаны да хақ.

Ұлт-азаттық қозғалыс мәселесіне ерекше ынтамен назар аударғанның бірі - Халел Досмұхамедұлы. Алаш ардақтысы ұлт-азаттық қозғалыстардың шығуы мен өрістеуіне кенінен тоқталды. Х. Досмұхамедұлы С. Датұлы, И. Тайманұлы, К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстардың басты мақсаты қазақ халқын империя билеушілері тағағайындаған Жәңгір хан жүргізіп отырған ресей отаршыл тәуелділігінен азат ету деп тұжырымдады (Нурмағамбетова, 2003). «... Ел тегісінен ханға қарсы болды. Осы уақытта Жәңгірді түсіретін, бұрынғы кеңшілікті орнатамын деп Исатай батыр Тайманұлы шыққан. Елдің бәрі тегісімен Исатайға еріп кеткен. Көтерілген елдің қаһары сонша қатты болған, ел ішінде я бөтен ретте тұрған ханның жақындары төрелер де Исатайға еріп кеткен»(Досмұхамедов, 2003:11). Х. Досмұхамедұлының пікірінше, қойылған мақсатқа жету үшін Сырым Датұлы және Исатай Тайманұлы алдымен ресей билеушілерінің көмегімен хан билігін, содан соң отаршылдық тәуелсіздіктен азат болу қажет деп санады. Алашорда мүшесі қазақ қоғамының бір бөлігінің дәстүрлі хан билігіне қатынасын дөп басып көрсетті. Қазақ қоғамындағы бөлшектенудің отаршыл биліктің қолдан жасаған саясатының жемісі деп есептеді. Оған мысал ретінде Кенесары Қасымұлының Кіші жүздің билеуші топтарымен қарым-қатынасын келтірді. Кіші жүздің Кенесарыны қолдамаған себебін автор оның беделінің төмендеуімен түсіндірді. Кенесары күресінің алғашқы кезеңінде Ресей билеушілеріне әйне қазақ хандарына қарсы шығып, қалың бұқараның қолдауына ие болды. Алайда хан болғаннан соң халықтың сенімін жоғалтты, өйткені қиын жағдайларда оларды тастап кетті. Халықты бағындыру үшін әскери күш қолданды, Алтынжаппас, Шекті руларының ауылдарын тонады, оларға өзінің боданы ретінде қарады. Сондықтан да Кіші жүз қазақтарын өзінің жағына тартудың сәті түспеді. Кейінгі уақыттарда хан Кене мен Кіші жүз арасындағы қарым-қатынастың нашарлауына Х. Досмұхамедұлы келтірген бір тарихи факт орын алды. Кенесарының Ойыл қазақтарына кезекті жорығында оған қарсы Баймағамбет төре бастаған орыстар мен казактардан құралған аралас әскер қарсы шықты. Кенесарыға кері шегінуге тура келді, Баймағамбет соңынан қуды. Баймағамбетпен келіссөзге келу үшін Наурызбай жолға шықты, алайда қорыққан Баймағамбет онымен кездесуден бас тартып, орнына басқа біреуді жіберді. Наурызбай елші жіберіп, Баймағамбеттен олардың соңына түсуін талап етті. Ашуланған Баймағамбет қайтып бара жатқан елшілердің артынан оқ атуды бұйырды (Нурмағамбетова, 2003:148-149).

Х. Досмұхамедұлының тұжырымдарынан Қазақ елінің біртұтастығы үшін күрескен Кенесары сұлтанның әрекеттеріндегі қайшылықтардың орын алғандығына көз жеткізуге болады. Дегенмен «ортақ өгізден оңаша бұзауды» қалаған хандар мен төрелердің әрекеттерінің де тарихтан орын алғандығы шындық. Соған қарамастан Кенесары Қасымұлы ұлттық бірегейлікті сақтау жолында жанқиярлық қызмет атқарды. Жалғыз Кенесары сұлтан емес Сырым және Исатай бастаған «үш қозғалыстың мақсаты – қазақты орыстың жәңгірлік құшағынан құтқару. Сырым мен Исатай хандардың патша үкіметінің құралы болғанына, түсініп, әуелі орыс үкіметі арқылы хандарды жойып, сонан соң орыс үкіметінен құтыламыз деген саясат жүргізді» бұйырды» (Досмұхамедов, 2003:44). Алаш

ардақтысын «Исатай көтерілісі қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша үкіметіне қандай ой түсірді деген сұрау» (Досмұхамедов, 2003: 54) толғандырды. Өз сауалына өзі «Исатай көтерілісі қазаққа өзінің ел екендігін білдіреді, жұрттың ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды» (Досмұхамедов, 2003: 54), - деп жауап берді.

Аннотация: Данная статья посвящена одной из актуальных проблем современности – периодизации истории Казахстана. При неправильной классификации хронологической последовательности исторических событий возникают определенные трудности в проведении исторических исследований. Периодизация истории даст возможность понимания специфики развития исторических событий. Во-вторых, четкая периодизация истории упрощает классификацию исторических источников того или иного исторического периода. В-третьих, историческая периодизация, классификация событий согласно особенностям современного исторического периода способствуют правильному пониманию специфики и различия исторических эпох. С приобретением независимости Казахстана вновь начали обсуждать данную проблему. В частности, анализ показывает, что прежняя историческая периодизация не соответствует современным исследованиям. Если ранее проблемы истории рассматривались с точки зрения классового подхода и подвергались различным ограничениям, то сегодня отмена этих ограничений, вероятность свободного исследования вопросов истории, плюрализм мнений открывают новые возможности современным исследователям.

В представленной статье авторы, используя вышеотмеченные возможности, поднимают проблему новых взглядов и современного подхода периодизации истории в контексте национальных исторических интересов. Во-вторых, период с провозглашения независимости Казахстана по настоящее время рассматривается на основе тех исторических решений, которые были приняты Первым Президентом – Елбасы. В-третьих, широко освещены труды исследователей, которые занимались проблемами периодизации до настоящего времени. Также, по мнению авторов, данная статья способствует систематизации научных трудов исследователей, занимающихся изучением различных аспектов истории независимого Казахстана.

Ключевые слова: историография, период, эпоха, исторические эпохи, исторические этапы, эра, цивилизация

**PROBLEMS OF PERIODIZATION OF THE HISTORY
OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN**

Ardak S. Abdiraïymova¹, Akylbek B.Sarsenbayev²

¹Candidate of historical sciences, associate professor,
Kazakh Academy of Transports & Communications named after M. Tynyshpaev,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: ard_69@mail.ru

²Candidate of historical sciences, associate professor,
Kazakh Academy of Transports & Communications named after M. Tynyshpaev,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhigit1991@mail.ru

Abstract: This article is devoted to one of the urgent problems of our time – periodization of the history of Kazakhstan. In case of incorrect classification in the chronological sequence of historical events, certain difficulties arise in carrying out historical research. Periodization of history will give an opportunity to understand the specifics of the development of historical events. Secondly, a clear periodization of history simplifies the classification of historical sources of a particular historical period. Third, historical periodization, classification of events according to the characteristics of the modern historical period contribute to the correct understanding of the specifics and differences of historical epochs. With the gaining independence of Kazakhstan began to discuss this problem. In particular, the analysis shows that the previous historical periodization does not correspond to modern research. If the earlier problems of history viewed from the standpoint of the class approach and was subjected to various restrictions, today the abolition of these restrictions, the probability of free exploration of issues of history, pluralism open up new possibilities for modern researchers.

In this article, using the above mentioned opportunities, the authors raise the problem of new views and modern approach to the periodization of history in the context of national historical interests. Secondly, the period from the Declaration of independence of Kazakhstan to the present time is considered on the basis of those historical decisions that were made by the First President – Elbasy. Third, this article widely covers the works of researchers who have dealt with the problems of periodization to date. Also, according to the authors, this article contributes to the systematization of scientific works of researchers engaged in the study of various aspects of the history of independent Kazakhstan.

Key words: a historiography, the period, an era, historical eras, historical stages, a civilization

Кіріспе бөлім. XX ғасырдың соңында, анығырақ айтқанда, 1991 жылы әлем тарихындағы ірі империялардың бірі – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырады. Бұл мезгіл ыдырауға ұшыраған одақ кеңістігіндегі өздерінің саяси тәуелсіздігін алған елдер үшін, әрине, жаңа тарихи кезеңнің басталғандығын айғақтайды. Оқиға біздің екінші мыңжылдыққа аяқ басқан ұлы табысымыз еді. Қазақ мемлекеттігінің жаңаруы, түлеуі, тәуелсіз ел болу ұлтымыздың сан ғасырлық арманы болатын. Кеңестер Одағының ыдырауымен бір мезгілде әлемдік екі саяси жүйелердің өзара қарсылық кезеңі аяқталды. Қоғамда, 1991 – жылдан бастап социалистік атанған жүйе экономикада «нарыққа» және «демократиялық» қатынастарға жол бере бастады. Қоғамды қайта құру және демократияландырудан басталған тарихқа жаңа көзқарас ары қарай жалғасын тауып, ғылымда ақтандақтарды жою, соны тұжырымдамалар қалыптастыру үрдісі басталды. Маркстік – лениндік методологияның ендігі жерде жарамсыз болып қалуына байланысты жаңа тарихи таным бағытындағы соны методологиялық ұстанымдарды дүниеге әкелу қажеттілігі туындады. Отандық тарих ғылымының

алдында мынадай басты мақсаттар қойылды: – тәуелсіз тарихи тұжырымдарды қалыптастыру; – тәуелсіз тарих ғылымының теориялық – методологиялық негіздерін құру; – өткен дәуірлердегі тарихи оқиғаларды жаңа проблемалар қою арқылы ой елегінен өткізу; – ғылыми айналымға қолда бар деректерді тұтастай қосу арқылы қазақ тарихының дәуір, кезең, сатыларын анықтауға қол жеткізу; – тәуелсіз тарих ғылымын қалыптастыру. Тәуелсіз тарих ғылымын қалыптастыру дегеніміз – тәуелсіз тарихи немесе тарихнамалық ой – пікірлердің қалыптасуы. Оларды талдау бүгінгі тарихнама ғылымының міндеті екенін естен шығармауымыз керек.

Методологиялық бөлімі. Мақала жазу барысында, ең алдымен тарихшы ғалымдардың еңбектеріне сараптамалар жасалды. Атап айтсақ, С.М. Сыздықов, Ғ. Айдаров «Орхон жырлары – тарихи дерек», О. Сүлейменов «Азия», М. Қозыбаевтың «История и современность Казахстана на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах», К. Нұрпейсовтің «Алаш һәм Алашорда», М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», Т. Омарбековтің «Зобалан», «20-30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті», «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», М. Құл-Мұхамед «Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары», Қ. Атабаевтың «Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде» (Қозыбаев, 2000: 56-58) т.б. еңбектерге тоқталып өтеміз.

Біз мақалада тарих ғылымында көптеп қолданылатын салыстырмалы-тарихи әдісті, уақыт бойынша жүйелейтін – мерзімдемелік әдісті және жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін – логикалық пен жүйелілік әдістерді кеңінен қолданамыз. Сонымен қатар, тек тарих емес, саясаттану, әлеуметтану ғылымдарының мәселесіне тікелей сүйенетін болғандықтан, тарихи қосымша пәндердің көмегіне жүгінеміз және пәнаралық байланысқа баса назар аударамыз.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақ тарихы ғылымында теориялық-методологиялық мәселелерге ден қойылып алғашқы ұстанымдарға бет бұра бастады. Аталмыш тақырыпта бізден көш ілгері кеткен кеңестік кезеңде Ресей орыс ғалымдары болды. Олар өз елдерінің тарихтарының теориялық-методологиялық мәселелері бойынша қалай жазылуы керектігін алға қойды. Тіптен ресейлік тарихшылардың кейбіреулері мәселені, Н.Л. Рубинштейн, Н.М. Дружинин, М.В. Нечкина, С.О. Шмидт, А.М. Сахаров, К.Д. Петряев, т.б. (Төлебаев, 2002: 11-12). Бұл ғалымдардың еңбектерінде тарих ғылымының даму заңдылықтары мен үрдістерін айқындауға, сонымен қатар тарих ғылымының теориялық – методологиялық аспектілерін көрсетіп берді.

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі 25 жылдан астам мерзімде егемен елдің өткен жолын таразылап, тарихи сатыларын анықтау мүмкін болды. Еліміз өз тәуелсіздігін алуы, ұлттық сананың оянуы, яғни ұлтымыздың өз тілін, дәстүрін, дінін, тарихын іздестіру қолға алынды. Сонымен қатар, тарих ғылымында жан-жақты, терең зерттеулер жүргізіліп бірқатар монографиялық және диссертациялық зерттеулерге тарихнамалық талдаулар жасала бастады. Солардың алғашқыларының бірі, Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу мәселесін С. Кентбековтың кандидаттық диссертациясында жан жақты қарастырған (Нартбаев, 2004: 10). Автор мұндай күрделі мәселені бір жұмыс аясында толық шешу мүмкін еместігін айтты. Сонымен қатар, О. Мұхатованың докторлық диссертациясында Қазақстандағы XX ғасырдың алғашқы он жылдығындағы және тәуелсіздік алғанға дейінгі кеңестік кезеңдегі аграрлық қатынастар тарихнамасына байланысты монографиялық еңбегінде кеңінен қарастырылды. Автор өзінің докторлық диссертациясында аграрлық мәселені кезеңдерге бөліп зерттеді. (Сыздықов, Айдаров, 1991: 11).

Соңғы методологиялық ұстанымдарды қалыптастыруға «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы капиталистік қатынастардың енуінің тарихнамасы» атты Т. Төлебаевтың докторлық монографиясы үлес қосты. Автор ғылымның өзегіне байланысты мынадай пікір танытты – «Тарих

ғылымының дамуында теориялық-методологиялық ұстанымдардың әсері мен орны ерекше. Кеңестік тарихи зерттеулерде идеялық-методологиялық бағытқа баса назар аударылды. Методология тарихнама саласындағы кез келген жұмыстың айқындаушысы және жетекші арқауы деп саналды. Бірақ кеңестік кезеңде методология мен философия, методология мен теория, методология мен методика ұғымдары және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, өзара байланысының дәрежесі туралы пікірталастар жүрді, олардың мәні айқын, анықтамасы нақты болмады» (Қазақстан тарихы, 1998: 320-322).

«XX ғасырдың 20 – 30 жылдарында саяси қуғындалған Қазақ зиялыларының тарихи көзқарастары» атты Ш. Омарбековтың кандидаттық диссертациясында кеңестік сталиндік концепциядан бұрын ұлт зиялыларының тарихи еңбектерінде бастау алған және бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақ ұлттының мүддесіне адал қызмет ететін қоғамдық құбылыстарды тану методологиясы басшылыққа алынады. Зерттеу барысында қазақ зиялыларының белгілі-бір тарихи мәселеге байланысты көзқарастары өзара және басқа да тарихшылар пікірлерімен қатар талданып салыстырмалы – тарихи зерттеу әдісі қолданылады» (Қазақстандағы жаңа қоғамдық ..., 1996: 5-6).

Ш.Ж. Нартбаевтың «Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой – пікірлердің қалыптасуы (1991–2003 жж)» атты кандидаттық диссертациясында тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда республикадағы тарихи сананың қазіргі заманғы тұжырымдамасы ұсынылды. Бұл концепция тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, процестерді таптық көзқарас тұрғысынан түсіндіретін маркстік-лениндік методологияның бірқатар принциптерінен бас тартқан, жалпы адамзаттың құндылықтарды, жеке адам құқығын сақтауды дәріптейтін «тарих – адамның іс-әрекеті» принципін басты принцип етіп ұстанған жаңа методологияға негізделген» (Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы, 1995: 2-3). Сонымен қатар, С.М. Сыздықов, Ф. Айдаров «Орхон жырлары – тарихи дерек», О. Сүлейменов. «Азия», М. Қозыбаевтың «История и современность Казахстана на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах», К. Нүрпейсовтің «Алаш һәм Алашорда», М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», Т. Омарбековтің «Зобалан», «20–30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті», «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», М. Құл-Мұхамед «Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары», Қ. Атабаевтың «Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде» (Қозыбаев, 2000: 56-58) т.б. еңбектердің жарық көруі тәуелсіз Қазақстан тарихы ғылымының теориялық – методологиялық тұрғыда қалыптасуына үлес қосты.

Нәтижелер. 1995 жылы Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада тарихи зерттеулер жүргізуде мына төмендегі міндеттер айқындалды: – тарихи ілімнің негізгі– негізгі нысаналарын анықтау; – тарих ғылымының өтпелі кезіндегі басты проблемалары мен оны шешудің ықтимал бағдарларын айқындап алу; тарихи білім беру мен ағарту ісін реформалаудың жолдарын белгілеу.

Тарихи сананың қалыптасу жолдарын анықтап алу үшін алдымен тарихи білімнің негізгі, іргелі принциптерін айқындап алу қажет, өйткені, бұлар тарих ғылымының әдіснамалық базасы ретінде, тарихи білім беру мен ағарту ісінің нысанасы ретінде көрінетін болады. Қазақстан тарихын зерделеген кезде, оның Еуразия мәдениеті мен тарихының төлтумасы екеніне сүйену керек. Өйткені, Еуропа мен Азияның түйіскен жеріне орналасқан Қазақстан – әртүрлі өркениеттерді, мәдениеттерді және халықтарды жалғастырып тұрған «көпір» іспетті болды...». Сондай-ақ «...Қазақстан тарихы – желісі үзілмей келе жатқан тарих, өйткені елімізді мекендеген халықтардың мәдениеті сабақтасып жатыр, Евразияның түркі тілді көшпелі тайпаларының дәстүрі мен мәдениеті қазақ халқының тарихынан жалғасын

тауып отыр, сайып келгенде қазақтар– еліміздің территориясындағы байырғы, жергілікті халық деген идея– тарихи біліміміздің тірегі болуға тиіс принципті идея» (Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы, 1995). Тәуелсіздік тұғырын нығайтуда, тарихи сананы қалыптастырудың қажеттілігі турасында, өз кезегінде белгілі ғалым М. Қозыбаев дәйекті пікір білдіріп, оның отандық тарих ғылымын дамытудағы маңызын ашып көрсеткен болатын. Тарихи сананың тарих ғылымында кеңінен көрініс табуы тиіс екендігіне назар аударып келіп; «Тарихи сананың қалыптасуы ең алдымен отандық тарихтан талап етіледі. Бұлар халықтың тарихын саналы ұғыну, тәуелсіз, егемен мемлекеттің жаңа қалпын теориялық тұрғыдан ұғыну ұлттың сана-сезімді ояту және қалыптастыру ынтасын арттыру, тәуелсіздік пен идеологиялық, жаңаша ойлауды бекіту үшін республиканың экономикалық тәуелсіздіктегі табыстарын жеделдету, рухани жанару, ұлтаралық келісімді нығайту, Қазақстан Республикасын мекендейтін халықтардың, этникалық топтардың күштерін біріктіру қажеттілігімен түсіндіріледі» – деп жазған (Қозыбаев, 2000: 58).

Біздің түсінігіміз бойынша, *тарихи сана дегеніміз* өткен тарих туралы түсініктер мен білімнің жиынтығы. Тарихи сана өз бойында тек аса маңызды мәні бар тарихи оқиғаларды сақтайды. Тарихи сананың көзі тарихи білім деп түсінсек, онда тарихи сананың сипатын да сол сананы тудырған тарихи оқиғалар туралы білімді қалыптастыруды талап етуі сөзсіз. Тарихи сана қалыптастыру туралы тұжырымдамада отандық тарих ғылымының алдына шешілуге тиіс нақты проблемалар қойылды. Сондай мәселелердің түйінін тарқатуда бірқатар ғылыми әдістер ұсынылды. Басты назарда ұстайтын, басшылыққа алатын ұстанымдар айқындалды (Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы, 1995). Тұжырымдама отандық тарих ғылымының алдына жаңа тарихи таным тұрғысында зерттеулер жүргізуде жекелеген дәуірлер мен кезеңдердің баянын ашуда нақты міндеттерді белгіледі. Бұл міндеттер тұжырымдамада былайша көрініс тапты:

«Қазақстан тарих ғылымы алдында: – тарихи ілім-білімнің үзіктігі мен біржақтылығынан мүмкіндігінше арыла отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау; ежелгі және орта ғасырлар тарихына баса назар аудару; Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихын қайта пайымдау; еліміздің осы заманғы тарихының толғақты мәселелерін зерттеуді күшейту; қазақ диаспораларының тарихын зерделеу; ел тарихы мен оны мекендеген әртүрлі этностар тарихының ара-жігін ажырата отырып, Қазақстандағы этникалық топтардың тарихын жазуға да жеткілікті көңіл бөлу міндеті тұр» (Тарих тағылымы, 1996: 4).

Тұжырымдамадағы көрсетілген негізгі бағыттар мен ұстанымдарға орай «Егемен Қазақстан» газеті бір топ тарихшы ғалымдармен дөңгелек үстел мәжілісін өткізіп, ғалымдардың көзқарасын саралады. Дөңгелек үстелге - М. Қозыбаев, ҚР ҒА корреспондент-мүшелері: К. Нүрпейіс, М.А. Асылбеков, Б. Көмеков, тарих ғылымдарының кандидаты Қ. Алдажұманов, ҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы Д. Кішібеков, Археология институтының директоры К. Байпақов, Абай атындағы АлМУ-дың доценті, философия ғылымдарының кандидаты Г. Кан қатысты («Балама тарих құбылысы ғылыми таным тұрғысынан», 2004: 7).

Тарихшы ғалым Б. Көмеков: «Аса маңызды көптеген тарихи мәліметтері бар ортағасырлық еңбектер араб, парсы, түркі, қытай, тағы басқа тілдерде жазылғандықтан негізінен Стамбул, Каир, Тегеран, Пекин, Санкт-Петербург, Лондон, Париж, кітапханаларының қорында сақталған. Қаражат жетіспегендігі себепті, бағалы материалдарды шетелдік қолжазбалар мен қорлардан жинау үшін ғылыми сапарға шығу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан деректеме мәселесін шешпей, ондағы деректерді сөйлетпей, көне және орта ғасыр тарихына байланысты жауап

беру мүмкін емес...», – деген ғалым пікірінен орта ғасырлар тарихына қатысты қордаланып қалған мәселелер және шешімін табуға тиіс проблемалар айқын көрінеді («Балама тарих құбылысы ғылыми таным тұрғысынан», 2004: 7).

Тарихи сана қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру, қазақ тарихын терең зерттеу бағытында 1998 жылы Республикада «Ұлттық тарих жылы» деп белгіленді. Ұлттық тарих ғылымының аясында өткенімізді зерттеуге байланысты қомақты ізденістер жүргізілді. Кешегімізді терең зерттеген сайын оның назар аударып, ескерілмеген тұстары молайды.

1998 жылы 17 наурызда Алматыда Елбасы Н. Назарбаев Республиканың өнер, мәдениет және ғылым саласындағы шығармашылық зиялы қауымның танымал өкілдерімен кездесу өкізіп, «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы» атты баяндамасында Елбасы еліміздің тарихын жазудың басты-басты бағыттарын анықтап, көрсете келе: «Қазақстан жеріндегі ежелгі мемлекеттер, олардың болашақ қазақ ұлтымен сабақтастығы деген мәселелер әлі терең зерттелмей келеді. Сақтардың, Ғұн, Үйсіндердің, Қаңлылардың, мемлекеттері, Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ, Қимақ, Оғыз қағанаттары, Дешті-Қыпшақ, Алтын Орда, Жошы ұлысы, Қазақ хандығы... осылардың әрқайсына арнаулы манаграфия жазылса да артықтығы жоқ» – деп атап көрсетті (Назарбаев, 1998).

Кеңестік кезеңдегі ғылымдағы маркстік – лениндік методологияның, коммунистік идеологияның күйреуіне байланысты жарамсыз деп танылған соң бұрынғы таптаурын болған идеологиялық көзқарастардан арылып, жаңа методологиялық ұстанымдарға бет бұру құбылысы белең алды. Мұндай үрдіс барлық ТМД аумағындағы мемлекеттердің тарих ғылымына қатысты болды. Сондықтан да, 2004 жылы 29–30 қыркүйекте өткен «Посткеңестік Орталық Азияның тарих ғылымы: ізденістер, іркілістер» атты халқаралық конференцияда «Орталық Азияның уақыттық – кеңістік Еуразиялық субконтинент негізделген жаңа методологиялық тәсілдерін игеру қажет» – деген тұжырым жасалды (Данияров, 1997: 100).

Тарих ғылымы дағдырысына Ресей тарихшыларыда ұшырағандарын мойындайды. Мысалы; Ресей ғалымы А.П. Логанов «Ресейдің тарих ғылымын сипаттағанда «дағдарыс» сөзінің синонимін қолданады. «Аз ғана (шамамен он бес жылдай) уақыттың ішінде Ресей тарихнамасы үш маңызды үлкен өзгеріске ұшырағандығын аңғаруға болатынын айтады:

1) 1986-1987 жж.: кеңес тарихнамасының негіздерінің өзін радикалды сынау басталады;

2) 1990-1991 жж.: тарихшылардың басым бөлігі отандық тарих ғылымының терең дағдарыс жолына түсті деген шешімге келеді;

3) 1997-1998 жж.: тарихшы мамандардың ойларында (теориялық негіздері мен методологиялық бағдары жоғалған дағдарыстар санатынандағы) дағдарыстан шығу және ресейлік тарих ғылымының жаңа сапаға ие болуы туралы тезистер айқын көріне бастайды» деген тұжырым жасайды (Логанов, 2000: 7-58).

Ия, көріп отырғанымыздай тарих ғылымының дағдарысын мойындау мен тығырықтан шығудың жолын қарастыруда Ресей ғалымдары да маркстік – лениндік методологиялық дағдарыстан шығудың жол іздеген аңғаруға болады.

Сондықтан да, Отандық тарих ғылымында жаңа теориялық – методологиялық ұстанымдарды қалыптастыруда ғалым, тарихшылар пікір білдіріп өз ойларын ортаға салды. Осы мәселеде өзгелерден гөрі ғалым Х. Әбжанов белсенділік танытып, ғылымның осындай күрделі түйтіктілігіне қатысты өзекті проблеманы қозғады. Өз көзқарасын ғалым: «...Шешілмеген басты мәселе неде деген сұраққа келсек, Қазақстан тарихындағы әлемдік заңдылықтар мен ұлттық төл ерекшеліктерді айырып, ашуға мүмкіндік беретін кешенді теориялық – методологиялық тұғырнама мен тұжырымды түзе алмағанымыз дер едім» – деп жеткізеді (Абжанов, 2007:

9-10).

Ғалым пікірінің орынды екендігі даусыз, өйткені соны теориялық тұғырнаманы қалыптастыру ғылымда жүріп жатқан үрдіс. Мұндай құбылыс әлі де жалғасын табуы тиіс. Себебі ғылымның негізі қысқа мерзімнің ішінде қалана салмайды, олай болуы да мүмкін емес.

Белгілі ғалым М. Қойгелдиев «Ақиқат қоғамға пайдалы болса, тарихшының үнсіз қалуы айып» атты мақаласында «Инженер-механик бауырымыз Ш. Қуанғанов «Ғүн немесе арғүн тарихы туралы» (1997) атты еңбегінде «Шығыстағы Тынық мұхитының жанындағы Арғүн, Өрғүн (Орхон) өзендерінен бастап батыстағы Атлант мұхитының қасындағы Араган өзені мен Арагон жазығы, Аргон қыраты мен Аргон тоғайына дейінгі екі» аралықтағы кеңістіктен «арғын» этнониміне жақын, ұқсас жер-су аттарын теріп, сондай-ақ оларға сүйене отырып халқымыздың тарихына қатысты үзілді-кесілді тұжырымдар жасайды. Әрине, семантикалық талдау тарихи зерттеулерде қолданылатын әдістердің бірі екені рас. Дегенмен ... Егер біз түрлі континенттердегі жер, су атауларынан қазақ құрамына енген ру, тайпа аттары арасындағы ұқсастықты қуар болсақ, онда тым алысқа кетеріміз хақ. Онда, мәселен, немістерді «найманнан», конголықтарды «қоңқадан», боржығындарды «бөрі жегеннен», американдықтарды «һәммә еркіндерден» тарады деген қорытындыға да барып қалуымыз ықтимал» (Қойгелдиев, 2004:4).

Осы мазмұнға жақын мысалды «Қ. Данияровтың «История гуннов» (А., 2002) атты еңбегінен де кездестіреміз: «В современном казахском языке слово «Құн» обозначает «стоимость». Слова «құн» широко используется в официальных документах, законах, научной литературе, как-то: құн заңы – «закон стоимости», теңгенің құны – «курс тенге», қосымша құн заңы – «закон прибавочной стоимости». Автор «ғүн» этнонимінің шығу тегін осылайша қысқа негіздей келіп, мынадай қортынды жасайды: «Таким образом, бесспорным является то, что слова Хунн, Кунн, Гунн являются казахскими (тюркскими) названиями одного и того же народа» (Данияров, 1997: 101).

2001 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде «Тарихи шындық неге бұрмаланады?» атпен жарық көрген мақалаға назар аударайық. «Жуықта ғана «Сорос жулдегері 2000» деген айдармен Н.Э. Масанов, Ж.Б. Абылхожин, И.В. Ерофеева, А.Н. Алексеенко, Г.С. Баратова жазған «Қазақстан тарихы: халықтар және мәдениеті» («История Казахстана: народы и культуры») атты оқулық жарық көрді. Әрбір жаңа туындыға жығыла мән беретін зиялы қауым аталмыш еңбекпен таныса бастады. Тарихшы ретінде институттық әріптестерімнің еңбегін мен де оқып шықтым деп белгілі ғалым З. Қинаятұлы өз ойын былай білдіреді. Автор кітаптың алғы сөзіне қарағанда, «Сорос» қоры олардан “қазақ тарихын оқыту жүйесін жөнге салып беруін” сұраған көрінеді. Авторлар «Сорос– Қазақстан» қоры тапсырмасын орындап шыққаны үшін жүлде алған болар. Бірақ, Қазақстанның зиялы қауымының сұранысын орындай алмаған. Себебі, еңбек біріншіден, зерттеу дейін десен шынайы зерттеу емес, өйткені айтқан пікір, жасаған түйіндерінде жеткілікті дәлел жоқ, оқулық дейін десен, ол аспектіге де сай емес ... Екіншіден, еңбектің аты мен мағынасы сай емес. Авторлар еңбегін «Қазақстан тарихы: халықтар және мәдениеті» деп айта тұрып, қазақ ұлтының мәдениетіне жеткілікті мән бермегені былай тұрсын, бұл халықы жай бір ат үстіндегі пенделер ... тұрғысынан көрсеткен» – деп қорытынды жасаған. Автор «мен тарихшы ретінде Қазақстан тарихына байланысты қалыптасып отырған: бірі көне түркі дүниесіне қатысы бардың барлығын (мысалы, Моде, Атилла, Шыңғысханды қазақ екен-мыс дегенге дейін баратын) қазақ деп қараушылықпен, бірі қазақтың өзінде барын жоққа шығару арқылы қазақ деген ұлтты кемсітіп көрсеткісі келетін екі түрлі алыпқаштылықтың қай – қайсысымен де келісе алмаймын» – деп ой қорытады. «Тарихты тани білу оңай жол емес. Тарихи деректерді оның әлемде қалыптасқан сыр қазанының қиылысында жан–

жақты мұқият қарағанда ғана шындықтың бетін ашуға мүмкіндік бар. Қазақ тарихы үшін ондай сыр қазаны бесеу. Олар: қытайлық, араб-парсылық, еуропалық, русь-славяндық, түркілік және өзіндік қазақстандық үлгі... Меніңше, біздің тарихшылардың біржақты алып-қашпалыққа баруға бейімдігінің бір сыры жоғарыдағы үлгілердің қайсыбірінің жетегінде кете беретіндігінде ме деймін. Масановтар да осынау методологиялық шалыс басудан қалыс қалмапты...» (Қинаят, 2001:4).

Қорыта айтар болсақ, жоғарыдағы авторлардың методологиялық қателіктері: Біріншіден, Ұлттық қасиетті бойларына сіндіре алмаған тарихшылар. Екіншіден, олар көне монғол тілінен мүлде хабарсыз. Үшіншіден, өздері сүйеніп жазған орыс ғалымдарының деректік тобы сын көтермейді. Төртіншіден, тарих ғылымын шатастыруға бой алдырған. Бесіншіден, араларында техника ғылымдарының маманы болғандықтан қазақ тарихынан бейхабарсыз екендігін көрсетіп отыр. Бұл айтылған тұжырымдар мен қателік пікірлер сол кездегі қоғамдағы тарих ғылымының методологиялық – теориялық жағынан зерттеу мәселелерін білмеуінің дағдарысының бір көрінісі еді.

Тарих ғылымының мұндай методологиялық жағдайға түсуін Ресей ғалымы В.П. Даниловта растай түседі. Ол Ресейдегі ғылыми-тарихилық ілімнің 80 жылдардың соңы – 90 жылдардағы жағыдайды былай сипаттайды: «Кеңестік қоғамдық сананың, бүкіл саяси, идеологиялық және ғылыми түсініктің ыдырауының салдары жаңа саяси күштердің пейілі мен әрекеттерін ақтап, оларға дәлелдеуге негіз болатын тарихи мифтерді ойлап шығарушылық болды. Ғылыми тарихнама тапжылмай шетке ығыстырылып, құлдырау жағыдайына түсті. Бұның сыртқы көрінісі ретінде сол кездегі ғылыми басылымдардың қысқарып, тіпті шықпай қалғанын білеміз» деген еді (Данилов, 1996: 23). Сондықтан да, автордың ойымен келісе отырып тарих ғылымының сол кезеңдегі негізгі мәселелерінің бірі – нақты методологиялық тұғырнаманың болмағандығын аңғаруға болады.

Ғылымның теориялық – методологиялық тұғырын берік орнатып, жетілдірілмей оны дамыту қиынсыз екендігін мойындауға мәжбүр боламыз. Отан тарихын зерттеу мәселелерінің соны тұстары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасынан көрініс тапты. Осы бағдарламаның аясында зерттеуге тиіс проблемалар аталды. Өз кезегінде Елбасы бағдарламада көрсетілген міндеттердің орындалуы байланысты ғылымның жеткен жетістіктерімен қатар кемшіліктерін де атады. «Баршаға белгілі ақиқат – кешегі кеңес заманында ұзақ жылдар бойы Қазақстан тарихына байланысты ғылыми зерттеулерімізде ата тарихымыздың ақиқаты бүркемеленіп, қызыл идеологияның ыңғайында жазылып келді. Алайда тілдегі, әдебиеттегі, ғылымдағы шектеуліктердің бәрі алынып, еркін ойлау мен шындықты жазуға мол мүмкіндіктердің берілгендігіне қарамастан, тарихшыларымыз сол ата тарихтың «ақтандақтарын» ашуға келгенде әлі күнге дейін шабындық танытып отыр» – дегені осының дәлелі (Назарбаев, 2003).

Ғылымның дамуынан орын алып келе жатқан олқылықтарының бірі – тәуелсіз Қазақстан тарихының *дәуірлеу мәселелері*. Осы мәселелер әлі де болса толық зерттеліп, жүйелі әрі дәйекті тұжырымдар жасалмады. Ежелгі дәуірден ХХ – ғасырдың бас кезіне дейінгі тарихтың дәуірлері мен заман, кезеңдері анықталды. Ал кеңестік тарихты кезеңдерге бөлуде бірқатар пікірлер, ұсыныстар айтылғанымен ортақ тұжырым орын алмай келеді. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі егемен елдің жүріп өткен жолы тарихи сатыларға әлі толық бөлінбеді. Әрине, дәуірлеу мәселесі күрделі де терең білімді, тиянақты ізденісті талап етеді. Дегенмен өткенді кезеңдерге дұрыс бөлмей оны зерттеу мүмкін еместігіне әрдайым көз жеткізіп келеміз.

«Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, – деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев, – небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік, экономикалық, саяси жаңару жолына түскен Қазақстан бүкіләлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі

бар абыройлы мемлекетке айналды. Түпкі мақсат-демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру ... Мемлекетіміздің бесінші дәуірінің болмыс – бітімін азаттық үдерісі анықталып отыр. Азаматтығымыздың мәңгілік болғанын қалаймыз. Өйткенен біз азаттықтың алғашқы сатысында тұрғанымызды мойындауымыз керек. Осыдан да болар, мемлекетімізді керегесінен шаңырағына дейін әлемдік, оның ішінде Батыстық үлгіде тіктедік дейді. Ендеше мемлекетіміз тарихы азаттық» дәуірдің бейімделе даму кезеңін бастан өткізуде. Бейімделу енжарлығымыздан, ынжықтығымыздан, қарымсыздығымыздан емес. Оның негізінде ілгері озып кеткендерге тезірек жету ниетті, толеранттық жатыр. Бұл кезеңнің қаншаға созылатынын уақыт көрсетер», – деп ой қорытады (Назарбаев, 1997).

Т. Омарбеков «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде «Қазақстан – тәуелсіз мемлекет» деп аталатын үшінші дәуірді мынадай кезеңдерге бөлуді ұсынады. Олар:

1– кезең: «ТМД және Қазақстан» (1991– 1993 жж).

2– кезең: «Тәуелсіздікті орнықтыру қадамдары» (1993 – 1995 жж).

3– кезең: «Қазақстан – дүниежүзілік қауымдастықты мойындаған егеменді ел» (1995 – 2004 жж) (Омарбеков, 2004: 15).

Көріп отырғанымыздай, аталған ғалымдар екі түрлі көзқарас танытып, кезеңдерін өздерінше сипаттайды. Мұның өзі ғылымда тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша ортақ дәуірлеудің орын алмағандығын айғақтайды. Сөз орайында айта кетерлік жайт, тәуелсіз Қазақстан тарихының кезеңдерін алғашқылардың бірі болып Елбасы Н. Назарбаев көрсеткен болатын. Тәуелсіздікті Қазақстанның дамуындағы төртінші кезеңі деп сипаттаған Елбасы 1991 жыл еліміз тәуелсіздік алуынан бастап, бүгінге дейінгі даму жолын алғаш Конституция қабылданып, ішкі интеграциялық процесс реттеліп, экономика тез қарқынмен дамып елдің еңсесі көтеріліп халықтың жағдайы бір қалыпты тұрақтанған тұстағы мемлекеттің даму жолдарын кезеңдерге бөледі: Олар төмендегідей: «1 – кезең Қазақстан мемлекеттігінің негізі қаланған 1991 – 1995 жылдар, демократиялық институттар құрылып, жаңа саяси мәдениет қалыптастырылып, азаматтық қоғам негізі қаланған. 2– кезең 1996 – 2000 жылдар, көпұлтты, көп конфессиялы мемлекет ретінде ұлтаралық, діндер аралық диалог жасасу үлгісін көрсетіп, әлемге таныла бастаған, экономикалық, саяси тұрғыда біршама биікке көтеріліп, әлемнің азулы елдерімен иық теңестіре бастаған. 3– кезең 2001 – 2006 жылдар» - деп үш кезеңге бөліп қарастырған Президент экономикалық өсусіз саяси даму болмайтынын, ол халықтың берекесін кетіріп, тұрақсыздыққа апарып соқтыратынын ескергендіктен, бірінші кезекте «алдымен экономика, содан кейін барып саясат» принципі ұсталғанын және оның үмітті ақтағанын атап өтті. Одан кейін Елбасы «Қазақстан бүгінге дейін Президенттік Республика моделін ұстанып келді. Билік бір жерге шоғырландырылып, барлық күзірет Президентке берілді. Мен барлық жауап кершілікті өз мойныма алып келдім. Өйткені сол кездегі жағдайға, елдегі ахуалға байланысты бізге солай ету керек болды», – деп мәлімдеді (Н. Назарбаев: 2003)

Қарап отырсақ, қолға алынған конституциялық реформаның ең маңызды бетбұрысы – Қазақстанның Президенттік басқару жүйесінен Президенттік – Парламенттік басқару жүйесіне ауысуы болған. Әрине мұндай басқару жүйесін әлем елдерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, мемлекеттік билікті Президенттің күзіретіне берілген құқықтың бір бөлігінің Парламентке ұсынуы деп есептеген жөн. Дегенмен, біздің ойымызша мұндай кезеңге бөлуді *саты* деп аласақ дұрыс болар еді. Өйткені дәуірлеуде «саты» қысқа мерзімді қамтитынын естен шығармауымыз керек. Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келіп, біз өз зертеуімізде Қазақстан мемлекетінің өз алдына егеменді ел болып қалыптасуын мынадай кезеңдер мен сатыларға бөлуді ұсынамыз:

1–кезең (1991 – 1997 жж.). Қазақстанда тәуелсіздікті орнықтыру қадамдары. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан стратегиясы – 2030 мемлекеттік даму бағдарламасы (2000 – 2030 жж.). Осы кезеңді мына төмендегі сатыларға қоғамдағы болған ірі оқиғаларға байланысты бөлуді ұсынамыз:

- 1.1. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы;
- 1.2. Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру (ТМД);
- 1.3. Қазақстан республикасының мемлекеттік құрлысы;

2–кезең (1998–2006 жж.). Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықты мойындаған егеменді ел:

- 2.1. Экономикалық дамуы;
- 2.2. Қоғамның саяси дамуы;
- 2.3. Рухани дамуы;
- 2.4. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты;

3– кезең.

1.1. Әміршіл – өкімшіл жүйенің дағдарысы. 1991 ж. 19 тамыз бүлігі. Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік Комитет (ГКЧП). СОКП– нің қызметін тоқтатуы. Новоогорев келісімінің сәтсіздікке ұшырауы. Қазақстан Компариясының кезектен тсы сиезі және партияны тарату. Тұңғыш рет Қазақстан Президентінің бүкіл халықтық сайлауы. Қазақ ССР– ін Қазақстан Республикасы деп атау. «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң (1991 ж). Даму жолын анықтау. Н.Ә. Назарбаевтың «XXI ғасыр табалдырығында» атты еңбегі.

1.2. Кеңестер Одағының ыдырауы және Тәуелсіз мемлекеттер Достастығын құру (ТМД). Одақтық келісімнің күшін жою және ТМД құру туралы 1992ж. Белобез келісімі. Орта Азия мен Қазақстан Республикалары лидерлерінің Ашхабадта кездесуі. Кеңестен кейін тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматыда кездесуі, «ТМД құру туралы хаттамаға» қол қоюы, ТМД құру туралы Алматы Декларациясы (1991 ж).

1.3. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі стратегиясының қалыптасуы және дамуы» еңбегі (1992 ж.). ҚР рәміздерін: Туын, Гербін, Гимннің бекіту (1992 ж.). Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы (1993 ж.). Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Үлттық валютаны енгізу туралы» жарлығы (1993 ж.). Қазақстан халықтарының келісімі мен біртұтастығы қоғамдық институтының, Президент жанында консультативтік және келісімшілік орган Қазақстан халықтары Ассамблеясын (ҚХА) құру. ҚХА тұңғыш сессиясы, оның шешімдері. Бүкіл халықтық референдум, ҚР қазіргі пайдаланып жүрген Конституциясын қабылдау (1995ж.). Екі палаталы парламенттің сайлаулары. Президенттің Қазақстан халқына тұңғыш жолдауы. Ел Президентінің Жолдауы. «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі, әл – аухатының жақсаруы», ҚР ұзақ мерзімгі арналған маңызды мақсатты бағыттары (1997 ж.). Астананы Алматыдан Астанаға көшіру, 1997 ж. 10 желтоқсандағы халыққа арналған Үндеу. «Жүз жылға тең он жыл» – Н.Ә. Назарбаевтың 2001 ж. 16 желтоқсанда Астанада тәуелсіз Қазақстанның 10 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі.

2.1. Егемендік жолындағы қиындықтар: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиындықтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, қылмыстың көбеюі. Оларды жою шаралары: экономиканы қайта құрылымдау, әлеуметтік бағдарлы рынок құру, бағаны жекешелендіру және либерализациялау, инвестициялық саясат. БҰҰ даму Бағдарламасы (ПРООН), адамның даму мәселесі туралы есептер, Адам дамуының индексі (ИЧР). Қазақстанда Адам дамуы туралы Есептің тұңғыш басылымы. ПРООН Қазақстанда ИЧР – дің өсуі туралы. Экономиканың өнеркәсіп, аграрлық және қаржы-банк секторларын басымдықпен дамытудың келешегі. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасын реформалау бағыттарын

– экономиканы дамытудың кластерлік приципі, индустриалы-инновациялық технология, инвестиция, салық, аграрлық-индустриялық саясат, инфрақұрылымды, әсіресе, транспортпен байланысты дамыту. Қазақстанды ДСҚ-на кіруге дайындау. ҚР Тексако – Мобил, БИ ЛИ Амоко, Шелл, Шеврон, т.б. АҚШ-тың ТНК, Батыс Еуропаның, Оңтүстік Шығыс Азияның, Таяу Шығыстың бірқатар компанияларының сыртқы экономикалық ынтымақтастығы. ТРАСЕКА, Солтүстік – Оңтүстік, ТАЕВОЛС, КТК т.б. халықаралық коммуникациялардың жаңа жүйесі. Н.Ә. Назарбаев «Көтерілген тың – достық пен жасампаздық символы», Астанада 2004 ж. 6 ақпанда тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі. Президенттің елдің халқына Жолдауы (2004 ж. 19 наурыз): «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» (19 наурыз 2004 ж.).

2.2. Қазақтардың дүниежүзілік тұңғыш құрылтай. Қазақстан халықтарының форумы (1992 ж.). ҚР қоғамдық қозғалыстар және саяси партиялар. Қазақстандағы демографиялық, миграциялық процестер, халықтың әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер. Егемендік жағдайындағы тұңғыш халық санағы (1999 ж.) және оның қорытындылары. Қазақстан халықтарының ұлтаралық келісімі – ҚР тәуелсіздікті, демократияны нығайтудың кепілі. Демократиялық процестердің дамуы, Парламент сайлауларына пропорционалдық жүйені енгізу, партиялық тізім бойынша өткен сайлаулардың нәтижелері. Азаматтық қоғам институттарының дамуы – үкіметтік емес ұйымдар, кәсіподақтар. Азаматтық форум және оның маңызы. «Қазақстан халықтары ассамблеясының таяу кезеңге арналған стратегиясы». ҚР ақпараттық саясаты, БАҚ-тың дамуы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Кеңесінің қызметі. Азаматтық қоғамды одан әрі дамыту және демократияландыру жөнінде ұсыныстар дайындайтын Мәжілістің тұрақты жұмыс істейтін ұйымы. Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссияның қызметі. Құқық қорғау және орындарының қызметін жетілдіру. Қазақстан Президенті жанындағы адам құқықтары бойынша Комиссия және оның қызметі. ҚР адам құқықтары бойынша өкілдік институттарын (Омбудсмена) енгізу. Өлім жазасына моратория енгізу. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар; азаматтық және саяси құқықтары бойынша халықаралық пактілерді ратификациялауы. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан экономика, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында» Жолдауы (18 ақпан 2005 ж.).

2.3. Білім, ғылым жүйесіндегі реформалар. 1997 ж., Ұлттық бірлік және жаппай саяси репрессиялар құрбандарын еске алу жылы. 1998 ж., Ұлттық тарих жылы. 1999 ж., Ұрпақтар сабақтастығы жылы. 2000 ж., мәдениетті қолдау жылы. Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Астанада өткен (2003 ж.) тұңғыш съезі. Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында еңбегі» «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы. Оның мақсаты және жүзеге асырудың негізгі бағыттары: рухани және білім аймақтарын дамыту; мәдени мұраны сақтауды қамтамасыз ету, оны тиімді пайдалану. Тарихи, архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру; мәдени мұраны оқып, зерттейтін - фольклорды, дәстүрді, әдет-ғұрыпты тұтас жүйе жасау; мемлекеттік тілде мәніндегі гуманитарлық білім қорын жасау.

2.4. Егеменді Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастықтың тануы, оның БҰҰ-на қабылдануы. Президент Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясына сөйлеуі. Оның: «Әрбір елдің жүрек жардылығы-планетаның амансаулығының кепілі» сөзі. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының көп векторлығы. ҚР Азиядағы өзара қарым-қатынас және сенім шараларына арналған Кенесті ұйымдастырудағы бастамасы (СВМДА) (1992 ж.) СВМДА қатысушы мемлекеттер сыртқы саясат ведомостысы басшылардың тұңғыш кездесуі. «СВМДА мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу принциптерінің Декларациясы» (1999 ж.). СВМДА қатысушы елдер басшыларының тұңғыш

саммиті, терроризмді аластау және өркениеттер арасындағы диалогке ықпал етудің Алматы актісі мен СМВДА Декларациясы (2002 ж.). Қазақстанның ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЭКОСОС т.б. халықаралық ұйымдармен, сондай-ақ МБР, МВФ, ОБСЕ мен ынтымақтастығы. Қазақстанның ОЭС, ЦАЭС, ОДКБ, ШОС сияқты ғаламдық және регионалдық масштабтағы интеграциялық процестерге қатысуы. Алматыдағы Бейбітшілік және келісім туралы тұңғыш халықаралық конференция, оған қатысушылар қабылдаған «Бейбітшілік пен тұрақтылыққа» Декларациясы (2003 ж.). ҚР Президентінің Ресей Федерациясына тұңғыш ресми сапары, Ломоносов атындағы МГУ-де сөз сөйлеуі, евразиялық идеясы. АҚШ та 2001 ж. 11 қыркүйекте болған теракты, АҚШ-тың Ауғаныстанға антитеррорлық акциясы. Ирактағы соғыс. ҚР бұл оқиғалар жөніндегі позициясы. Н.Ә. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты еңбегі. Қазақстанның өз территориясында ядролық қарудан бас тартуы. Қазақстан Президентінің Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлығы (1991 ж.). Н.Ә. Назарбаевтың «Әлемнің эпицентрі» атты еңбегі. Аталмыш тақырыпта еліміздің қалыптасу құрылымын, дамуын шарттарын көрсететін кезеңдеумен сатылары барын көрсету бүгінгі күні басты мақсатымыз.

3 – кезең қазіргі кезең. Қазіргі таңда өзгерген уақыт, дәуір талабына сай жаңару түлеу қарсаңында тұрған шақ. Мұндай кезеңдерге бөлу болашақ мемлекетіміздің ілгерлеп Орта Азия мемлекеттер арасында Ұлы көш басшысы болуында, және өз орнын тауып алдыңғы қатарлы 50 елдердің қатарына қосылуына сөз жоқ.

Қорытынды бөлімі. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды *қорытып айтар болсақ*, төмендегідей тұжырымдарға тоқталар едік:

– Біз кезеңдер мен сатыларға бөлуде тәуелсіз қазақ мемлекетінің қалыптасу кезеңдерінің теориялық-методологиялық мәселерін көрсетудің өз қиындықтары барын түсіндік. Ғылымның теориялық – методологиялық негіздерін, соның ішінде дәуірлеу мәселелерін зерттеумен арнайы осы бағытта дайындалған мамандардың айналысуы қажеттілігі байқалады. Мұндай мамандар даярлаудан қазіргі кезеңде қол үзіп қалдық.

– Қазақ тарихы ғылымын зерттеу үшін арнайы мамандар дайындайтын ғылымның теориялық-методологиялық мәселелерін оқытатын орталықты қалыптастыруымыз керек. Ол үшін теориялық – методологиялық тұрғыда жазылған еңбектерді, оқулықтарды алғаш қазақ тілінде жазуымыз керек. Бүгінгі күнгі тарих ғылымының мемлекеттік бағдарламасын түбірімен өзгертуіміз керек. Тарихшылар ортақ келісімдерге келуі керек. Тарихшылар шешетін мәселелер шаш етектен.

– Қазақ тарихын жазу үшін тарихшылар алғаш қазақ халқының этонгенезін анықтаудан бастау керек. Ол үшін түпкі тамырынан бастап сол этностың тарихи жалғасы кімдер? Қазақ территориясында мемлекеттік құрылымын ең алғаш қалыптастырған тайпалардың тарихи сабақтастықтарын анықтау керектігін ескерулері керек?.

– «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты көптеген тарихи жаңа деректер ғылыми айналымдарға қосылуда. Сондықтан да, тарих жазуда бұрынғы ғылыми айналымға қосылмаған ғылыми деректер негізінде жаңа методологиялық концепсия бойынша саралап жазылуы керек.

– Бүгінгі ғылымда қазақ тарихы туралы оқулық жазу үшін оқулық па, әлде зерттеу жұмыстарын жүргізу керек пе? осы мәселелердің басын ашып алуымыз керек.

– Бүгінгі күні осы оқулықты жазатын мамандар бар ма? Онда оқулықтар жеке авторлардың құзырында жазылуы керек пе? Ол оқулықтар мемлекеттің қолдауы бойынша жазылуы керек пе? Осы мәселелерді жүйелеп алып барып орта мектеп оқулықтары мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарды жазу керек.

Әдебиеттер:

Абжанов Х. Тарихымыз ұлттық нұсқада дәйектелсін. Қазақ тарихы. 2007. №3

Дөңгелек үстел: «Балама тарих құбылысы ғылыми таным тұрғысынан», Қазақ тарихы. 2004. № 2. 7 б.

Данияров Қ. Қазақстанның балама тарихы. Алматы: «Жібек жолы», 1997. 100 – 103 бб.

Данилов В.П. Современная российская историография: в чем выход из кризиса? Россия в XX веке: Судьбы исторической науки. М.: Наука, 1996. стр. 22– 30

Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, II т. Алматы, «Атамұра», 1998. 640 б.

«Қазақстандағы жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру мен азаматтық қоғамды құру проблемалары» тақырыбында өткен республикалық ғылыми– теориялық конференция материалдары. А., 1996. 4 б.

Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан. 1995. 30 маусым. 2– 3 бб.

Қойгелдиев М. Ақиқат қоғамға пайдалы болса, тарихшының үнсіз қалуы айып Егемен Қазақстан. 2004. 27 қаңтар. 4 б.

Қинаят З. Тарихи шындық неге бұрмаланады? Егемен Қазақстан. 2001. 25 шілде. 4 б.

Қозыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Кн. 1. А., 2000. С. 155

Логанов А.П. Отечественная историографическая культура: современное и тенденции трансформации Образы историографии: Сборник статей. науч. ред. А.П. Логунов. М: РГГУ, 2000. стр. 7– 58

Нарытбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой – пікірлердің қалыптасуы (1991– 2003 жж). – тарих. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы. 2004.10 б.

Н. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра, 2003. С. 285.

Назарбаев Н. Әділеттің ақ жолы. Алматы: Қазақстан, 1991ю. 288 б.

Назарбаев Н. «Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп– өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы» Қазақстан. Алматы: Білім, 1997. 33– 34 бб.

Назарбаев Н. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тарихы. 1998. № 3.

Омарбеков Т.Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы, «Қазақ университеті», 2004. 15 б.

Омарбеков Ш.Т. XX ғасырдың 20 – 30 – шы жылдарында саяси қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарасы. – тарих ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 2002. 9 б.

Сыздықов С. М. Айдаров Ғ. Орхон жырлары – тарихи дерек. Алматы. 1991. 7 б.

Тарих тағылымы. Егемен Қазақстан. 1996. 25 қыркүйек. 4– 5 бб.

Төлебаев Т.Ә. XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы. автореф. т.ғ.д. дисс. Алматы, 2002. 13 б.

Reference

Abjanov H. Tarıhyмыz ulttyq dıiektelsin [Make history in the national version] // *Qazaq tarıhy. 2007. № 3. p. 10* [in Kazakh]

Dyńgelek ʒstel: «Balama tarıh qubylysy gylymı tanym turgysynan» [An alternative phenomenon of history in the context of scientific knowledge] // *Qazaq tarıhy. 2004. № 2. p. 7.* [in Kazakh]

Daniyarov Q. Qazaqstannyń balama tarıhy. [An Alternative History of Kazakhstan]. *Almaty: «Jibek joly», 1997. pp. 100 – 103.* [in Kazakh]

Danilov V.P. Sovremennaja rossıjskaja istoriografıa: v chem vyhod iz krızisa? [Contemporary Russian historiography: what is the way out of the crisis?] // *Rossua*

в HH веке: Sədbý istoricheskoi nəəki. M.: Nəəka, 1996. pp. 22– 30. [in Russian]

Qazaqstan tarıhy (Kyne zamannan bəginge deın). [History of Kazakhstan (from ancient to present)] II t. *Almaty, «Atamura», 1998. – p. 640* [in Kazakh]

«Qazaqstandagy jaña qogamdyq sanay qalyptastyrə men azamattyq qogamdy qurə problemalary» taqyrybynda ytken respəblikalyq gylımı– teoriyalyq konferentsiua materialdary. [“Problems of formation of new public consciousness and creation of civil society in Kazakhstan” Materials of the republican scientific-theoretical conference on the theme:] *A., 1996. p.4.* [in Kazakh]

Qazaqstan Respəblikasynda tarıhı sana qalyptastyrədyń tujyrymdamasy [The concept of historical consciousness formation in the Republic of Kazakhstan] // *Egemen Qazaqstan.1995.30.06. pp. 2– 3.* [in Kazakh]

Qoıgeldiev M. Aqıqat qogamga paidaly bolsa, tarıhshynyń ınsız qaləy ayıp [If the truth is beneficial to the society, the silence of a historian is charged?] // *Egemen Qazaqstan.2004.27.01. p. 4* [in Kazakh]

Qınaıat Z. Tarıhı shyndyq nege burmalanady? [Why is historical truth distorted?] // *Egemen Qazaqstan. 2001. 25.07. p.4.* [in Kazakh]

Qozybaev M.K. Kazahstan na rəbeje vekov: razmyshleniia i poiski. [Kazakhstan at the Turn of the Century: Reflections and Quest] *B. I. A., 2000. p.155.* [in Russian]

Loganov A.P. Otechestvennaya istoriograficheskaya kəltəra: sovremennoe i tendentsii transformatsii [Domestic historiographic culture: modern and transformation trends] // *Obrazy istoriografii: Sbornik statei / nəəch. red. A.P. Logənov. M: RGGƏ, 2000. pp. 7– 58.* [in Russian]

Narytbaev Sh.J. Qazaqstanda təəlsiz tarıhı jəne tarıhnamalyq oı – pikirlerdiń qalyptasəy (1991– 2003 jj). [Formation of independent historical and historiographical views in Kazakhstan (1991 - 2003)] *kand. dis. avtoref. Almaty. 2004. p.10 b.* [in Kazakh]

N. Nazarbaev. Tarıh tolqynynda. [In the stream of history]. *Almaty, Atamura, 2003. p.285.* [in Kazakh]

Nazarbaev N. Bəılettiń aq joly. [The Right Path of Justice]. *Almaty: Qazaqstan, 1991. p. 288.* [in Kazakh]

Nazarbaev N. «Qazaqstan – 2030: Barlyq Qazaqstandyqtardyń ysip– yrkendeıi, qəıpsizdigi jəne ɔl – əəqatynyń artəy: El Prezidentiniń Qazaqstan halqyna joldaəy» [“Kazakhstan-2030: Prosperity, Security and Prosperity of All Kazakhstanis: Message of the President of the country to the People of Kazakhstan”] *Qazaqstan. Almaty: Bilim, 1997. pp. 33– 34.* [in Kazakh]

Nazarbaev N. Qazaqtyń bəkil tarıhy – birigə tarıhy, tutastanə tarıhy [History of the whole history of Kazakhstan - history of integration, history of the whole] // *Qazaq tarıhy.1998. № 3.p.45* [in Kazakh]

Omarbekov T.Sh. Qazaqstan tarıhyna jəne tarıhnamasyna ulttyq kyzqaras. [National Approach to History and Historiography of Kazakhstan]. *Almaty, «Qazaq əniversiteti», 2004. p.15.* [in Kazakh]

Omarbekov Sh.T. XX gasyrdyń 20 – 30 – shy jylдарында saıası qəgyndalğan qazaq zıalyларыnyń tarıhı kyzqarası. [Historical view of political repressive Kazakh intelligentsia in the 20-30s of the XX century]. *diss. avtoref. Almaty, 2002. p.9 b.* [in Kazakh]

Syzdykov S. M. Aıdarov g. Orhon jyrlary – tarıhı derek. [Orhon poems - historical facts]. *Almaty. 1991. p.7.* [in Kazakh]

Tarıh tagylymy [History lecture] // *Egemen Qazaqstan.1996.25.09. pp.4– 5.* [in Kazakh]

Tylebaev T.B. HıH g. II jartysy men HH g. basyndagy Qazaqstanga kapitalizmniń enəiniń tarıhnamasy. [XIX century II half of the 20th century. Historiography of capitalism penetration into Kazakhstan at the beginning]. *avtoref. diss. Almaty, 2002. p.13* [in Kazakh]

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

МРНТИ 03.20.00

**ОРЕНБУРГСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ (КОМИССИЯ) 1734-1744 ГГ.
ПО КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ:
ЦЕЛИ, ЭТАПЫ, ПОСЛЕДСТВИЯ**

Кабульдинов Зиябек Ермуханович¹, Козыбаева Махаббат Маликовна²

¹Доктор исторических наук, профессор,
директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,
г. Алматы, Казахстан E-mail: kabulzia@rambler.ru

²PhD, ученый секретарь Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г.
Алматы, Казахстан E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

Аннотация: Авторы в статье изучают особенности создания, цели и задачи Оренбургской экспедиции (комиссии) по колонизации казахской степи (1734-1744 гг.). В период с 1734-1737 гг. она функционировала как Оренбургская экспедиция, а с 1737 по 1744 гг. до создания Оренбургской губернии – как Оренбургская комиссия. В статье изучаются цели и задачи, поставленные перед военной экспедицией, такие как приведение в подданство правителей степи, активизация торговли со Средней Азией, организация разведывательной деятельности в Казахстане и другие. Авторы отмечают, что именно в период экспедиции были заложены основные форпосты империи – военные линии крепостей фактически по всему периметру границы казахской степи с Россией на западе, в том числе Оренбургская крепость, сыгравшие основную роль в колонизации степи.

Г.А. Колпаковский 3 мамыр күні сұлтанға берілген мұрсат уақытының аяқталғанын жариялап, ендігі кезекте маңызды бір шараларды жүзеге асыру қажеттігін ұсынды. Жетісу басшысы генерал Г.А. Колпаковский үшін хатқа жауап алмауы, Ілеге өткен қазақтардың кері қайтарылмауы, саудагерлердің тоналуы, Құлжаға жіберілген казактар мен орыстардың жол-жөнекей жәбірленуі және ең бастысы тараншы сұлтанына қарасты әскерилердің шекарада орыс бекіністеріне оқтын-оқтын шабуылының тоқтатылмауы, сондай-ақ Кетмен шатқалындағы орыс әскерлерімен орын алған қақтығыстар жайлы бір түсінік берілмеуі өте үлкен құрметсіздік деп саналды. Осының барлығы үшін генерал Г.А. Колпаковский қандай да бір саяси немесе әскери шараның ұйымдастыру қажеттігін және ол үшін мемлекет тарапынан бұйрық берілуін сұрайды. Бұл жерде генерал Г.А. Колпаковскийдің мақсаты өзінің тікелей жеке хатына жауап қайтарылмағаны Іле сұлтандығына жойқын шабуыл ұйымдастырып, оны айналасындағы сұлтандықтармен бірге жойып, аймақтағы Шыңжаңдағы мәселені біржолата шешу болды. Осы аталғандарды басшылыққа ала отырып, Г.А. Колпаковский Түркістан генерал-губернаторы фон Г.А. Кауфманға Іле аумағына әскермен басып кіруге тез арада бұйрық беруін сұрайды (Моисеев В.А, 2002:117).

Г.А. Колпаковский, Іле өлкесінде халықтарды көтеріліске шығарып, «бүлікшіл» атанған дала қарақшысының өзін Іле сұлтанымын деп жариялаған күнінен бастап өзіне ұнамағанын және оның аймақта ең күдіретті саналған Ресей империясына қыр көрсетуі кешірілмейтін айып ретінде көрсетті. Жетісу әскери-губернаторының аймақтағы жағдайға қатысты жеткізген мәліметтерінен хабардар болған генерал фон К.П. Кауфман Іле өлкесінде бүлік шығарған және өлкеде орыс әскеріне қарсы шабуылына қатысты жазалау қажеттігін ұсынды. Ол үшін генерал-губернатор тарапынан Ресей империясының Іле өлкесіне бұрын болып көрмеген соғыс ашу тапсырылды. Алайда, К.П. Кауфман Жетісу әскери-губернаторы Г.А. Колпаковскийге тараншыларды «жазалауды» күзге қалдыруды бұйырды. Себебі, бұл империялық басшылық тарапынан берілген әскери жарлыққа сәйкес орындалатын болып, онда осы уақыт белгіленді.

Г.А. Колпаковский Түркістан генерал-губернаторы фон Г.А.Кауфманға және әскери істер ведомствосына тараншылар мен Іле сұлтанына қарсы әскери

күштердің басқыншылық қимылдарын жылдам жүзеге асыруды ескертудің себептерін былайша түсіндіреді. Егер, жергілікті халық пен шекарадағы өмірдің тыныштығы үшін тараншыларға қарсы соғысты тездетсек, маған тапсырылған әскер мұнымен шектелмей Құлжаға шабуыл жасау операциясын жылдам қарқынмен жүргізеді және қаланы алуда тараншыларға күш жинау қиынға соғады деген ұсыныс білдірді. Сонымен бірге орыс әскерлеріне қарсы соғысатын тараншылар үшін көмекке онымен жақын байланыс орнатуға ықылас танытып жүрген Жетішар мемлекетінің басшысы Якуббектің әскерін көмекке шақыруға уақыт жеткілікті болатыны ескерілді. Орыс әскерлері Якуббектің Музарт шатқалы арқылы Іле аумағына өтетін жолын жауып тастағанымен, ол өз әскерін Үрімші және Манас арқылы немесе Жұлдыз өзені арқылы алып кете алатын мүмкіндігі бар екені алға тартылды. Осы арқылы Ресей билігі аймақта Якуббектің жолына үлкен тосқауыл қоя алды және мұнымен шектелместен Іле өлкесіне басып кірудің әскери дайындығын алдын-ала жасай алды (Моисеев С.В., 2002:94-95).

Расында, да бұл кезде Ресей үшін тиімді шараларды қолға алып, тез арада аймақтағы жағдайды реттеуге кірісуі керек болды. К.П. Кауфман Ресейдің Шыңжаңдағы істерге араласу үшін империяның Сыртқы істер министрі А.М. Горчаковқа арнайы өтініш білдіреді. Ол А.М. Горчаковқа арнайы ұсыныс-хат жазып, онда орыс-қытай шекарасында жағдайдың тұрақсыздығы мен ахуалдың жылдар бойына шиеленісіп жатқанын жеткізеді. Сондықтан, уақытты оздырмай, аймақтағы саяси жағдайды реттеу үшін және шекарада тоқырап қалған орыс саудасын жаңартуды ұсынды. Осылайша, ендігі кезекте генерал фон К.П. Кауфманның өзі аймақтағы жағдайды реттеуге кіріседі (Алдабек Н.Ә., 2003:140).

Осы аталғандардың негізінде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы фон К.П. Кауфман Жетісу облысының әскери губернаторы генерал Г.А. Колпаковскийге тараншыларды жазалауды бұйырып, ол үшін өз әскерімен Құлжаға аттануға рұқсат берілетіні туралы баяндалды. Түркістан генерал-губернатор Г.А. Кауфман генерал Г.А.Колпаковскийге көмекші күш ретінде Сырдария облысынан 100 казак әскерін, ал Токмақ уезіне Нарын және Қаракөлге 1-ші түркістандық алғы шептегі батальонды жіберді. Құлжа сұлтандығына қарсы әскери қозғалыстарға Түркістан губернаторлығынан 65 мың рубль бөлінді (Мойсеев В.С., 2003: 118)

Ақыры, Ресей империясының Түркістандағы өкілдігі Іле өлкесіндегі саяси жағдайды түбегейлі реттеуге шешім қабылдады. Тарихи тұрғыдан қарағанда, мұндай шараның жүзеге асырылуы қашанда болмасын тиіс еді. Іле сұлтандығы мен оның халқының саяси тағдырына өзгеріс енетіні анық болғандай көрініп тұрды. Келесі кезекте, бұл кезде Ресей империясы тарапынан қабылданған шешімдерге қарсы Алахан сұлтан қандай жауап қайтаратыны маңызды еді. Біздің пікіріміз бойынша бұл кезде Алахан сұлтан соғысты болдырмаудың алдын алып, тиісті шараларды қабылдауы тиіс еді. Қазақ старшыны Тазабек Пұсырмановты қайтарып немесе оған қатысты тиісті кешірім жолдап, арнайы шаралар қабылдаса, Ресей тарапынан мұндай қауіп-қатердің төнбеуі әбден мүмкін еді. Мұнда, Алахан сұлтан өз мемлекетінің өміршең бола алмайтынына көзі жеткен сияқты (Петров, 2003: 316-320)

Шекара маңында 3 мамырдан бастап жүргізіле бастаған әскери шараларды ендігі кезекте күшейтіп немесе әскерилерді қайта жасақтау ісі жүргізілді. Тараншыларға соққы беру мақсатында подполковник Елинский әскерінен бөлек тараншылардың бекінісі Мазарға жақын орналасқан ресейлік әскери бекініс Борохудзир форпостына Балицкий бастаған екі зеңбірегі бар, 20 казактан тұратын шағын жаяу әскер күші орналастырылды. Ресейлік әскерлер жоғарыда келтірілген кедергілерден кейін және қосымша күштің келуінен соң аз уақытқа созылған шайқастан кейін орыс Мазар бекінісін басып алып, оны қирандыға айналдырды.

Бірақ, тараншы әскерлері мұнымен шектелмей, есін тез жиып үлгереді. Оның

басты мысалы, ресейлік әскерлер Хоргостан алға жылжи бастаған кезде тараншылар ауыр соққы жасайды. Ресейлік әскербасы Балицкий үсті-үстіне тоқтаусыз ұйымдастырылған шабуылдардан кейін есін жия алмай кері шегінді. Ол жол-жөнекей әскери соғыс қимылдарына төтеп бере отырып, бірқатар әскерлерінен айрылып Борохудзирге қайта оралады. Майор Балицкийдің жасағы ендігі кезекте соғыс қимылдарына аздап шектеу қойып, барлау жұмыстарына кіріседі. Тыңғылықты түрде жүргізілген барлау жұмыстары арқылы Алахан сұлтанның көп әскерінің барлығына көз жеткізеді. Барлау жұмыстары арқылы сұлтан әскерінің соғыс қимылдарын үйренбегеніне және тараншылардың басым көпшілігі Хоргос өңірінде шоғырланғанына толық көз жеткізді (Верещагин, 2011:215-219)

Аймақтағы жағдайды барлап болған соң генерал Г.А. Колпаковский өзі әскерді бастап шығуға бел буды. Осыдан соң Г.А. Колпаковский өзінің әскерімен дереу Борохудзир қамалына басып кірді. Генерал әскеріне қосымша күштер жасақталды. Бұл қосымша күштер генерал мен оның әскерінің Кетмен асуынан қиналмай өтуі үшін жасақталды. Сонымен қоса, Кетмен асуына подполковник Ждан-Пушкин мен подполковник Елинскийге де қосымша көмек келіп, онда 2 рота жаяу әскер, 200 казак, 4 зеңбірекпен полковник Михайловский бастаған соғыс қимылдарына үйретілген казак әскерін жіберді. Қосымша екі жасақпен күшейтілген генерал Г.А. Колпаковскийдің әскері 28 мамырда өзіне қарама-қарсы бетте тұрған Кетмен асуынан асып өтіп, мұнда көптеп шоғырланған тараншыларды жеңіліске ұшыратты. Кетмен толық алынды

Алайда, жеңісімен жігерленген Г.А. Колпаковский арадан екі күн өткен соң (31 мамырда) Іле өзенінің оң жақ жағалауында тараншылардың қарсылығына тап болады. Бұл кезде тараншыларды Алаханның сенімді серіктері және өзі бастап соғысқа шығады. Маусымның алғашқы күні Кетмен асуының маңында болған соғыста тараптар ауыр шығынға ұшырайды. Алахан сұлтан мен оның ең сенімді әскербасылары соғыс қимылдарын жүргізгенімен нәтижеге қол жеткізе алмады. Орыс әскерлері де ауыр шығынға ұшырады, бірақ артқа қарай шегінбеді. Ақыры, осындай кескілескен ұрыстардан соң тараншылардың әскері кейін шегінді. Бұл соғысты көзбен көргендер оның ауыр болғанын және әсіресе тараншылар үшін аса қиын болғанын айтады.

Бұл шайқас «Кетмен шайқасы» деп те аталып, онда табан тірескен аса ірі қоян-қолтық соғыс болып, ол екі күні бойына жалғасты. Оның нәтижесінде орыс әскері ұйғырлар мен жалпы сұлтан әскерін кейін шегінуге мәжбүр етті. Сұлтан мен оның әскері өте көп шығынға ұшырады. Іле өлкесіне соғысты бастап келген генерал Г.А.Колпаковский өзінің әскери күшінің мықты болғанына қарамастан, осы кезде орын алған саяси және әскери жағдайлар жайлы өзінің ерекше толғанысын білдіреді. Онда тараншылардың тізе бүгуі бұл жолы ол үшін өте қиынға соққанын айтады (Кадников, 1911:895-897). Генералдың бұл сөзіне қарай отырып, орыс әскерінің де аса үлкен шығынға ұшырағанын атауға болады. Кетмен шайқасындағы ауыр да болса келген жеңістер Құлжаға баратын басты жеңіс жолын ашып берді.

Алахан сұлтанның әскері мен оның серіктестерінің де күштері орыс әскерінің алдында төтеп бере алмай жеңіліске ұшырады. Тараншылар мен одақтастары жеңіліс тапқанымен генерал Г.А. Колпаковскийдің әскеріне қарсы тұру және оларды сыртқы көмек арқылы талқандау туралы ойынан қайтпады. Тараншылар Кетмен шатқалына орыс әскерлерінің кіруіне тосқауыл қойып, ол жерге жаңа күштерді қайта жасақтады. Алайда, орыс әскерлері бұл кезде Кетменді қоршауға алуға ықпал танытпады. Бұл кезде орыс әскерлері Құлжаға қарай жылжыды. Г.А. Колпаковскийдің басты мақсаты енді Құлжаны иелену болды. Ол Құлжаны соғыссыз алуды жоспарлады. Ол Музарт тау шатқалдары жағынан және Борохудзир мен Құлжа жақтан келетін тараншыларға қарсы тұруға өз әскербасыларын жіберді. Осындай жолдар арқылы бірер күннің ішінде-ақ Құлжаға кіруді жоспарлаған ол

алға қарай ешбір іркіліссіз жылжып отырды.

Орыс генералы Құлжаға қарсы жаңа операциялар ұйымдастырып жатқан кезде бұл уақыт аралығында Іле өзенінің оң жақ жағалауында орыс әскері мен тараншылар арасында соғыс қимылдары әлі де жалғасып жатты. Маусым айының алғашқы аптасында 3 мыңнан астам тараншылар орыс әскеріне шабуылға қарай шығып, алайда 8 маусымда Ақкент қамалы маңындағы шайқаста үлкен жеңіліске ұшырады. Тараншылар кері шегінді. Бұл жеңілісі тараншылар үшін орыстармен соғыста жеңудің мүмкін еместігін көрсеткендей болды. Шекаралық маңнан бастап барлық бекіністерге берік орныққан орыс әскерлері тараншылар мен аймақта басқа да халықтардың әскери қимылдарына тиісті жауап қайтарып, оларды кері шегінуге мәжбүр етіп (Горшенина, 2014:119-120) отырды.

Құлжалықтар үшін орыстарды жеңіліске ұшыратуға деген үміт оты сөнгендей болды. Сұлтан әскерлері алғашқы кездегі сәтті әскери қимылдарын жалғастыра алмады. Басты себеп, Алахан сұлтанның әскери күшінің аздығы мен соғысқа шығу үшін әскери қажеттіліктер мен соғыс материалдарының аздығы болды. Құлжа сұлтанының соғыс жағдайының қандай деңгейде екенін түсінген орыс генералы Г.А. Колпаковский өзі де әскери қимылдарды жүргізуді тоқтатуды қалады. Барлығын бейбіт түрде шешіп, Құлжа сұлтанының берілуге мәжбүр еткісі келді. Маусым айының алғашқы күндері шекаралық бекіністерде соғыс қызып жатқан кезде ол Құлжа және бүкіл Іле өлкесінің халқын өз жағына тартып, үндеуін жариялады. Жоғарыда аталғандай, 5 маусымда, шешуші шайқас қарсаңында, Жетісу әскери губернаторы Г.А. Колпаковский Құлжа халқына үндеу салып, орыс әскеріне қарсыласпауға шақырды. Ол өзінің Іле халқымен ешқандай дұшпандық пиғылда емес екенін айтып, орыс билігінің неліктен Алахан сұлтанға қарсы соғыс қимылдарын бастау себептерін түсіндірді (Богоявленский, 1906: 15-16).

5-6 маусымда Г.А. Колпаковскийдің Іле халқына жолдауын талдай отырып негізгі мазмұнын көрсететін болсақ, ол соғыс қимылдарының орын алу себептерін былай түсіндіреді. Г.А. Колпаковский өзінің үндеуінде: «Мен, сан жылдар бойына, жеті жылдан астам уақыт бойы, аймақта бейбіт өмір пен тыныштықтың тараптары болған Ресей императорының бұйрығымен тиісті әрекеттерді жүзеге асырып, Іле халқында тыныштық орнайды деп ойладым. Ол үшін ұйғыр сұлтаны Алаханға сан мәрте арнайы хат жолдадым. Құлжа сұлтанынан, біздің тарапымыздан қойылған барша талаптарымызды орындауға шақырдым. Оның ішінде шекарадан асқан халықтарды, бейбіт халықты барымталаған қашқын адамдарды кері қайтаруды сұрадым, бірақ оның барлығы орындалмады, тек құр сөз жүзінде қалды. Құлжа билеушісі ұсынысты қабылдамады, ымыраға келіп, жақсы қарым-қатынасты сақтап қалуды қаламады» - деді.

Өз сөзін аяқтаған Г.А. Колпаковский Ресей империясының аймақта тек бейбітшілік орнатуға ғана мүдделі екеніне халықты сендіруге тырысты. Ол үшін өзінің аймақта соғыс қимылдарын жүргізбейтінін ескерте отырып, тек қана бейбіт өмір мен тыныштық үшін Құлжа халқының ұрыссыз берілуін сұрайды. Осылайша, ол әрі орыс әскерінің бейбітшіл екендігін түсіндіре отырып, Құлжа қаласы мен сұлтандығының және Іле өлкесінің халқы өзінің әскеріне ешбір қарсылық көрсетпесе олар үшін Ресей тарапынан тек кешірім мен түсіністік жасалатынына үде береді. мәлімдейді (Моисеев, 2003:142-143).

Генерал Г.А. Колпаковскийдің бұл ұсынысы аймақта орыс дипломатиясы үшін өзіншебіртабысты әрекет іспеттес болды. Генералдың Іле халқына жолдаған ұсыныс-тілектерінен кейін аймақта соғыс қимылдары біршама саябырсығандай болды, бірақ тоқтамады, жүріп жатты. Маусым айының басында күшейген ұрыс қимылдары айдың орталарына қарай да тоқтаған жоқ. Мысалы, 1871 жылы 16 маусымда генерал Г.А. Колпаковский бастаған әскер Іле өзенінің оң жақ жағалауымен Хоргос ауылына қарай ілгері жылжыды. Ойда жоқта Хоргос ауылында орыс әскері Абдрахман

бастаған 4 мың адамнан тұратын сұлтан әскерінің қарсылығына тап болды. Бірақ, заманауи ұрыс қаруларымен жабдықталған және соғыс тактикасын жетік меңгерген орыс генералының әскері бұл қарсылықты тез арада жойып, тараншыларды тізе бүктірді. Сұлтан әскерлері Ақкент бекінісіне қарай шегінуге мәжбүр болып, тіпті қарулары мен мүліктерін тастап қашты. Ақкентте сұлтан әскерінің жеңіліс табуы ұйғырлар және оларға көмектескен дүнгендер мен қазақтар мен қырғыздардың әскери рухын түсіріп тастады. Ақкент маңында болған соғыс басты оқиғалардың бірі болып, онда ресейлік әскерге қарсы күреске ұйғырларға сибо және қалмақтар халықтары көмектескен (Верещагин, 2011:6).

Осы тұста айта кетерлігі орталықтың, яғни империялық биліктің басты назары Құлжа сұлтандығында болып жатқан саяси-әскери операцияларда болғанын ерекше айта кеткен жөн. Маусым айының басынан бастап ортасына қарай ресейлік әскерлердің Құлжа сұлтандығына қарсы табысты соғыс қимылдарын жасай бастауы соның айғағы. Ресей империясының әскери істер министрі Д.А. Милютин мен оның жанында қызметте болған генерал, әскербасы Ф.Л. Гейден жағдайды бақылап, олар Құлжадан ұдайы хабар алып отырды. Аймақта орыс әскерінің ұрыс қимылдары мен оларға қажетті соғыс материалдармен қамтамасыз ету жұмыстары ұдайы бақылауда болды. Дегенмен, орыс әскерінің да материалдық жағдайы аса жоғары деңгейде болды деп айту қиын. Ресейлік жауынгерлер Іле өлкесінің ой-шұқырлы жерлерінде соқтығысқан қиындықтарға қарамастан, өз генералдарының бұйрығын орындап соғыс қимылдарын одан ары жалғастырды (Гольдберг, 1897: 14).

Келесі күні, яғни 17 маусымда генерал Г.А. Колпаковский бастаған әскери жасақтың бөлімшелері Чинчаоцзи қаласына қарай ілгері жылжыды. Себебі, мұнда ұйғырлар көп шоғырланды. Сұлтан әскерлері бұл қаланы лажсыздан әскери бекініске айналдырды, мұнда тараншылардың артиллериялық әскери бөлімшесі жасырынды. Чинчаоцзи маңындағы соғыс қимылдары орыс әскерлерінің Құлжа сұлтандығына қарсы жүргізген соңғы соғыс қимылдары ретінде қалды. Себебі, осы қалада болған соғыс қимылдарынан соң Құлжа сұлтандығының билеушісі Алахан сұлтан орыс әскербасы генерал Г.А.Колпаковскийден Іле өлкесінде соғыс қимылдарын тоқтатуды және артынша ортақ келісім жасау туралы ұсыныс білдіреді. Алайда, ресейлік әскери штаб мұндай ұсынысты бірден қабылдай қоймады. Өйткені осыдан біраз уақыт бұрын тараншы сұлтаны Алахан, Жетішар билеушісі Якуббектен әскери көмек алуы мүмкін деген күдікті хабар орыс генералын қатты мазалады. Егер, бұл соғысқа Якуббек кірісетін болса, онда саяси жағдай мүлде басқа жаққа қарай өзгеріп, жағдай қатты шиеленісетін болды. Сол үшін орыс генералы Г.А. Колпаковский бітіп тұрған соғысты соңына дейін тез аяқтап тастауға кіріседі (Моисеев, 2002:109-111).

Расында да Алахан сұлтанның соғысты уақытша тоқтата тұру туралы ұсынысында бір саясат бар сияқты көрінді. Мұны сезген Г.А. Колпаковский ешқандай ұсынысты қабылдамай, аймақта соғыс қимылдарын жалғастыра берді. Келесі кезекте, Г.А.Колпаковскийдің әскері шекараға жақын маңда орналасқан Сүйдун (Сүйдін) қаласына жақындады. Сүйдін қаласының халқы сұлтанның қандай да бір шара қабылдауды сұрады. Маусымның 19-ы күні орыс әскерлері Сүйдін қамалының маңына келген кезде, Алахан сұлтан әскербасы Г.А. Колпаковскийге өзінің сенімді өкілдерін жібереді. Сұлтан адамдары алғашқыда орыс әскерлерінен Сүйдін тұрғындарына қарсы соғыс қимылдарын жүргізбеуді сұрады. Сонымен бірге олар Сүйдін халқына орыс әскерлеріне қарсылық көрсетпеуді ұсынып, бұл ұсынысқа тұрғындардың басым көпшілігі дайын екендерін білдірді. Ресейлік әскерлердің жойқын қимылдарынан сескенген қаланы қоршап тұрған қорғаушы сұлтан әскерлері орыс әскерлері қалаға жақындаған тұста-ақ шегініс жасап қашады (ҚРОМА, 20:17). Мұны өз көзімен көрген Сүйдін тұрғындары қаруларын тастап,

бейбіт жолмен бас июге келісімдерін береді.

Генерал Г.А. Колпаковскийге барған сұлтанның арнайы өкілдерінің негізгі миссиясы генерал Г.А. Колпаковскийді Іле өлкесіндегі келесі бір әскери бекініс Баяндайда арнайы келіссөз ұйымдастыруын өтінді. Себебі, аймақта жағдай күрт өзгере бастады. Тараншыларды оқ-дәрі таусылып, қырылған жауынгерлердің саны арта берді. Күштердің тең еместігі байқалды. Соғысушы әскерлер арасында наразылықтар орын ала бастады. Мұндай ұсыныстарға Сүйдін қаласы тізе бүккеннен кейін, Г.А. Колпаковский сұлтан жақтастарына сене бастады. Сөйтіп, ақыры ұзақ тартыстан соң Алахан сұлтанның келіссөз жүргізу туралы жасалған ұсынысы генерал Г.А. Колпаковский тарапынан қабыл алынды. Аталған келісім бойынша тараптар Баяндайда кездесіп, Құлжа сұлтандығының билеушісі Алахан сұлтан Г.А. Колпаковскийге өзінің саяси ұстанымдарынан толықтай бас тартатынын айтты және бұл соғыстың бастамашысы мен айыптысы ретінде өзін көрсетеді.

Мұнымен тараншылар шектелмеді. Оның басты мысалы Сүйдін бекінісін толық орналасып жайғасқан орыс әскерлеріне сұлтанның маңайынан қашқан ықпалды адамдар келді. Мысалы, тараншылардың ақсақалы саналған, Алахан сұлтанның Верныйда елшісі болған Азизбай бек, одан соң бұрын сұлтанның әскери қызметінде болған Бугири-минбеги мен басқа да беделді адамдар келді. Олар Г.А. Колпаковскийге қарсы соғысып жатқан тараншылардың жасағының бас қолбасшысы Абдрахман-газанчи және басқа да командирлер Құлжаға барып Алахан сұлтанға «орыс әскеріне қарсы тұра алмайтындарын және тізе бүккен жасақты ұстауға бар күштерін салатынын» жеткізді. Жоғарыда аталғандай, олардың кеңестеріне құлақ асқан сұлтан Алахан Әбілоғлы генерал Г.А. Колпаковскийге Құлжаға қарсы соғыс қимылдарын тоқтату туралы өтініш жасап елшілік жіберді (ҚРОМА, 20:18.).

Өтінішке байланысты Алахан сұлтанның билігінің қол астында қалған Тазабек Пұсырманов пен Құлжаны паналаған басқа да адамдарды тез арада кері қайтаруды талап етті. Жоғарыда аталғандай, бұған жауап ретінде ұйғыр сұлтаны Алахан сұлтан көп уақыт созырмай-ақ Құлжада паналаған барлық ықпалды адамдарды, бұрын Құлжа сұлтандығынан пана іздеген беделді және саяси тұлғаларды, оның ішінде атақты қазақ батыры Тазабек Пұсырмановты да генерал Г.А. Колпаковскийге табыстады (ҚРОМА, 20: 17-18). Келісім бойынша орыс жасағы Баяндай бекінісіне келіп, түнеуге дайындалып жатқан кезде Құлжадан ең беделді адамдарымен Алахан сұлтан да келіп, орыс әскерінен халқына аяушылық танытуын сұрады және ол үшін Ресей империясының билігіне бас иетінін ашық жариялады. Генерал Г.А. Колпаковский Ресей императоры ІІ Александр атынан сұлтанның жеке басының қауіпсіздігіне, оған тиесілі мал-мүлікке қол сұқпауға, ал Құлжаның тұрғындарына «тыныштық пен мал-мүліктерінің қорғалатынына» кепілдік берді. Құлжа сұлтандығының билеушісі сұлтан Алахан Әбілоғлы арнайы әскери жасақпен біржолата Верныйға жөнелтілді. Осыдан соң 1871 жылы 22 маусымда орыс жасағы Құлжа сұлтандығының астанасы Құлжа қаласына көтеріліссіз және ешбір кедергісіз кірді. Құлжа сұлтаны Алахан үшін ең ауыр болған жағдай ол орыс генералына өзінің бүкіл әскери қару-жарақтар қоры мен оқ-дәрі қорын өткізді. Г.А. Колпаковский Құлжаны алған күні мұндағы көшіп келген және осында тұрғылықты өмір сүріп жатқан қазақтардан басқа көшпелі халықтың барлығы дерлік: сибо, солон, қалмақ, тараншылар өздерінің бас июге ниетті екендіктерін білдірді. Сонымен бірге мұнда жергілікті Цинь империясының өкілдері саналған адамдар да орыс генералының билігін таныды. Құлжа сұлтандығы жойылып, ол Ресей империясының меншігіне өтті.

Соғыс кезінде орыс зеңбіректерінің күш-қуаты берік болып, қытай зеңбіректері мен бекіністік қарулардың атылған оқтары оған қарсы тұра алмады. Орыс әскері негізінен Құлжа сұлтандығының ең маңызды бекіністері Алимту, Сүйдін мен

Чинчахоцзы деп жоспарлап, мықты әскери күштерді сонда қарай бағыттады. Сондықтан, тез арада осы қамалдар қоршауға алынды. Тараншылардың аз уақытта жеңіліске ұшырауына ықпал еткен тағы бір жағдай, тараншы әскері қаруды дұрыс пайдалан білмеді. Мысалы, Сүйдін қаласында қару-жарақты пайдалана білмейтін, соғыс қимылына үйретілмеген тараншылар жиі атылған бірақ аса қауіпсіз болған оқтарға қарсы тұра алмады. Осыдан кейін оларға мәнсіз соғыстан бас тартып, берілуге тура келді (ҚРОМА, 13:1).

Құлжа қаласы берілгенімен ішінара орын алған қақтығыстар мен жалпы наразылықтар және әскери қимылдар толық тоқтаған жоқ. Әр жерлерде оқтын-оқтын соғыс қимылдары ұйымдастырылды. Құлжаға әкелінген Жетісу казак әскерлеріне жергілікті халық арасынан шыққан әр түрлі адамдар тобы (ҚРОМА, 13:2) жиналып, қарсылық көрсетіп, ол үлкен қақтығыстарға ұласып отырды. Бұл дегеніміз аймақта әлі де болса жағдай тұрақталмағанын сипаттайды. Соның салдарынан 1871 жылдан 1872 жылдың мамыр-маусым айларына дейін (ҚРОМА, 13:3). Құлжа қаласының маңында жетісулық казак әскерлеріне қарсы осындай наразылық немесе қарсылық қарулы қимылдар ұйымдастырылып, ол өз уақытында әскери күшпен бастырылып отырды. Мұның салдарынан жергілікті халық арасынан және казак әскерлері арасынан жауынгерлер қайтыс болып, адам шығындары орын алып отырды (ҚРОМА, 13: 4). Мұндай әрекеттер жергілікті жерде патша әкімшілігінің өкілдері мен халықты басқарушы топтардың қырағы әрекетінен кейін тоқтатылды.

Қорыта айтқанда, Ресей империясының Құлжа сұлтандығын иеленуі өте аз уақытқа созылғанымен, ол көптеген саяси және тарихи факторларды өз ішіне қамтыды. Қазіргі уақытта Алахан сұлтанның Жетісу әскери-губернаторы генерал Г.А. Колпаковскийге қатысты тиісті шараларды қабылдап, онымен жақсы қарым-қатынасқа өткенде соғыс жағдайының орын алмауы әбден мүмкін еді деген тұжырымдар басым болып отыр. Дегенмен, Алахан сұлтанның аймақта өз саясатын реттеуге мүмкіндігі аз болды. Мемлекетінің өмір сүруі мен халқының амандығы үшін қолында ұстап отырған барлық бүлікшілерді қайтарып Ресей империясымен жақсы байланыс орнатудың өзінде де Құлжа сұлтандығы уақыт өте Қытайдың немесе Ресейдің құрбанына айналатыны анық көрініп тұрды. Себебі, бұл кезде Ресейдің Шыңжаңдағы империялық саясатына қатысты өзіндік геосаяси жобалары болды.

Әдебиет:

Алдабек Н.Ә. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: «Қазақ университеті», 2003. 432 б

Альманах современных русских государственных деятелей.м СПб.: Тип. Исидора Гольдберга, 1897, С. 12-14.

Ахмеджанов А. Возвращение Россией Кульджинского района Китаю. Ученые записки Алма-Атинского государственного педагогического института им. Абая. Серия общественно-политическая. Т. XIV (2). Алма-Ата, 1957. Т. XIV. 168 с.

Богоявленский Н.В. Западный Застенный Китай: Его прошлое, настоящее состояние и положение в нем русских подданных. СПб.: типография А.С.Суворина, 1906. 418 с.

Воскресенский А.Д. Дипломатическая история русско-китайского Санкт-Петербургского договора 1881 года. А.Д. Воскресенский; Ин-т Дальнего Востока РАН, Центр «Россия-Китай». М.: Памятники исторической мысли. 1995. 444 с.

Верещагин В.В. На войне в Азии и Европе. С рисунками художника В.В.Верещагина.: Верещагин В.В. М.: Книга по Требованию. 2011. 399 с.

Горшенина С. Теория “естественных границ” и завоевание Кульджи (1870–1871 гг.): автопортрет российских военно-дипломатических элит Санкт-Петербурга и

Туркестана. *Ab Imperio*. 2014. С. 102-163.

Дубровская Д.В. Судьба Синьцзяна : обретение Китаем «Новой границы» в конце XIX в. Д.В. Дубровская; Рос. акад. наук. Ин-т востоковедения. Москва: ИВ РАН. 1998. 203 с

Кадников В.С. (1911). Из истории Кульджинского вопроса. Исторический вестник. С. 893-909.

ҚРОМА (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві)

ҚРОМА 21-к., 1-т., 9-іс, 9-21б.

ҚРОМА 21-к., 1-т., 20-іс, 17-18 бб.

ҚРОМА 39-к., 1-т., 13-іс. 1-46б.

Моисеев В.А. Из истории Илийского кризиса (заятие русскими войсками Кульджинского края в 1871 г.) Текст. В.А. Моисеев. Актуальные вопросы истории, историографии и международных отношений. Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1996. С. 93-108.

Моисеев В.А. О некоторых причинах и последствиях политики невмешательства России в ход восстаний в Синьцзяне в 1864-1866 гг. Третьи востоковедческие чтения памяти Г. Лившица. Барнаул: Изд-во Исторический вестник, 2000. 328 с.

Моисеев В.А. Карательный поход цинских войск в Синьцзян и позиция России (70-е гг. XIX в.). Востоковедные исследования на Алтае. Вып. 3. Барнаул: Азбука. 2002. С. 100–112

Моисеев В.А. Россия и Китай в Центральной Азии (вторая половина XIX в. - 1917 г.). Барнаул: Азбука, 2003. 346 с.

Моисеев С.В. Некоторые вопросы взаимоотношений России с государством Йэйтишар и политика Великобритании (втор. пол. 60-х – пер. пол. 70-х гг. XIX в.) // Гуманитарные исследования на пороге нового тысячелетия. Барнаул: Изд-во Исторический вестник, 2001. 216 с

Моисеев, С.В. Киргизы между Россией и Йэйтишаром. 60-70-е гг. XIX в. Текст. / С.В. Моисеев // Востоковедные исследования на Алтае: сб. науч. ст. / под ред. В.А. Моисеева. Барнаул: Азбука, Вып. №3. 2002. С. 91-99.

Моисеев С.В. Взаимоотношения России и Уйгурского Государства Йэйтишар в 1864-1877 гг. / Дисс...канд...исторических наук. Барнаул: 2003 227 с.

Муқанова Г.К. Центральная Азия через призму отношений: Россия Казахстан – Китай (XVIII-XX вв). Петропавловск: Типография ИТЦ, 2001. 557 с.

Петров В.И. Мятежное «сердце» Азии: Синьцзян : краткая история народных движений и воспоминания. В.И. Петров. Москва: Крафт, 2003 526 с.

Почкаев Р.Ю. Особенности правового положения илийского края в 1760-1860-е гг. Изв. Урал. федер. ун-та. Сер. 2: Гуманитар. науки. Т. 20. № 4 (181). 2018. С. 152-166.

Сизова А.А. Роль российской дипломатии в регулировании миграционных процессов на центральноазиатских рубежах России и Китая (вторая половина XIX в.). // Международные отношения в Центральной Азии: история и современность: Материалы международной научной конференции. Барнаул. Вып. II / под ред. А.В. Старцева. Барнаул: Азбука, 2010 326 с.

Сутеева К.А. Политика России в Илийском крае в 1871-1881 гг. / Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1987.; Политика России в Илийском крае Китая в 1871-1881 годах»: монография. Алматы: изд-во «ИП Тантеева», 2012. 130 с.

Тумайкина В.В. Позиции петербургских и туркестанских властей в вопросе оказания военной помощи Китаю на начальном этапе антицинского восстания в Синьцзяне (1864-1867 гг.). Международные отношения в Центральной Азии: история и современность: Материалы международной научной конференции. Барнаул, 27-28 марта 2008 г. / под ред. И.В. Анисимовой, Ю.А. Лысенко. Барнаул: Изд-во Алт. гос. ун-та, 2008. С. 138-153

Тумайкина В. Основные направления деятельности Г.А. Колпаковского во второй половине XIX века. Актуальные вопросы истории Сибири. Седьмые научные чтения памяти профессора А.П. Бородавкина: сб. материалов науч. Конференции / отв. ред. В.А. Скубневский, Ю.М. Гончаров. Барнаул: Изд-во Алт. гос. ун-та., 2009. С. 207-210.

References:

Aldabek N.A. Tarihy talqyfa toly Spynzhan. Almaty: «Qazaq universiteti», 2003. 432 b

Al'manakhyy sovremennogo sovremennogo iskusstva. M-SPb.: Tip. Isidor Gol'dberg, 1897. s. 12-14.

Akhmedzhanov A. Vozvrashcheniye v Kuldzinskiy rayon Rossii, Kitay // Uchenyye zapiski Alma-Atinskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta. Abaya. Seriya obshchestvenno-politicheskaya. T. XIV (2). Alma-Ata, 1957. T. XIV. 168 s.

Bogiavlenskiy N.V. Zapadnyy Zastennyi Kitay: yego proshloye, nastoyashcheye sostoyaniye i polucheniye ne russkikh poddannykh. SPb.: Tipografiya A.S. Suvorina, 1906. 418 v.

Voskresenskiy A.D. Diplomaticeskaya istoriya russko-kitayskogo Sankt-Peterburga 1881 goda / A.D. Voskreseniye; In-der Dal'negu Vostok RAN, Tsentr "Rossiya-Kitay". M.: Pamyatniki istoricheskoy mysli. 1995 g. 444 s.

Vereshchagin V.V. I v Yevrope, i v Azii. V.V. Vereshchagina: / Vereshchagin V.V. M.: Kniga po Trebovaniyu. 2011 g. 399 s.

Gorshenina S. Teoriya "yestestvennykh khramov" i raspada Kul'i (1870-1871): avtoportret rossiyskoy elity, diplomaty voyennoy elity Sankt-Peterburga i Turkestana. // Ab Imperio. 2014. S. 102-163.

Dubrovskaya D.V. Sud'ba Sin'tsyan: Sozdaniye tsitaty "Novaya Granitsa" na kontserte v XIX veke. / D.V. Dubrovka; Rot. Akad. Nauk. V-Vostokovedeniya. M.: IV RAN. 1998. 203 s.

Kadnikov B.S. (1911). Iz istorii Kul'dzhina Vopros: // Istoricheskiy vestnik. S. 893-909.

QROMA (Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq Memlekettik Arhivi)

QROMA 21-q., 1-t., 9-is,

QROMA 21-q., 1-t., 20-is 17-18 b.

QROMA 39-q., 1-t., 13-is. 2-4 b.

Moiseyev V.A. Iz istorii Iliyskogo krizisa (v proizvedeniyakh XVIII veka v Kuldzinskoy oblasti na russkom yazyke) Tekst. / VA Moiseyev // Aktual'nyye problemy istorii, istoriografii i mezhdunarodnykh otnosheniy. Barnaul: Poisk v Altayskom gosudarstvennom universitete, 1996. S. 93-108.

Moiseyev V.A. V nekotorykh stranakh i posle nedovol'stva Rossii vozvrashcheniyem v Sin'tsyan v 1864-1866 gg. // Tret'i vostokovedcheskiye chteniya pamyati G. Livshits. - Barnaul: Izd vo Istoricheskiy vestnik, 2000. 328 s.

Moiseyev V.A. Prognozirovaniye poyezdki v Sin'tszyanskoye krylo Sin'tszyana i polozheniye Rossii v 70-kh godakh XIX veka // Vostokovednyye issledovaniya na Altaye. Tom 3. - Barnaul: Azbuka. 2002 g. 100-112

Moiseyev V.A. Rossiya i Kitay v Sredney Azii (vtoraya polovina XIX v. 1917 g.). Barnaul: Azbuka, 2003. 346 s.

Moiseyev S.V. Okolo 60 let v 70-kh godakh 70-go veka v Soyedinennom Korolevstve, s sostoyaniyem Yettishara i politikoy Velikobritanii (v 1970-kh godakh) // Gumanitarnyye issledovaniya noveyshey vneshney politiki. Barnaul: Izd vo Istoricheskiy vestnik, 2001. 216 s.

Moiseyev S.V. Eto Rossiya i Yettishar. 60-70 let. XIX vek Tekst. / SV Moiseyev // Vostokovednyye issledovaniya na Altaye: sb. nauka. ul. / subd. V.A. Moisey. Barnaul:

Azbuka, Vyp. № 3. 2002 g. 91-99.

Moiseyev S.V. Vzaimodeystviye Rossii i Uygurskogo gosudarstvennogo YAztisara v 1864-1877 gg. Diski ... Kandidat ... Istoricheskaya nauka. Barnaul: 2003. 227 s.

Mukanova G.K. Tsentral'naya Aziya skvoz' prizmu otnosheniy: Rossiya - Kazakhstan - Kitay (XVIII-XX vek do nashey ery). Petropavlovsk: Tipografiya ITTS, 2001. 557 s.

Petrov V.I. Reznya "serdets" v Azii: Sin'tszyan: kriticheskaya istoriya narodnogo dvizheniya i priznatel'nost' / VII. Petrov. M.: Kraft, 2003. 526 s.

Pochekayev R.YU. Osobennosti pravovogo polozheniya Iliyskra kraya v 1760-1860-ye gg. // Izv. Ural. Fed. v muke Mnogoseriynnyy telefil'm 2: Gumanitarnyye nauki. nauchnyye yarmarki. T. 20. № 4 (181). 2018. S. 152-166.

Sizova A.A. Rol' rossiyskoy diplomatii v regulirovanii migratsionnykh protsessov v tsentral'noy Rossii i Kitaya (vtoraya polovina XIX veka). // Mezhdunarodnyye otnosheniya v Tsentral'noy Azii: istoriya i sovremennost': material mezhdunarodnoy konferentsii. Barnaul. Out. II / Sub Rev. A.V. Stareyshiny. Barnaul: Azbuka, 2010. 326 s.

Suteyeva K.A. Politika Rossii v Iliyskom kraye v 1871-1881 gg. Avtoreferat. Cand. Diss. Alma-Ata, 1987 g.; Politika Rossii v Iliasskoy Kitaye 1871-1881 gg.: monografiya. Almaty: nauchnaya stat'ya «I.P. Tanteyeva», 2012. 130 s.

Tumaykina V.V. Pozitsiya Sankt-Peterburga i Turkestanskikh gosudarstv v voyne za okkupatsiyu voyennykh nakhoditsya v samom nachale antiyadernogo vosstanovleniya v Sin'tszyane (1864-1867) // Mezhdunarodnyye otnosheniya v Tsentral'noy Azii: istoriya i sovremennost': Materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. Barnaul, 27-28 marta 2008 g. / subd. IV Anisimova YU.A. Lysenko. - Barnaul: Rezul'taty poiska dlya: Alta. GSN. OON, 2008. 138-153

Tumaykina V. Glavnyye osnovnyye napravleniya g. Kolpakovskiy na vtoroy polovine XIX veka // Aktual'nyye problemy Sibiri. Sed'myye nauchnyye chteniya pamyati professora A.P. Borodavkina: da materialovedeniye. Konferentsiya / konferentsiya. Izdaniye V.A. Skubnevskiy, YU.M. Gonchar. Barnaul: Rezul'taty poiska dlya: Alta. GSN. Universitet. 2009. S. 207-210.

**ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА
В ПОТОКЕ ИСТОРИИ
IN THE STREAM OF HISTORY**

ҒТАХР: 03.20.00

АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бекназаров Рахым Ағыбайұлы

Тарих ғылымдарының докторы, доцент,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры,
Ақтөбе қ., Қазақстан E-mail: r.beknazarov@gmail.com

Түйіндеме. Мақалада Қазақ даласында, соның ішінде Ақтөбе өңірінде исламның таралуы, мешіттердің салынуы (дұға бағыштайтын үйлердің құрылысы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері), қазақ балаларының білім алуына, халық ағарту ісіне зор үлес қосқан діни қайраткерлер мен олардың қызметі қарастырылады.

Тарихи деректер мен далалық этнографиялық материалдар Қазақстанның далалық бөлігінде мешіттердің құрылысы қазақтардың жартылай отырықшылыққа ауысқаннан бастап, тұрақты қоныстар мен тұрғын-жайлардың қалыптасуынан бастап, яғни XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырға дейін күшейе түскенін көрсетеді. Қазақтар арасында исламның екі бағытының күресі анық көрініс табады: оңтүстіктен Түркістанның, Хиуаның, Бұқараның діни мектептерінің, көбінесе сопылық бағыттағы, және солтүстіктен Қазан мен Уфаның ресми теологиялық орталықтарының күресі.

Кілт сөздер: қасиетті рухани құндылықтар, қазақтар, мешіттер, ислам, діни қайраткерлер, Ақтөбе облысы

МРНТИ: 03.20.00

**ФОРМИРОВАНИЕ МУСУЛЬМАНСКОГО СОЗНАНИЯ
В АКТЮБИНСКОМ РЕГИОНЕ**

Бекназаров Рахым Агибаевич

Доктор исторических наук, доцент, профессор Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова,
г.Актобе, Казахстан E-mail: r.beknazarov@gmail.com

Аннотация: В статье рассматривается вопрос распространения ислама, строительства мечетей (организация работ по строительству моленных домов) в Казахской степи, в частности в Актюбинском регионе, религиозные деятели, внесшие огромный вклад в народное образование.

Как показывают исторические источники и полевые этнографические материалы, строительство мечетей в степной части Казахстана начинает набирать силу с переходом казахов к полуседлости, с образованием здесь стационарных поселений и жилищ, т.е. с конца XVIII до нач. XX вв. И здесь четко прослеживается борьба двух направлений распространения ислама в среде казахов: с юга религиозных школ Туркестана, Хивы, Бухары, в большей степени суфийского направления, и с севера официальных теологических центров Казани и Уфы.

Ключевые слова: Духовные святые, казахи, мечети, ислам, религиозные деятели, Актюбинская область

THE FORMATION OF MUSLIM CONSCIOUSNESS IN THE ACTOBE REGION

Beknazarov Rakhym Agibaevich

Doctor of historical sciences,
professor of K.ZhubanovAktobe Regional State University.
E-mail: r.beknazarov@gmail.com, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. The article deals with the issue of the spread of Islam, the construction of mosques (the organization of work on the construction of prayer houses) in the Kazakh steppe, in particular in the Aktobe region, and religious figures who have made a huge contribution to public education.

As historical sources and field ethnographic materials show, the construction of mosques in the steppe part of Kazakhstan begins to gain strength with the transition of Kazakhs to semi-sedentary, with the formation of stationary settlements and dwellings here, i.e. from the end of the XVIII to the beginning XX centuries. And here one can clearly see the struggle between the two directions of the spread of Islam among the Kazakhs: from the south of the religious schools of Turkestan, Khiva, Bukhara, mostly Sufi, and from the north of the official theological centers of Kazan and Ufa.

Keywords. Spiritual Holy Sites, Kazakhs, mosques, Islam, religious figures, Aktobe region

Отандық тарихнамада Қазақстан территориясында исламның таралуын зерттеу сұрағымен қоса Қазақ даласында халық арасында діни ағартушылық қызметін – IX ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін Қазақ даласында салынған мұсылмандар құлшылық ететін ғимарат, ислам мәдениеті нысандарының бірі – мешіттердің құрылысын жүргізуде үлкен еңбек атқарған адамдардың өмірбаянын зерттеу мәселесіне де қызығушылық танылатын. Осыған байланысты ескерткіштану ретінде жалпы бағыт шеңберінде ислам дінін тарату жолында қызмет еткен тұлғаға арнап салынған мешіт секілді архитектуралық құрылыстардың генезисі бойынша қазіргі күнге дейін сақталып келген жерасты мешіттері, үңгірлердегі мешіттер, жерүсті мешіттері, мешіт-кесенелер, ханака және т.б. – даладағы ғұрыптық құрылыстар негізінде этноархеологтармен, этноархитекторлармен, этнографтармен жоспарлы далалық экспедициялық, архивтік-библиографиялық зерттеулер жүргізіледі.

Әсіресе Қазақ даласында исламның таралуына, мешіттердің салынуына (дұға бағыштайтын үйлердің құрылысы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мәселелеріне), қазақ балаларының білім алуына, халық ағарту ісіне зор үлес қосқан қоғам қайраткерлерінің – молдалардың, ишандардың, ахундардың, хазіреттердің, қожалардың өмірбаяндары ерекше назар аударарлық.

Өңірде исламды таратуға, мешіт, медреселердің құрылысын жүргізуге көп үлес қосқан XIX ғ. – XX ғ. басындағы тұлғалардың (Досжан ишан, Марал ишан, Нүрпеке хазірет, Кердері Әбубәкір және т.б.) діни және ағартушылық жолын зерттеу Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен бастап жаңа серпін алады. Расында да бұл тұлғалар алғашқы ағартушы-геологтар ретінде болды. Сопы, ишан, ахун, хазірет діни атағын алу аталған кезеңде өте қиын, кейбір жағдайда қауіпті еді. Әрине, бұл олардың дін тарату қызметінің нәтижесі, шарифаттың барлық қағидаларын меңгергені үшін халық алдындағы еңбегі болды. Діни қайраткерлер өткен жол, олардың білімге ұмтылысы көп жылдар бойы халықтың Бұқарада, Хиуада, Уфада, Орынборда, Қазанда, Стамбулда, араб елдерінің діни орталықтарында білім алуға қызығушылығын танытты. Осы қиын жолда бастарынан өткерген ауыртпалықтарға қарамастан олар өз білімдерін жетілдіріп отырып, өңірге қайта оралып, өз отанында

ағартушылық қызметтерін атқарды.

Баршаға мәлім, исламның Қазақстан территориясына, әсіресе, оның оңтүстік аумағына ену фактілері VIII ғ. (751 ж. Талас шайқасынан кейін), IX ғ. Маңғышлақ түбегінде жартастағы және жерасты мешіттерінің (Шақпақ ата, Шопан ата және т.б.) салынуынан белгілі болды (Астафьев, 2010:357; Әжіғали, 2001:34). Алайда көшпелі тұрмыстың және шаруашылықтың объективті себептеріне байланысты ислам Орта Азияның отырықшы халқы өкілдері арасында секілді үлкен күшке ие бола қойған жоқ. Осындай жағдай XIX ғ. дейін сақталып келді. Әсіресе орыс ғалымы П.И. Рычковтың 1762ж. жарияланған «Топография Оренбургской губернии» еңбегінде қазақтардың діни өмірінен кейбір деректер көрсетіледі. Мысалы, «вера у них (яғни қазақтарда – Р.Б.), как и у прочих татар, магометанская. Но понеже между ими грамотных людей и абызов весь мало, то они и содержат закон сей слабо, и никаких мечетей в орде у них нет» (Рычков, 1762:86). Батыс тарихнамасында қазіргі таңға дейін ислам Ресей экспансиясы арқылы таралды деген көзқарас орын алуда. Мәселен, И. Войсков өз жұмыстарында: «В течение русского завоевания, в XVIII веке, они (яғни қазақтар – Р.Б.) не были еще мусульманскими, и им они стали при соприкосновении с русскими служащими. Им построили мечети, им послали муллу; понемногу они к этому приучились, но их религиозное усердие еще очень умеренно», – деп жазады (Woeikof, 1914:334).

Батыс тарихнамасында осындай көзқарастың қалыптасуына орыс самодержавиесінің империяның шығыс территорияларына, соның ішінде Қазақстанға, ықпалының болуы, Ресей империясының ықпалының күшеюі, әсіресе, діни саясатта, император жарғыларында көрініс тапты. Мысалы, 1973 жылдың 28 қаңтарында Екатерина II-нің «Мұсылман заңдарына бағынушыларға өздеріне өздері ахун сайлауға рұқсат беру туралы» («О дозволении подданным магометанского закона избирать самим у себя ахунов») жарғысы шығады (Ногманов, 1998:104). Осы сәттен бастап ортаазиялық мемлекеттерден молдалардың тағайындалу тәжірибесі тоқтатылады. «Керек» исламның шығысқа таралуы мақсат-бағдарлы таралуы, Қазақ даласында мешіттердің жеделдетіп салынуы басталады. Осы арқылы «сол жердегі халықты ресей бодандығына өткізу және бағынышты ұстау құралы...» ретінде көріп, сондай-ақ «осындай дұға оқитын орындар салу біздің шекарамызға жақын басқа да көшіп-қонып жүргендерді тартады: ал бұл басқа катал әдістерден гөрі уақыт өте келе олардың бас көтерулерін болдырмайды» деп сенді (Ногманов, 1998:105). Әрине, самодержавиенің исламға деген көзқарасының осылайша «жылуы» Еділ маңы мен Қазақстандағы халықтардың ұлт-азаттық көтерілістерінің өршу мәселесіне қарсы қолданған шара болғанын мойындау қажет. Отаршыл жүйенің діни мәселеге қатынасының өзгеруіне орыс-түрік және кавказ соғыстарының ықпалы аз болған жоқ. Е.Смирновтың ойынша, бұл оқиғалардың сабағын одан әрі орыс мұсылмандық Шығысты отарлау кезінде ескерілу керек еді, өйткені «басқа жермен салыстырғанда осында таза сақталған исламның жарығы мен тірегі ретінде өздерін көретін сарттар, тәжіктер, мұсылманданған түріктер өте күшті қарсылық, белсенді болмаса да, баяу түрінде көрсетеді» (Сыр-Дарьинская область, 1887:272). Атап өткен жөн, осындай жұмыс XV–XVI ғғ. бастап оңтүстік бағыттан да, әсіресе, алдыңғы қатарлы және елге танылған діни қайраткерлерді «ырыққа көндіру», мешіттерді бақылауды қолға алу және т.б. (Бабаджанов, 2006:254) жүргізілді.

Көшпелі қазақтардың көп бөлігі көшпелі түркмендермен қоса отырықшы Орта Азия халықтарының қасында ұзақ уақыт бойы «пұтқа табынушылар» болып көрінгендігін атап өткен жөн. Мал бағу, үздіксіз көшу отырықшы халықта бар мүмкіндіктерге ие болуға жағдай жасамады. Сондықтан ислам көшпелі ортада («далалық ислам») кейбір өзгерістерге ұшырады. Жалпы алғанда, А.К. Муминовтың пікірінше, осы өңірде «отырықшы өңірлердегі – Мәуереннахрдағы ислам және көшпелі өңірлердегі – Түркістандағы (Сырдариядан шығысқа қарай

мұсылман өңірлері) ислам» деп шартты түрде бөлінеді» (Муминов, 2004:109). Сонымен бірге соңғысы тұрмысқа қарай өзіндік ерекшеліктерге ие (қазақтардың, қарақалпақтардың, қырғыздардың мұсылмандық ұйымдары және т.б.). Осында тұрмыстық ислам, сопылық және әулиелерге табыну сияқты факторлар шешуші роль атқарып отырды (Муминов, 2004:113; Алимбай, 1998; Галиев, 1992; Мустафина, 2006).

Қазақтар мешіттер ретінде, әдетте, өздерінің киіз үйлерін пайдаланды («өз үйім – мешітім»). Осыған ұқсас жағдайды М.Н. Галкин Каспий теңізінің шығыс жағалауын мекендеген түркмендерден де байқайды. Бұл үшін олар «қыста бөлек киіз үй тігеді; ал жазда үлкен дөңгелек ор қазады, дұға бағыттаушылар оған түсерде немесе топырақ үйіндісінің арғы жағында аяқ киімдерін шешіп, мұнда жиналады» (Галкин, 1868:35). Молдалар ретінде діни сауаты бар қазақтар, «сарттар, орынбор және сібір татарлары» шақырылатын (Смирнов, 1897:25). Рычков Н. 1771 ж. қазақтарда «өздерінің діни қызметкерлері жоқ; бірақ күз мезгілінде оларға Ташкенттен, Түскістаннан және Хиуадан Қожалар, Ахундар және Молдалар келеді» (Дневные записки, 1772:26). Молдалардың бір бөлігін ортаазиялық халықтар өкілдері болып табылатын қазақтардың тұтқындары құрады. Мәселен, Бөкей ханда үш молда қызмет жасаған – Мурсалим Муртазаев, Абдряш Кутушев және Наис Мухамадрахимов. Олар тұтқынға алынды, қазақтарға үйленді, «балалар бар, осы себептер Бөкей ханға қызмет етуге міндеттейді». Олардың бірі 1801 ж. «Бөкей Ресей бодандығына өткенде онымен бірге осы жаққа өтті», яғни Ресей азаматтығын алды (Дело об указе, 1812: 11).

Тарихи деректер мен далалық этнографиялық материалдар Қазақстанның далалық бөлігінде мешіттердің құрылысы қазақтардың жартылай отырықшылыққа ауысқаннан бастап, тұрақты қоныстар мен тұрғын-жайлардың қалыптасуынан бастап, яғни XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырға дейін күшейе түскенін көрсетеді. Қазақтар арасында исламның екі бағытының күресі анық көрініс табады: оңтүстіктен Түркістанның, Хиуаның, Бұқараның діни мектептерінің, көбінесе сопылық бағыттағы, және солтүстіктен Қазан мен Уфаның ресми теологиялық орталықтарының күресі. Қазақстан этноархеологтарының соңғы жылдардағы далалық ізденістері ислам таралуының осы екі бағыттарының ықпал ету аймағын шартты түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Оның бірі – Ембі өзенінің бассейні, Мұғалжар тауларының оңтүстік сілемдері, Құрдым жеріне дейінгі Ырғыз өзенінің төменгі ағысы.

Бізбен шартты түрде жүргізілген шекараның солтүстік бөлігіндегі мешіттердің негізгі типтері болып ООБ-тан ССШ-қа бағытталған, жоспары тіктөртбұрышты бөлмесі бар (дұға бағыштайтын негізгі бөлмеден басқа кіреберіс, кебісхана, кітапхана кіретін), солтүстігінде мұнарасы (төбесінде, кіреберістің үстінде, ғимараттың бұрышында) салынған «татарлық типтегі» мешіттер табылады (Харузин, 1888: 162–163). В.В. Бартольд көрсеткендей, «христиан храмдарындағы крест секілді мешіттерде діни символ болған» мұсылман белгісі айшықпен аяқталды. Алайда ол «жалпы исламға емес, түрік-осман исламына тән» болды, мысалы Түркістан мешіттерінде орыс жаулап алушылығына дейін кездескен жоқ». Мешіттің оңтүстік-батыс қабырғасында міндетті түрде михраб қуысы жасалады. Олар әртүрлі құрылыс материалдарынан салынатын: ағаштан (Нарынқұмдағы Үштерек жеріндегі мешіт), тастан (Елек бассейніндегі Атыолла Хазірет мешіті), қызыл күйдірілген кірпіштен (Жабасақ ауылы маңындағы Самурат мешіті, Ырғыз – Өлкейек су айырығы, Ембідегі «Қожасайдың көк мешіті»), күйдірілмеген кірпіштен (Ақтөбе қаласының оңтүстігіндегі Сазды суқоймасы маңындағы Жоламан мешіті), кейбір кезде шым қолданылды (Ділмағамбет мешіті, Мұғалжар тауларының оңтүстік-шығыс сілемдері). Бірнеше мешіт туралы, Орынбор-Ташкент темір жолын салу бағытын зерттеу кезінде әсіресе, инженер фон-Шульц атап өтеді. Орынбордан 185-ші верст өткеннен кейін (Ақтөбе жағына қарай – Р.Б.) молдаға,

ауыл старшыны және аул биіне тиесілі болған күйдірілген кірпіштен керемет мешіт, медресе және бірнеше ағаш үйлер тұрғызылған; көптеген қыстаулар бұл ғимараттарды қоршайды, сондықтан қысқы мезгілде нағыз ауылды құрайды...». Одан әрі ол Ақтөбеден оңтүстікке қарай Бестамақта «бірнеше ағаш үйлер бар» екендігін және «салынып жатқан мешіт сән келтіріп» тұрғандығын жазады. Бұл ескерткіштерді этноархеологиялық зерттеулер көрсеткендей бұл ғимараттардың сәулеттік ерекшелігі жарық түсіретін терезелерді жоспарлау және салу болып табылады.

Батыс Қазақстан қазақтары үшін мешіт құрылысын жүргізудегі бастамашылардың бірі Кіші жүздің Жетыру тайпалық бірлестігінің Табын руынан шыққан (Шөмішті табын → Қарақойлы → Қоңыр → Жанқара → Бекше → Баспан → Қашақ) молда Қашақтың ұлы Досжан ишан (1812–1896) болды. Ол XIX ғ. Батыс Қазақстанның ғана емес, қазақтар мекендеген барлық аумақтың белсенді діни қайраткерлерінің бірі, Меккеге қажылық жасаған алғашқы қазақтардың бірі болып табылады. Кейін Досжан ишан араб елдеріндегі қасиетті жерлерге қазақтардың тәуап етуін ұйымдастырып отырған, Меккеде Қазақстаннан қажылыққа келген мұсылмандарға арнап «Тәкия үйі» құрылысын ұйымдастырушылардың бірі болды, қазақ халқының мұсылмандар әлеміне қатыстылығын дәлелдеп, «қазақ шежіресін» реформалауға белсенді қатысты, XIX ғ. 80-жылдары қазақтар үшін жеке муфтиятты ашу ісінде белсенді көшбасшы болды (Ұрпақұлы, 2000; Әжіғали, 2001; Шаңгереев, 2000).

Давлетшиннің 1898 ж. мәліметі бойынша, «сословиелік қызметі бойынша – барлық қырғыздар – жергілікті байлар-көшпелілер», олардың арасында тек «төлем алып өзгелер үшін қажылық жасауға келген екі молда» болды. Барлық қажылар жасы бойынша – 50-60 жастағы қарттар еді. Сапарға азық дайындау туралы оның жазбалары қызықты, сапарға орыс самаурынымен, шайымен, тоқаштарымен бірге «түздалған жылқы етін, шұжықтарды, кепкен тұзды құрт» алатын. Сонымен қатар екі бағыт болды: біріншісі – Еуропа арқылы теміржол арқылы Константинопольге, екіншісі теңіз арқыл кемеде Одессадағы және Севастопольдегі порттар арқылы. Осы кезеңнен бастап Меккеде «орыс мұсылмандарына» тиесілі арнайы қонақүйлер пайда бола бастайды.

Ақтөбе өлкесі тарихқа бай және мыңдаған жыл қалыптасқан мұсылмандық дәстүрді жалғастырушы мекен. Өңірдегі Жем, Темір, Ойыл, Ырғыз, Елек, Қобда, Қарғалы өзендері, сондай-ақ Мұғалжар тауы мен Доңызтауда мешіт-медреселер, мінәжат үйлері салынып жас буын мұсылмандық бұлақтан тәлім алды. Тарихи деректер бойынша, Ақтөбе өлкесінде XX ғ. басында 204 мешіт, 88 шіркеу, 109 мінәжат үйлері (ҚР АОММ, 288:3). Ал халықтың зердесінде өңірде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Бұл деректер өткен заман қоғамдағы діни мәдениеттің биік деңгейде болғандығын аңғартады. Сондықтан да, қазақ даласында «ислам», «иман», «ихсан» сөздері ертеден адамдардың санасына сіңіп, ислам діні халықтың ділімен біте қайнасып, ұлттық болмыстың ажырамас бөлгіне айналғандығын көрсетеді.

Көшпенді дәстүрді ұстанған қазақ халқы тарихта ислам мәдениетінен ешқашан да үзген емес. Мұсылмандық ұстаным қоғамды әрқашан да рухани дамуға жетеледі. Дала ойшылдары, ақын-жыраулар ислам өркениетінің көрнекті өкілдерінің бірі болды. Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап Абай, Ыбырай және Шәкәрім қазақ халқының ағартушылары, ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды. Ал қазақ зиялыларының барлық өкілдері мұсылмандықты ұлттық-мәдени өмірдің қажетті бөлігі деп санады. Олар дін адамды имандылыққа, адамгершілікке, мәдениеттілікке өркендетеді деген ойларын білдірді.

«Суды қолдану және сумен қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша келесідей сауалнама сұрақтары жасалынған: көктеулік жердегі көш жолының бойындағы су көздерінің тізімі; ауылдардың жайлаулық жерде пайдаланатын су көздерінің тізімі (жоғарыда көрсетілген кесте бойынша); күздеулік жердегі көш жолының бойындағы су көздерінің тізімі; жайылымдық жерлердегі және оның маңындағы су көздерінің тізімі мен олардың арақашықтығы; қай уақытта жекелеген мал түрлері сусыз жүре алады; тұщы су шығатын жерлерді сыртқы белгілерге қарап қалай анықтауға болады; су көздерінің тапшылығы сезіле ме; су көздерін игеру техникасы. Ал, ауылдардың қыстаулық жерде пайдаланатын су көздерін анықтау үшін келесідей мәселелерді анықтаған: су көзінің атауы; жер бетінен су көзінің тереңдігі; су тереңдігі; қай уақыттан бастап бұл су көзі пайдаланылмайды (адам \ мал); бір күнде қанша малды суарады (ірі \ майда); су көзі жеке немесе жалпы қауымның пайдалануында ма? (Ищенко т.б.: 1928: 26-27).

Экспедиция мүшелері Адай уезінің су көздерін игеруді зерттеу кезінде Адай уезі аумағын екіге бөліп қарастырды: солтүстік – табиғи су көздерімен қамтылған; оңтүстік – табиғи су көздерімен қамтамасыз етілмеген. Солтүстік аймағын Ойыл, Тайсұған Сағыз, Шилі Сағыз, Ембі Сағыз болыстары, қалған болыстары оңтүстік аймағын құрады. Ойыл, Қазыбек, Тайсұған болыстарын сумен Ойыл өзені мен оның Қылбатыр, Ащы Ойыл, Құр Ойыл, Жанкелді сағалары қамтамасыз еткен. Ойыл өзенінің суы ащылау. Солтүстік шығыста орналасқан Тайсұған құмдары мен Бұйрық құмдары арасындағы жазықта тұщы су қабаты 1-2 метр тереңдіктен

шығады. Ал, Ойыл мен Жикенді өзендері аралығында солтүстік батыс аймағында керісінде су көзі жер бетінен тереңдікте кездеседі. Сарат сай, Жаманағаш, Жайыңды, Ұзын сай, Көжебай, Ақбұлақ сайларында қазылған құдықтардың бәрінің дерлік суы тұщы.

Ойыл болысының шығысындағы Ойыл, Қуырдақты, Ащы Ойыл аралығындағы аңғарларда құдық сулары да тұщы. Керісінше Ойыл және Ащы Ойылдың оңтүстігіндегі аңғарда су тереңнен шығады, әрі құдық сулары ащылау. Ойыл мен Жангелді аралығында грунт суы 5-6 метр, одан да терең жерден шығады. Сағыз өзенінің орта және жоғары ағысы бойындағы бассейінде құдық әр 10-15 км жерден 8 – 12 метр тереңдіктен қазылды. Ембі өзенінің бойындағы Бөкембай, Толағай, Құмқұдық құмдарында су көзі 1 – 1½ тереңдіктен шығады және жаз уақытына дейін кеппей тұратын батпақты жерлері бар. Ембі мен Сағыз өзені аралығындағы жерде грунт суы 6 – 10 метр тереңдіктен шығады, әрі қақтар мен тақырларда кездеседі. Каспий аңғарына қарайғы оңтүстіктегі жерде грунт суы 4 – 6 метр тереңдіктен шығады (Ищенко т.б.: 1928: 52-53).

Адай уезінің табындары жайлауға солтүстіктегі Ембі Темір, Темір Ұрқаш болыстары жеріне, адайлар Ембі болысы жеріне көшеді. Адайлардың негізгі дені Ақтөбе губерниясы жеріне жаздық қонысқа келеді. Қара Қобда, Сары Қобда, Тамды өзендері аңғарында, Ақтөбе уезінің Мұғалжар, Аралтөбе болыстары жерінде көшіп қонады. Құдықтар мен табиғи су көздері бойына түскен осы көш жолдары шартты түрде «Адайлардың көш жолдары», «Табындардың көш жолы» деп аталады.

Шерқала тауы маңындағы жерлер, Оймауыт Теріскен, Сарықұм құмдарында бұлақтар мен құдық суларының суы тұщы келеді. Ал, Шерқаладан Үстіртке дейінгі аралықтағы құдық сулары ащы (Ищенко т.б.: 1928: 56).

Маңғыстау және Бозашы түбектерінде табиғи өзендер жоқ, ерте көктемде егер қарлы қыс болған уақытта таудан 2-3 аптадай жыра сулары ағады. Қара тау мен Ақтауды қоса есептегенде 160 тұщы бұлақ, 60 тұзды бұлақ суы тіркеуге алынған. Маңғыстау мен Бозашы түбегінің тұрғындары ертеден бұлақ және қар суларын өте тиімді пайдаланған. Суы мол бұлақ көздерінің сулары мен қар суы жыраларына егістік суару үшін шығырлар орнатқан, осылайша жылына 150 ден 900 десятин көлеміндегі жерлерді суарған (Ищенко т.б.: 1928: 213). Информаторлар шығыр әуеттеріне су теңізден жер асты су көздері арқылы толтырылғанын айтады (АЭМ; Сурет 1). Адай уезінің солтүстігіндегі жайлаулық қоныстарда өзендер мен көлдер, Мұғалжар, Шерқала, Желтау тауларында бұлақ сулары да суат қызметін атқарған. Дегенмен бұлақ пен жыра сулары тұрғындардың суға деген қажеттілігін қамтамасыз ете алмаған. Бұл жерде де тұрғындар суға деген сұраныстарын құдық суымен қамтуға тырысқан. Бұл өңірде жылына тұрғындар 200 ден 350-ге дейін құдықтар қазған. (Ищенко т.б.: 1928: 59).



Сурет 1. Сақталған шығыр. Форт Шевченко қаласы. (АЭМ).

Маңғыстау түбегінің Қарын жарық құмының солтүстік шығыс бөлігі, Сайғырқұм құмының оңтүстік бөлігі суы тұзды болғанымен құдықпен біршама мол қамтылған, әсіресе Қарынжарық құмының батысы мен оңтүстігіндегі, Сайғырқұмның солтүстігіндегі құдықтар суы тұзды. Көшпелі ауылдар бұл құмдарға қыста оралады.

Бозашы түбегінің таулы қыраттарының етегінде, Бозашы түбегінің орталығындағы Ақшолақ орпа, Байсары, Тебенге, Ақжал, Қушоқты, Шақбақты, Күндік жерлерде; Маңғыстау таулы қыраттарының етегі мен Маңғыстау түбегінің оңтүстігіндегі Қарынжарық, Қарабарақ, Науыр, Бозата, Тайғыр, Тебен, Сексеуілой, Басшекті, Керкөмек, Алтынтапқан, Сайқұдық, Қонабай, Ақшақұй, Дармен, Быжықты, Қолқа, Жүзадым, Ұзын, Желкебас, Қаракын, Қаражар, Исан, Қышықбай, Тожық, Сорынық, Көптөрткөл, Қайрақты, Аютше, Сайбай, Соксуран, Жусан, Машрық, Мүсбел, Кочесан, Аққұдық, Аққұрық, Қомияз, Тоғыткөл деген жерлерінде құдықтар аз қамтылған (Ищенко т.б.: 1928: 60). Сондай-ақ, Сам құмдарының оңтүстігінде, Үстірт жазығындағы қырда, Қаратілейден Маңғыстауға дейінгі аралықта, Маңғыстаудың өзінде де құдық тапшылығы байқалған (Ищенко т.б.: 1928: 69).

Бұл жерлердегі құдықтар тереңдігі 3 – 6 метрге, өте сирек 18-20 метр және одан да көбірек тереңдікте кездессе, құдық қазу, қабырғасын шегендеу тәсілі Үстірт шыңырауларымен бірдей (Ищенко т.б.: 1928: 60).

Шегендеу тәсілі шыңыраулармен бірдей тас құдықтардың бір бөлігі Шат қорымы елді мекенінен зерттелді (Сурет 2).



Сурет 2. Шыңыраудың таспен шегенделген қабырғасы. Маңғыстау. Шат елді мекені (АЭМ).

Е. Беляевский Айрақты тауының батысы мен шығыс жақ етегінде тереңдігі 1 ден 2 сажынға дейінгі Шеген, Сасық атты құдықтар шоғыры кездескенін жазған. Айрақты тауының аңғарындағы Ащыеспе суы алғау болып келетін 12 құдық суы мал суаруды қамтамасыз еткен жазған (Беляевский, 1885: 11). Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов 1926 жылы КСРО Ғылым Академиясының тапсырмасымен Адай уезін зерттеуге бағытталған экспедиция құрамында болған кезінде шыңырау құдықтарға ерекше назар аударған. Ә.Бөкейханов «Казахи Адаевского уезда» атты еңбегінде шыңырау құдықтар жайында былай деген: «Шыңырау. Осылай аталған тереңдігі 30-40 сажын болатын, таспен шегенделген құдықтар, малдан қорғау мақсатында аузы таспен, құммен көмкерілген» (Бөкейханов, 1995:140). Осы тұста Ә.Бөкейхановтың шыңырау құдықтардың тереңдігіне қатысты сажын өлшемі көңіл аудартады. 1 сажын

3 аршынға, ал 1 аршын 0,71 см-ге тең, сонда 1 сажын шамамен 2 м. 13 см. болса, 30 сажын тереңдіктегі шыңырау 63,9 метр, 40 сажын тереңдіктегі 85,2 метр болады. Ертеде құдық тереңдігін зерттеушілер аршын, сажын өлшемімен, ал қазақтар дәстүрлі құлаш, адым, адам бойы, кадам, арқан бойы өлшемдерімен есептеген. Арқан бойының орташа ұзындығы 12 құлашқа, ал құлаш 1,5 м – ге тең (Хозяйство казахов на рубеже...1980: 68; АЭМ).

Суы мол өнетін шыңыраудан 2 отар, яғни 1500 қой, 500 түйе суарылған, дейді информаторлар (АЭМ). Терең құдықтан жүздеген қойды суару үшін 1 сағат, жүздеген түйе мен жүздеген жылқыны суару үшін 2 сағат бойына тоқтамай су тарту керек болады (ҚР ОМА. 2 бөлім. 64 қор. 1 тізбе. 4408 іс. 26 парак; АЭМ). Тек құдық суына тәуелді өңірде түйе қысы, жазы күн ара; жылқы жазда күніне 2 рет, қыста күніне 1 рет; қой, ешкі, ірі қара қыста күнара суарылады. Жылы уақытта түйе - 5; жылқы - 4-5; қой, ешкі - S - s; ірі қара - 4-5 шелек су ішеді. Ал суық уақытта түйе - 4; жылқы - 2 - 2 S; қой, ешкі - j - S; ірі қара - 2-3 шелек су ішеді (АЭМ).

Көш жолдары бойындағы ауыл уақытша тоқтайтын құдық басы да, табиғи және жасанды су көздерімен қатар «суат» деп аталып, бір суаттан екінші бір суатқа жету жолының қашықтығы 5-10 шақырым болатын. Көш бір жолында жыртқы күн жолда жүрсе жарты күн демалады. Көш жолында тоқтамай жүріп отыру суаттар ара қашықтығы мен маусымдық мерзімге байланысты. 25-30-40 шақырым жүрген көш 1-2 уақытша тоқтап демалуы да мүмкін, әсіресе мұндай ұзақ демалу малдың төлдеуімен де байланысты болуы мүмкін (Фиельструп, 1927: 104).

Көшу жолдары әртүрлі диапазонды қамтиды. Адай тайпасы көшпелілері меридионалды бағытта түрікмендер немесе қарақалпақтар иелігіндегі жерден бастап Хобда өзеніне дейін, бірі оңтүстіктен Ембі өзенінің солтүстігіне дейінгі жерге дейін барады немесе Хобда бассейнінде жаз мерзімін өткізіп, қыста Ембі өзенінің оңтүстігіне қарай көшеді.

Ф. Фиельструп адай және басқа Маңғыстау, Үстірттегі көшпелі тайпалардың көш жолдарын, көшу диапазонына қарай келесідей топтарға бөлген: Маңғыстаудан Ойыл өзеніне Хобда өзеніне дейін; Үстірттен Ембі өзенінің оңтүстігіне дейін; Маңғыстау өңірінде; Бозашы түбегінде. Маңғыстау және Үстірттегі су көзі тереңнен шығатын жерде көш жолдары құдықтан құдыққа дейінгі бекет бойына түскен. Қыстаудан шыққанда бір жол бойымен жүрген көш жаздық қонысқа жақындағаннан бірнеше тармаққа бөлініп кетеді (Фиельструп, 1927: 80-81).

Үстірт құдықтары. Зерттеушілер Үстіртті 7 аймаққа бөліп қарастырған: солтүстік Үстірт; солтүстік батыс; шығыс; Самматай; орталық; оңтүстік; Қарынжарық құмдары. Үстіртте ашық су көздері жоқ. Қар сулары жиналатын қак, тақыр суларының өзі мамыр айының басында кеуіп кетеді. Ойық жерге жиналатын көктем суларының орнындағы сорда тұз қабаты түзелетін болғандықтан тіпті көктемнің алғашқы күнінің өзінде ішуге жарамайды. Мұндай сорларды Асматай Матай, Сам, Туғарақ сор, Қосбұлақ, Барсакелмес жазықтарынан кездестіруге болады. Үстірттің өзінде бұлақ, қайнарлар мүлдем жоқ. Сам құмдары, Үстірттің солтүстік шығысы, Қошқар ата құмдары, Үлкен Барсұк құмдарында грунт сулары жер бетіне жақын, құдықтар тереңдігі 2-3 кейде одан көп тереңдікте қазылады. Бірақ құдық суы мол емес, ірі мал басынан 30-40 бас малға жетеді. Құмда құдықтар ернеуі кең етіп қазалып, шегенделмейді. Қыста опырылып құлап, келесі көктемде қайта қазып алады.

Үстірттің солтүстік батысында құдық суымен, яғни шыңыраулармен қамтылған. Шыңырау суының негізгі дені ашы. Үстіртте шыңыраулар ойыстау, сайлы жерлерден қазылады, сайлардың диаметрі 3-4 км-ге дейін жерді алады. Бір сайдан арасы 60-120 метрден 5 тен 20 құдыққа дейін қазылады. Үстіртте су 20, тіпті одан көп тереңдіктен шығады. Жер астындағы су жолы горизонты 1-6 метрге дейін жетеді. Бір шыңыраудың суы бір күнде 40-300 ірі мал басын суаруға жетеді (Ищенко т.б.: 1928: 57). Үстіртте тұщы су Сам құмдары мен Өлі Қолтық бұғазы арасындағы Қиюкен,

Бикеш, Мәніші, Шеқан, Қаратілей, Жезді, Ердалы, Орыс, Жұзадым, Босаға, Сайкүю, Саксоркүй сайларында кездеседі. Бұл елді мекендердегі шыңыраулардың тереңдігі 10 метрден 40 метрге, шыңырау түбіндегі судың тереңдігі $1/2 - 1 1/2$ м. тереңдікте кездесіп, күніне 20-100 бас ірі малды суаруға жетеді. Су көзінен судың құйылуы мол болса, бір күнде 50 ден 300 бас ірі малға дейін суаруға болады. Үстірттегі шыңыраулар тек көш жолдарының бойынан бір бірінен 10 – 40 км қашықтықтан қазылған. Көптеген шыңыраулардың арасы 30 км. Су көзі бар жерден бір жерден бір біріне жақын етіліп, 50 шыңырауға дейін қазады.

Хиуа жорығының бір мүшесі М.Арнольдидің «В Закаскийском крае в 1877 году» (Арнольди, 1885) атты жазбасында Үстірт құдықтарымен қатар, құдық суларының дәмі хақында айтылады. Бозат құдығының суы ащы болса, одан әрі екі шақырым жердегі қоналқыдағы құдық суы тұщылау болған. Құдықтың суы ащылау болған жағдайда суды кенеп сүзгіден өткізіп, су кермегін табиғи жолмен тазалап ішкендігі айтылған. «Сүзгілеу» әдісі құдық суын тазартып ішуге қатысты халықтық білімнің бір жолы.

Шыңыраудар суы ащылау, кермек болады, - дейді жергілікті тұрғындар (АЭМ). Шыңыраулар суының 1 литріне 15-10 гр. тұздан келеді. Тұзды су қой, түйе, ірі қара ішуге жарамды болғанымен, адам мен жылқы ішуге жарамсыз. Су ащы болғандықтан Маңғыстау қазақтары түйені көп өсірген, жылқы саны түйеден аз болған, жылқы үйірімен қосқа жіберілген (Казахстан. Природные условия..., 1969: 453). Үстірттің солтүстік батысында шыңырау саны көп болғанымен, суы ащылау болғандықтан судың тапшылығы сезіліп тұрады. Кейбір жерлерде 25-30 км. радиуста тіпті мүлдем құдық кездеспейді. Терең шыңыраулар Үстірттің орталық бөлігінде кездеседі. Бұл жерде шыңыраулар тереңдігі 20-50 м., кейбірі 70 м. Бұл жердегі шыңыраулардың суы кермек, алғау, тұзды ащы, өте сирек тұщы болып келеді.

Үстірттің оңтүстік шығыс бөлігі, Тұғарақ сордың оңтүстігі мен солтүстік шығысына қарай, Қосбұлақ және Асматай Матай, Білеулі (Құрабауыр) қорғаны; Барсақелмес (Қарой) сорының батысынан Үстірттің оңтүстігіне қарайғы жерлер шыңыраумен өте аз қамтылған. Бұл жерлерде мерзімдік қонысқа ауылдар тоқтамайды, егер бұл жерлерге қар түссе ғана ауыл уақытша тоқтайды.

Статистар 1902 жылы Маңғыстау уезінен барлығы 5674 құдықты тіркеуге алған. Олар болыстарға төмендегіше бөлінген: Бірінші Бозашы болысында - 1083; Екінші Бозашы болысында - 1564; Жеменей болысында – 541; Райымберді болысында - 170; Маңғыстау болысында – 596; Түрікмен Адай болысында - 795; Түпқараған болысында – 654; Түрікмен болысында - 271 (Отчет по Закаскийской области за 1902 год). 1926 жылы Маңғыстау, Үстіртте жұмыс жасаған антропологиялық отряд мал басы мен оларды сумен қамтамасыз ету қажеттілігін есептей отырып, бұрынғы Маңғыстау уезі малын сумен қамту үшін 5674 құдық орнына 10500 құдық қажет деген қорытындыға келген. Су тапшы өңірлерде адам мен малдың суға қажеттілігін өтеу үшін құдық арасы 15-20 км болу қажет.

Таяз құдықтар. Көшпелілердің шаруашылық жүргізу қарекетінде шөлді даланы игеру, құдықпен қамтуды игеру маңызды болды. Мал отары бір жерде ұзақ тұрақтай алмаған, шөп (от) қоры мен су қоры азайғанда келесі жайылымға көшкен. Құдық суына бірінші келген қауым малын суарған (Карутц, 1911: 46). Ауылдардың көші қоны шөп (от) және су қорымен тікелей байланысты (Карутц, 1911: 12). Әрине су қорын табиғи су көздерімен қатар, жол бойына қазылған құдықтар да құрайды. Ембі уезіндегі жайлауға келген маңғыстаулық адайлар мен табындар жайлаулық жерден он шақты тіпті одан да көп құдықтар қазған. Тереңдігі 2-3 сажын, ені 1,5-2 сажын болған. Суы тұщы, таяз құдықтардың суын ауыл адамдары ортақ пайдаланған. (Леваневский, 1894: 105-106).

Таяз құдықтар жыл сайын қайта қазылып немесе жаңадан қазылып отырды. Жер құмды болса құдық диаметрін 3 метрге дейін кең етіп қазады. Құдық қазғанда

шығарған батпақ құдық айнасында тасталып, құдық басын S - 1 метрге көтеріп тұрды. Құдық басын көтеріп қою малды құдыққа құлап кетуден сақтайды, лас нәрсенің түсіп кетуінен қорғайды. Жел тұрып, құм суыратын жердерде құдық аузын шимен жабады. Кейбір құдықтар ернеуі саз балшықтан өріліп, сыртын сылап қояды, тіпті таспен де көтереді. Таяз құдықтың басында тасып алып жүретін ағаш астау, ал бір шыңыраудың басында 1-3 астаудан болады (Ищенко т.б.: 1928:62). Жұмсақ, құмды жерден тереңдігі 4 метр болатын, шегенделмеген таяз құдықтарды екі адам бірігіп, 4 сағат ішінде қазып бітіре алған. Таяз құдықтары қауым ортақ пайдалана берген, жеке адамның меншіктің құқығы болмады, ал шыңырауға меншіктің құқық болған (Ищенко т.б.: 1928: 66).

Қазақ жерінің солтүстік батыс өңірінде, Елек өзені аңғарындағы жайлауларда су таяз жерден шыққанымен, суы аз болғандықтан құдықтар жиі қазылып, таңқы деп аталды. Маңғыстау, Үстірт адайлары жайлауға келгенде таңқы құдық суларын тазалауды дәстүрге айналдырған, кез-келген адай азаматы белдеме деп аталған күректі беліне байлап жүрген (Бөкейханов, 1995: 140-141).

Таңқы құдықтардың ернеуі 0,5 аршыннан 1,25 аршынға дейін, тереңдігі судың шыққанына қарай 2,5-нан 5 аршынға дейін болды. Таңқы басына 3-4 қауға су кететін тас немесе бүтін ағаштан ойылған астаулар орнатылды. Таяз немесе орпа құдықтар тұщы су таяздан шығатын жерден қазылады, олар жиі, арасы жақын бірнеше жерден қазылады, әрі малшылар өздері оңай, әрі қазып ала береді және құдықтың бұл түрі үшін ауыл арасында талас тумайды. Кейде жаңа орпа қазса, кей жағдайда бұрынғы орпа жақсы сақталса соны қайта тазалап алған. Келесі жылы қыстаудан жайлауға қай ауыл бірінші келіп қонады, сол ауыл орпа құдықты тазалауды, яғни аршуды бастай береді. Ауыл, қауым үлкен болса құдықтар саны да соғырлұм көп қазылды (Фиельструп, 1927: 104, 105).

Таяз құдықтардың тереңдігі 6 сажыннан аспайды. Таяз құдықтар әдетте жер асты су қоры мол өңірлерде қазылды (Фиельструп, 1927: 105). Көшпелілер жылына жалпы саны мыңдаған орпалар мен таяз құдықтар қазыды. Олар уақытша қолданылады, қабырғалары шегенделмегендіктен опырылып қайта қолдануға жарамайды, яғни опырылған қабырға су көзін өздігінен ақ жауып қалады (Леваневский, 1894: 106). Маңғыстауда таяз құдықтар Қаратау мен Ақтау таулы қыраттарының етегінен қазылған. Бұл жерде бұлақ сулары да көп. (АЭМ). Үшорпа, Қоңырорпа, Жанаорпа, Ащыорпа, Терекорпа, Қызылеспе, Ащыеспе, Ауыздыорпа сияқты жер-су атаулары таяз құдықпен байланысты.

Құдық иемдену, қаздырту. Шыңырау қазу өте ауыр болғандықтан, құдықшылықты кәсіп еткен шеберлерді жалдаған, олардың еңбегі қымбат бағаланған, сондықтан да тапсырыспен құдық қаздыртқан адам шыңырауды жеке құзырына иемдене алды, тіпті шыңырауды пайдаланғысы келген басқа ауыл, қауымға тиым сала алды (Фиельструп, 1927: 105, 106). Шыңырау құдықтардың жеке адамдарға немесе бір әулетке тиесілі екенін кезінде Н.П. Ломакин жергілікті жерден бақылауы бойынша жазып алған (Ломакин, 1873: 7).

Егер ауыл, қауым, әулет құдық қаздырту шығынын ортақ көтерсе, ақысына берілетін малды көтерсе онда олар шыңырауды ортақ пайдаланған. Мұндай шыңыраулар ру меншігі немесе әулет меншігі болып саналған. Егер құдық басында ауыл болмаса, құдық басына бірінші келіп қонған ауыл суын пайдалана алған. Егер құдық басына екі ауыл қатар келсе, тіпті оның бірі құдық егесі болған жағдай да, егер құдық суы жеткілікті болса, екі қауымның малын да суарған. Егер құдық түбінде су тапшы болса, онда су басына келген жолы үлкені бірінші пайдаланады (Фиельструп, 1927: 106). Тіпті ертеде бір шыңыраудың суын басқа бір ауыл пайдалану үшін кезегін 2-3 күн күткен деген деректер бар (Ищенко т.б.: 1928: 66). Құдық суы мол, әрі от қоры мол болса, екінші келген ауылды сол жерге қоныстануға қосып алған; егер құдық суы аз, оты шүйгін болса онда екінші келген

ауыл әрі қарай көшуге мәжбүр болған, себебі су қоры өте маңызды саналған (Фиельструп, 1927: 106). Шыңырау құдықтар халықтың мұрасы, шыңыраулар болмаса, солтүстікке қарай көш жолы да болмас еді. Шыңыраулар қазылған жерді көшпелілер жатқа біледі. Үстірттегі шыңыраулар көш жолдарында малшылар қауымының қолданысы үшін ғана емес, керуен жолдарында керуен сарайлар салу үшін де қолданылған. Шыңыраулар қаздыру бай адамдарға сауапты іс саналған, шыңырауға ие болып қалған мұрагерлері одан әрі олардың атын шығарған (Фиельструп, 1927: 106-107).

Шыңырау қазу үшін құдықшылар шегендейтін тасты алдын-ала дайындап алады. 2-4 адам бірігіп 1 шыңырауды көктемнен бастап, күздің соңына дейін қазған, өте терең шыңыраулар екі жаз бойына қазған. Бір шыңырауға 100 одан да көп қой берген (Бөкейханов, 1995: 140). Құдықтың құны *құдық ақы*, *құдық ақы мал* деп аталды. Астау, әйкел, тас қақпақ жасауды құдықшылардың өздері де игерген, кейде құдыққа тапсырыс беруші, арнайы тасшы шеберлерге тапсырыс беріп те жасатқан (АЭМ).



Сурет 3. Тас астау. Маңғыстау. Жоласқан елді мекені (АЭМ).

1891 жылы 20 тамызда Маңғыстау уезі басшысы берген хабарламада былай деп жазылды: «Жеке адам қаздырған құдық сол әулетке тиесілі. Құдық басына басқа ауыл келіп тоқтаса, егер құдық суы мол болса, ол ауыл малын 1 ақ рет суаруға құқылы, одан кейін әрі қарай көшуі керек (ҚРОММ. 40 қор, 2 тізбе, 13 іс, 100 парақ). Жазба деректер көш жолдары мен құдықтарды игеру, иемдену әдеттік құқықтық Ережелермен бақыланғанын айғақтайды (ҚРОММ, 64 қор, 1 тізбе, 4408 іс, 26 парақ). Кей шыңыраудың әйкелдерінде кездесетін рулық таңбалар да шыңырауға меншіктік құқық болғанын айғақтайды (Ищенко т.б.: 1928: 65; АЭМ).

Қазу ісі. Маңғыстау, Үстірт өңірінде, 1,5-2 метр жер қабатынан соң қалыңдығы 30-40 метр, кейде одан да қалың, бірақ жұмсақ тас қабаты түзілген, сондықтан жер астындағы суға жету үшін көздеген жердің тас қабатын үңгу қажет болған. Ол үшін үстіңгі жер қабатын кең етіп қазып алып, дәл ортасынан диаметрі 1,5 метрдей етіп тасты дөңгелете сүйменмен (басы үшкір темір құрал, оны балықшылар мұз оюға қолданған) тескілеп, 30-40 см қабатын қопарып алады, оны *«тасты бауыздау»* дейді. Бұдан әрі бауыздалған қабатты шетінен сындырып отырады. Шыңырау тереңдеген сайын, оның түбіндегі балшық пен тас сынықтарын шығару, салмағы ауыр болғасын қиындай береді. Балшықты тасты шығару үшін көн теріден тігілген ауыр долықты

немесе көншелекті ұзын арқанға байлап, түйенің көмегімен тартып шығарған (Арғынбаев, 1969: 49; Еділхан, 2013: 100). Шыңырау қазу жұмысы шамамен 1-2 айға созылған. Шыңырау қазуға 4-5 немесе одан көп ер адам қатысқан. Тереңдігі бірнеше құлаш болатын шыңырау құдықтарды қазып, шегендеу жігіттің жігіті ғана шыдайтын өте ауыр жұмыс болды. Шыңырау диаметрі тар болғандықтан, құдықшы отырып жұмыс жасаған, жер асты суық болғандықтан тон киіп қазған (Самашев т.б. 2007: 340-341; АЭМ). Шыңырау қазу тандалған жерге қазық қағылып, үстінен киіз үй тігіліп, бір малды құрбандыққа шалып, құран оқытқан, соң құдық қазуды бастаған, киіз үй құдықшылардың төбесінен күн түспейтін жерге жеткенше тігіліп тұрған деседі. Су көзін тапқан соң, оны шүберекпен тығындап қойған, *үгі* деп аталатын ойық жасап алған соң тығынды алып тастаған, сол кезде су біртіндеп үгіні толтырған.

Құдықшылар ішкі жұмысын бітірген соң, құдық аузы опырылып құламауы үшін, оны тастармен көмкеріп, қалап көтерген, оны *құдықтың қорғаны*, *құдықтың қоршауы* дейді. Құдыққа қоқыстың түсуі мен малдың су ішкен кезде құлап түсуінің алдын алған. Құдықтың қорғаны құдық ернеуінен 0,5 аршын биік болған. Құдықтын аузы *«әйкел»* деп аталған *тасқақпақпен* жабылды. Тасқақпақтың ортасы мес қауға сиятындай етіліп тесілген, сондықтан *«әйкел құдық»* деген де атау қолданылған (Сурет 4-5). Ал, ағаш қақпақтың сыртын құдық суын құм, шаң тозаңнан сақтау үшін киізбен қаптаған. *Әйкел* – арабтың ойық, дөңгелек деген сөзі. Маңғыстау, Түркімен қазақтарының ітілінде ортасы тесік, дөңгелек тас мағынасында қолданылады. Өзбек тілінде дөңгелек жүзді *ойкулча* деп аталады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 99; Шойбеков, 2015: 189-192). Құдық қазу ісі Маңғыстау, Үстіртте ерте кезден дамыған, ал әйкел атауын ислам діні енген соң алған.



Сурет 4. Әйкел. Маңғыстау. Шат елді мекені. (АЭМ).

Су көздері бір біріне жақын болса, екі шыңырау жақын жерден қазылып, *«қос құдық»* атанды. Қосқұдық бір-бірінен алыс болмағасын су тарту ісін жеңілдету үшін екеуінің де басына шығыр орнатылып, екеуіне бір көлік (түйе, жылқы, өгіз) жегілді. Қатар қазылған екі шыңырау суреті Карутц жазбасында кездеседі (*Карутц*, 1911: 88. Табл 13; Сурет 6). Қосқұдықтан қатар су тарту үшін екі долық байланған қыл арқанның ұштары көліктің беліне бекітіліп, көлікті екі құдық арасына жүргізіп отырған, сонда бір құдықтың түбіне жетіп, су толған долықты тартқанда, екінші долық өз құдығының түбіне түседі де, алма кезек су тартылып тұрады. Ал құдық басында тұрған адам долықтағы суды астауға төгіп, қайта тастап тұрады.



Сурет 5. Әйкел. Маңғыстау. Шат елді мекені. (АЭМ).



Сурет 6. Қос құдық (шыңырау). Көмілген. Маңғыстау. Шат елді мекені.



Сурет 7. Шыңырауға орнатылған шығыр. Үстірт қорығы. (АЭМ).

Маңғыстау, Үстіртте құдықшылар есімі, олардың жер асты су көзін танудағы халықтық білімі халық жадында сақталып қалған (Жаңбыршыұлы, 2001; Спан, 2008; АЭМ).

Құдық қауғасы. Таяз құдықтардан су қолқауғамен тартылады. Қолқауға қой немесе ешкі терісінен жасалып, итсигек (*Anabasis arphylla*) шөбінің сығындысымен өңделеді. Тері шанықбақ деп аталатын крест түріндегі темір құрсауға таспа арқылы бекітіледі, сонда аузы ашық қаптың формасына келеді. Қолқауғаның сабына қыл арқан жалғанады. Қолқауғаға 1 S - 2 шелек су кетеді (Сурет 8). Таяз құдықтан мал суаруға да кемі екі адамның күші керек. Бірі құдықтан су тартса, екіншісі малдың бір-біріне кедергі жасамай суға келуін қадағалайды.

Терең құдықтардың барлық түрінен су тері қауғамен тартылды. Түйенің терісі қалың, төзімді келгендіктен, терең құдықтан су тартатын мес (көншелек, долық) жасауға тиімді болды (Фиельструп, 1927: 95; Хозяйство казахов на рубеже..., 1980: 69; Арнольди, 1885). Мес қауғалар 5-10 тіпті одан да көп шелек су кететін сиымдықта жасалды, түйенің шикі өңделмеген терісінен тілінген таспамен тігілді, шаңырақ түріндегі «шанықбақ» атты темірге керілді, аузы қайтарылып, таспамен көктелді (Бөкейханов, 1995: 140). Қауғаны ат, түйе көмегімен, қыл арқанмен тартты. Шыңыраудан су тарту үшін кемі үш адамның күші қажет: бірі су тартатын түйе немесе аттың еңбегін басқарады, екіншісі су толған месті алып астауға құяды, үшіншісі малдың бір уақытта бір-біріне кедергі келтірмей су ішуін қадағалайды. Үш адам 1 сағатта 8-10 ірі бас, 40 – 100 бас қойды суара алған.



Сурет 8. Шыңырау қауғасы. Шанықбағы түпнұсқа.
Терісі жаңғыртпа. Үстірт қорығы. (АЭМ).

Жер үсті суларының маңызы. Маңғыстау мен Үстіртте малды келесідей су көздерімен суарады: сайлардағы жырадан; таңқы және бұлақ суларынан; көлдерден; қақтар немесе тақырлардан; құдықтардан. Үстірт пен Маңғыстаудың сусыз аймақтарында қар суын су орнына пайдаланған. Жергілікті жерде сай немесе ағыстың басына жиналған қарды көміп (қар құдық немесе қазынды), аяғынан ағып шыққан су – *шырлау*, жауын, қар суы ағысының бойындағы шұңқырға жиналған су – *қоңырдаң*, тау етегіндегі сай тұйығына жиналған су – *күп*, ағыс бойындағы тас шұңқырға іркілген су – *тасқақ*, қатқыл жерде ойпаң шұңқырға жиналған су қоймасы – *тұран* деп аталады. Аққоңырдаң, Тасқоңырдаң, Оңайкүп, Тесіккүп, Үкікүп, Шайтанкүп, Қызылтұран, Қаратұран, Қаратасқақ, Қызылтасқақ сияқты жер-су аттары жер үсті табиғи суларымен байланысты (АЭМ). Құдық суымен аз

камтылған аймақта, қақ пен тақыр сулары сумен қамтамасыз ететін маңызды құрал.

Қақ немесе тақыр уақытша су қоймасы, қар суы жиналған, ойық жер, табиғи суат. Қақтағы қар суы кепкенде жер қыртысы терең болып жарылады, тақыр суы тегістеу болып кебеді. Тақыр да, қақ та терең емес, тереңдігі 20-30 см бастап, 1 метрден аспайды. Қақ тақыр сулары мамыр айының басында кеуіп кетеді. (Ищенко т.б.: 1928: 61). Қақ пен тақыр суларына мал басын кезекпен, яғни 10-15 тен түйені, 10-15 тен жылқыны суарған, одан кейін қой, ешкі сияқты ұсақ малдарды суарған. Түйе мен жылқы қақ суларын ластамай ішкен, ал қой ешкілер аяғымен ластайтын болғандықтан оларды табиғи суатқа соңынан айдап келген. Қақ, тақыр сияқты ашық суатқа 500-1000 тұратын отарды бөліп айдап келу қиынға соғады. Бір мезгілде ашық суаттан 300 -500 қой су іше алған (Ищенко т.б.: 1928: 64). Көктемгі көште қой отарын 4,5-5 км, ірі қара 5-5,5 км, жылқы 6-7 км, түйе 7,5-8,5 км жол жүрген соң суаттан суару қажет болады. Маңғыстау уезінде шамамен 750 табиғи суат, яғни қақ немесе тақыр сулары болған (Ищенко т.б.: 1928: 68). Жаңбыр және қар суларының жиналуынан болатын қақ, тақыр суларының да маңызы жоғары. Құдық суы жеткіліксіз болғандықтан қақ немесе тақыр суларының маңызы жоғары болған. Көш жолындағы суаттар, қақ, тақыр сулары ауыл адамдары мен мал отарының жалпы қолданысында болды (Бөкейханов, 1995: 140). Ерте көктемдегі қар суы таза болады (АЭМ).



Сурет 9. Қақ орны. (АЭМ).

Қар жауатын және қар суын пайдаланатын Қарабауыр, Білеулі, Тайғұр, Қарой, Қосбұлақ, Ақшақия, Тереския сияқты т.б. елді мекендерде қыс қарлы болса қыста суға талас тумады, мал қар суымен қанағаттанады (Ищенко т.б.: 1928: 58). Далалық зерттеулерге сүйенсек қарлы, қарсыз қыста төрт түлік мал құдықтан қолдан суғарусыз мүншама күн жүре алады: түйе - 15-30; жылқы - 10-15; қой, ешкі – 20-25; ірі қара 2 S - 3 күн. Ал, қарсыз қыста: түйе - 8-12; жылқы – 2-8; қой, ешкі – 4 - 10; ірі қара 1 - 3 күн. Қарлы болған қыста малдың неше күн сусыз жүре алатындығы жайында, ескі жазба деректер мен қазіргі информаторлар берген деректер бір-біріне сәйкес келеді (АЭМ).

Ертеде ауыл жігіттері киіктің ерте көктемде солтүстікке қарай көшуін бақылаған. Киіктер солтүстікке қарай ығысса бұл солтүстікте суық қауіп жоқ деген хабар. Ерте көшсе қар сулары кеуіп кетпейді, табиғи суаттар, қақ, қар сулары көш жолында мал суаруға қолайлы. Күздеуден керісінше кері қыстауға көшерде де киік қозғалысын бақылаған, киіктер оңтүстікке қарай ығысса, қыстауға көшкен (АЭМ). Салыстырмалы түрде айтсақ, қазақ жерінің қар қалың түсетін немесе қыста қар

пайдаланған. Бұл өңірлерде өзен бойындағы ауылдар қыста малды арнайы суармаған, су ішкісі келген мал қар жеген. Ал адамдар қар суы мен өзен үстіндегі мұзды ерітіп ішкен. Дерек берушілердің айтуынша өзен суы ащылау болғанымен мұз суы тұщылау болған, қажет болса қыш кесегін қатты күйдіріп суға тасап, су кермегін, қағын шығарған (АЭМ).

Қорытынды. Маңғыстау, Үстірт қазақтары жер асты суларын шығару, құдықта сақтау, жер үсті табиғи суларын пайдалануда ерекше халықтық білімдер мен дағдыларды игерген. Маңғыстау, Үстірт сияқты қыста қар жаумайтын немесе қар аз түсетін құмды, шөлді аймақтарда құдық суымен қамтамасыз етудің маңызы зор. Аймақта құдық иемденудің үш түрі болған: жеке адамға тиесілі; ауыл, қауымға ортақ; әулетке, ағайын туысқа ортақ. Маңғыстау, Үстіртте құдық құрылысының күрделілігіне қарай, таяз құдықтан суды қолмен тартып алса, терең құдықтан суды ат, түйе көмегімен тартып алған, құдық қауғаларының да өзіндік түрлері қалыптасты. Бұл күні қолданыстан шығып қалған дәстүрлі су ыдысы қауғаларға, шөл далада қалған шыңыраулар мен ізі қалған орпаларға ескерткіштер ретінде қарау ғылым үшін өзекті мәселе болып саналады. Құдықтардың орналасуын анықтау, байырғы көш, керуен жолдарын нақтылауға негіз болады.

Әдебиеттер:

- АЭМ – автордың экспедициялық материалдарынан.
- Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. Алматы: Ғылым, 2002. 654 с.
- Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969. 170 б.
- Арнольди М.В. В Закаспийском крае в 1877 году. Воспоминания офицера. Санкт - Петербург, Типография Департамента Уделов, 1885. 44 с.
- Әжіғали С.Е. Қрател елінің асыл мұрасы: көшпенді Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. Алматы: TimasPrinthouse, 2006. 64 б.
- Беляевский И. Путь от залива Цесаревича через Усть-Урт до Кунграда. Сборник географических, топографических и статистических материалов по Азии. Санкт-Петербург, Военная типография, 1885. С.1-89.
- Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 477 с.
- Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т. 1 -2. Сост. Лазарь Будагов. Санкт-Петербург: тип. Имп. АН, 1869 [1]. 810 с. 1871 [2]. 415 с.
- Едилхан А.М. О колодцах Мангыстау. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. №1. 2013. С. 91-108.
- Жаңбыршыұлы Т. Мен айтайын – бабаңнан. Алматы: «Үш қиян», 2001. 308 б.
- Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: «Өнер» баспасы, 1991. 132 б.
- Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелоков Б.К. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Материалы Комиссии экспедиционных исследований. ВЫП 13. Отчет о работах почвенно-Ботанического отряда Казакстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1926 года. Вып. VI. Ленинград, АН СССР 1928. 215 с.
- Махмұд Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. Алматы: Хант. 1997.
- Казахстан. Природные условия и естественные ресурсы СССР. Москва, 1969.
- Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. Санкт-Петербург: Издание А.Ф.Девриева, 1911. 188 с.
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс баспасы. 2005. 824 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы: Адам Даму Интеграция, 2017.

Кондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-4 кітаптар. Алматы: Арыс баспасы, 2008.

Леваневский М. Очерки Киргизский степей (Эмбинский уезд) // Землеведение. Москва, 1894. Том 1. Вып IV/ Кн. 2. С.99-114.

Ломакин Н.П. О полуострове Мангышлаке и путях оттуда в разные пункты Закаспийского края. Записки Кавказского отдела ИРГО. Кн. VIII. Тифлис. 1873. С. 1-42

Самашев З, Кушербаев К, Аманшаев Е, Астафьев А. Сокровища Устюрта и Мангыстау. Алматы, 2007. 400 с.

Спан Ә. Заңғар: Роман-эссе. Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. 304 б.

Фиельструп Ф.А. Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // В сб: Казаки. Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып II. Под редакцией С.И.Руденко. Ленинград: АН СССР, 1927. С. 78-107

Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980. 256 с.

Шойбеков Р. Қазақ халқының байырғы құдықшылық кәсібіне қатысты атаулары мен ұғымдары. «Оразбаев оқулары» халықаралық конференция жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 2015. Б. 189-192.

References:

AEM – Avtordyn ekspediciialyk materialdarynan [From the author's expedition materials]. [In Kazakh].

Azhigali S.E. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kul'tury Evrazii [Architecture of nomads is a phenomenon of history and culture of Eurasia]. Almaty: Gylym, 2002. 654 s. [In Russian].

Argynbaev H. Kazaktyn mal sharuashylygy zhayynda ietnografiialyk ocherk [Ethnographic study of the Kazakh farming]. Almaty: Gylym, 1969. 170 b. [In Kazakh].

Arnol'di M.V. V Zakaskiiskom krae v 1877 godu. Vospominaniia oficera. [In the Transcaucasian region in 1877. Officer's memories.] Sankt - Peterburg, Tipografiia Departamenta Udelov, 1885. 44 s. [In Russian].

Azhigali S.E. Kratel elinin asyl murasy: koshpendi Aral-Kaspii onirinin tarihy men madenieti turaly. [Treasures Cratel. About the history and culture of the Aral-Caspian region]. Almaty: TimasPrinthause, 2006. 64 b. [In Kazakh].

Beliaevskii. Put' ot zaliva Cesarevicha cherez Ust'-Urt do Kungrada. Sbornik geograficheskikh, topograficheskikh i statisticheskikh materialov po Azii. [The way from the Gulf of Tsarevich through Ust-URT to Kungrad. Collection of geographical, topographic and statistical materials on Asia.]. Sankt-Peterburg, Voennaia tipografiia, 1885. S.1-89. [In Russian].

Bokeihanov A. Tandamali. [Favourites]. Almaty: Kazak ienciklopediiiasy, 1995. 477 s. [In Kazakh].

Budagov L.Z. Sravnitel'nyi slovar' turecko-tatarskikh narechii, so vklucheniem upotrebitel'neishih slov arabskikh i persidskikh i s perevodom na russkii iazyk. [Comparative dictionary of Turkish-Tatar adverbs, with the inclusion of the most common words of Arabic and Persian and translated into Russian.]. T. 1 -2. / Sost. Lazar' Budagov. Sankt-Peterburg: tip. Imp. AN, 1869 [1]. 810 s. 1871 [2]. 415 s. [In Russian].

Edilhan A.M. O kolodcah Mangystau. Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana. №1. 2013. S. 91-108. [In Russian].

Zhanbyrshyuly T. Men aitaiyn – babannan. [I speak for the ancestors.] Almaty: «Ysh kiian», 2001. 308 b. [In Kazakh].

Zalesskii B. Kazak saharasyna saiahat. [Journey to the Kazakh steppe]. Almaty: «Oner» baspasy, 1991. 132 b. [In Kazakh].

Ishhenko M.M., Kazbekov I.S., Larin I.V., Shhelokov B.K. Osobennosti sel'skogo hoziaistva Adaevskogo uезда. Materialy Komisii iekspeditsionnyh issledovaniy. [Features of agriculture ADAI district. Materials Commission the forwarding study]. VYP 13. Otchet o rabotah pochvenno-Botaniceskogo otriada Kazakstanskoi iekspeditsii ANSSSR. Issledovanie 1926 goda. Vyp. VI. Leningrad, ANSSSR 1928. 215 s. [In Russian].

Mahmud Kashkari. Turik tilinin sozdigi (Diuani lugat-it-turik) [Dictionary of Turkic language]. 3 tomduk. Almaty: Hant. 1997. [In Kazakh].

Kazakhstan. Prirodnye usloviia i estestvennye resursy SSSR. [Natural conditions and natural resources of the USSR]. Moskva, 1969. [In Russian].

Karutic R. Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake. [Among Kyrgyz and Turkmen in Mangyshlak.] Translation from German. E.Petri. Sankt-Peterburg: Izdanie A.F.Devrieva, 1910. 188 s. [In Russian].

Kazak tilinin aimaktyk sozdigi. [Regional dictionary of kazakh language]. Almaty: Arys, 2005. 824 b. [In Kazakh].

Kazaktyn etnografyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dastyrli zhyesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Volume 1-5]. Enciklopediya. Almaty: Adam Damu Integراسiya, 2017. [In Kazakh].

Kondybai S. Argykazak mifologiyasy. [Mythology of protokazakh]. 1-4 kitaptar. Almaty: Arys baspasy, 2008. [In Kazakh].

Levanevskii, 1894 – Levanevskii M. Ocherki Kirgizskii stepei (Iembinskii uезд) [Essays on the Kirghiz steppes (Emba district)]. Zemlevedenie. Moskva, 1894. Tom 1. Vyp IV/ Kn. 2. S.99-114. [In Russian].

Lomakin N.P. O poluostrove Mangyshlake i putiah ottuda v raznye punkty Zakaspiiskago kraia. [On the Peninsula Mangyshlak and the ways out at different points of the TRANS-Caspian region]. Zapiski Kavkazskago otdela IRGO. Kn. VIII. Tiflis. 1873. S. 1-42. [In Russian].

Samashev Z, Kusherbaev K, Amanshaev E, Astaf'ev A. Sokrovishha Ustiuarta i Mangystau. [Treasures of Usturt and Mangistau.]. Almaty, 2007. 400 s. [In Russian].

Span A. Zangar: Roman-iesse. Almaty: Nurly Alem, 2008. 304 b. [In Kazakh].

Fiel'strup F.A. Skotovodstvo i kochevanie v chasti stepei Zapadnogo Kazahstana. V zbornike: Kazaki. Antropologicheskie ocherki. Materialy osobogo komiteta po issledovaniuu soiuznyh i avtonomnyh respublik. [Cattle breeding and nomadism in the steppes of Western Kazakhstan. In Kazaks. Anthropological essays. Materials of the special Committee for the study of the Union and Autonomous republics.]. Vyp II. Pod redakciei S.I.Rudenko. Leningrad: ANSSSR, 1927. S. 78-107. [In Russian].

Hoziaistvo kazahov na rubezhe XIX-XX vekov. Materialy k istoriko-ietnograficheskomu atlasu. [Kazakh economy at the turn of the XIX-XX centuries. Materials to the historical and ethnographic Atlas.]. Alma-Ata: Nauka, 1980. 256 s. [In Russian].

Shoibekov R. Kazak halkynyn baiyrgy kudykshylyk kasibine katysty ataulary men ugymdary. [Terms and definitions related to ancient well fisheries] «Orazbaev okulary» halykaralyk konferenciia zhinagy. Almaty: Kazak universiteti, 2015. B. 189-192. [In Kazakh].

ҒТАХР 03.20.00

ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

Шашаев Әуезхан Қадіржанұлы¹, Тәлім Аяулым Тұрсынәліқызы²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
жетекші ғылыми қызметкер, т.ғ.к.

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: shashaevaezhan@mail.ru

²Магистрант, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail.ru: t.aika_96.kz@list.ru

Түйіндеме: Мақалада Орталық Азияның түркі халықтары қалыптасу мәселелері қарақалпақ этносының негізінде қарастырылған. Авторлар қарақалпақтардың отбасылық-некелік қарым-қатынастарына байланысты әдет ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне сипаттама жасаған. Отбасылық-тұрмыстық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жүйесінің ғылыми танымдық тағылымын сан алуан тарихи-этнографиялық және этномәдени деректердің ішінде – сол халықтың шаруашылығының және тіршілік, өмір сүру көзінің факторына байланысты дүниеге келген ерекше көзқарастар мен адам туралы, оның табиғатпен қарым-қатынасы туралы көпсалалық ілімдер мен тәлімдік нормалар мен тәртіптердің негізі деп атауға болады. Аңыз-әфсаналар мен салт-саналық үлгілердің дәстүрлік негіз алуының астарында жан-жақты және терең эстетикалық мән мағына жатқандығы анық.

Кілт сөздер: Қарақалпақ, салт, дәстүр, отбасы, неке, тарих, қалыңмал, жасау, күдалық, күйеу.

МРНТИ 03.20.00

ОБРЯДЫ КАРАКАЛПАКОВ СВЯЗАННЫЕ С СЕМЕЙНО- БРАЧНЫМИ ОТНОШЕНИЯМ

Шашаев Ауезхан Кадиржанович¹, Талим Аяулым Тұрсынәліқызы²

¹ВНС, к.и.н., Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
Казахстан, г. Алматы., e-mail: shashaevaezhan@mail.ru

²Магистрант I курса Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
Казахстан, г. Алматы., e-mail.ru: e-mail.ru: t.aika_96.kz@list.ru

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы изучения тюркских народов Средней Азии, на примере каракалпаков. Авторы описывает обряды каракалпаков связанные с семейно-брачными отношениям. Семейно-бытовое обрядовое творчество — уникальное наследие каждого народа, аккумулировавшее древнейшие воззрения, многопрофильные знания Человека о мире, о человеке и взаимоотношениях его с Природой; опозитизированная системная модель жизнедеятельности; свод норм и правил этикета, бытового и ритуального поведения. Фольклоризацией этих моделей поведения, мифов, а также знаний о жизневедении человека обусловлена полимерная, полифункциональная и глубокая эстетическая суть обрядового творчества.

Ключевые слова: Каракалпаки, обряды, традиций, семья, брак, история, калым, приданное, сватовство, жених.

rites of Karakalpakh's connected with family-marital relationship

Shashayev Auyezkhan¹, Talim Ayaulym²

¹Leading Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Candidate of Historical Sciences

Kazakhstan, Almaty, e-mail: shashaevaeuzhan@mail.ru

²1st year Master's Student of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Candidate of Historical Sciences

Kazakhstan, Almaty, e-mail: e-mail.ru: t.aika_96.kz@list.ru

Abstract: This article is about problems of learning Turkic peoples of Central Asia, as Karakalpaks. Authors describe Karakalpakh's rites connected with family-marital relationship. Family-marital relationship creation unique legacy every people, accumulated old opinion, plenty profile education of people's about world, about person and his relationship with nature; system of model vital activity, normal vault and rules of etiquette, domestic and ritual behavior. Model of this folklore studies, myth, so education about vital activity of peoples conditionality polymeric, poly functional and deep aesthetic point of rites creation.

Key words: Karakalpakh, rites, traditions, family, marriage, history, bride money, dowry, matchmaking, groom.

Кіріспе: Қандай да болмасын отбасылық-некелік қатынастардың дамуын қарастырғанда, онда экзогамия мәселесінің маңызды екендігін атап өткеніміз жөн.

Біз қарастырып отырған қарақалпақтар екі үлкен топқа (қоңырат және 14 ру) бөлінген (арыстарға). Арыстар өз кезегінде тайпаларға, тайпалар руларға, рулар-рулық бөліністерге, рулық бөліністер – отбасылық – туыстық бөліктерден құралады.

Қарақалпақтарда отбасылық-туыстық топтар «көше» деген атпен белгілі (Қосбергенов, 1958:248), Т.А. Жданко оларды «үлкен патриархалық отбасының өзіндік қарақалпақтық формасы» деп атаған. Нақтырақ айтатын болсақ, Т.А. Жданко мен А.Т. Бекмуратованың материалдарына қарағанда «көше» бір-біріне жақын тұратын бірнеше (6-10) шағын отбасыдан құралған. Оларда барлық отбасының атағалары бір атаның балалары болған сөйтіп, «көшенің» барлық ер адамдары аталас туыс еді. Әрбір топты бай әрі беделді қариялардан сайланатын басшысы «көше би» немесе «көтқұда» басқарады. Көше әдетте осы басшының атымен немесе үш-төрт ата бұрын өмір сүрген бабаның атымен аталады. Жер де көше бойынша бөлінеді. Хиуа хандығында, мысалы, тұтасқан отбасылар – ұсақ шаруашылық және әкімшілік бірлік болып табылатын ауылды сирек құрады, кейде бірнеше көше ірі елді мекенге бірікті.

Рубасы іс жүзінде көшенің барлық жерлеріне ие болды, айталық, ауыл шаруашылық жұмыстарының жүргізілу мерзімін белгіледі, отбасылардан салық жинады. Топқа енетін отбасылар, бірігіп мал бақты, балық аулады, сондай-ақ, шаруашылық байланыстармен қатар үйлену тойын, шілдехананы, сүндет тойын, жерлеу рәсімін, яғни отбасылық ғұрыптарды бірге атқарды.

Мысалы, қазақтарда мұндай отбасылық-тұрмыстық топ ауыл-қыстау деп аталады. Мұндай ауыл шамамен, бір атадан тараған туыс он шақты жанұядан тұрады. Бұл бірлестіктің ауыл қыстау деп аталу себебі, қыста өз киіз үйлерін бір-біріне жақын етіп тіккен (немесе қыстық тамдары жақын орналасқан). Кейде ауыл - жайлау деп те аталған (Арғынбаев, 1975:58).

С.М. Абрамзон мен Т.А. Жданконың еңбектерінде экономикалық мүддеге байланысты біріккен бірнеше кішігірім туысқан отбасылар жайлы айтылады. «Үлкен отбасылардың ыдырауы нәтижесінде, экономикалық және территориялық бірігудің кейбір белгілері бар неғұрым үлкен әлеуметтік бірлестік пайда болды. Бұл бірлестіктер бір атадан тараған, туысқан отбасылардан құралған отбасылық-туыстық топтар болатын», - делінді (Абрамзон, 1964:96).

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында шағын жеке отбасы – Орта Азия үшін отбасылардың негізгі түрі саналды. Шағын отбасы әдетте, ата-аналардан және үйленбеген балалардан құралған: оған қоса отбасының мүшесі болып, айталық отағасының бойдақ ағасы немесе қарындасы т.б саналған. Әрине, шағын отбасыларда да патриархалдық дәстүрлер қалдықтары әлі де болса сақталған еді.

Міне, жоғарыдағы материалдарға жүгіне отырып, мақала тақырыбына орай отбасылық-некелік қатынастардың дамуын қарастырғанда қарақалпақтардағы соған байланысты қандай дәстүрлер мен салттардың орын алғандығын талдау басты мақсат ретінде алға қойылды.

Материалдар мен әдістері: Бұл мақаланы жазу барысында соңғы жылдары отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Танымдық мүмкіндіктердің кеңеюі зерттеу негізіне тарихи – мәдени, өркениеттілік тәсілді қолдануға жол ашты. Әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін тану, оның біртұтастығы, өзіне тән мәнге ие тұрақты жүйесі, өмірлік философиясы, құндылықтар жүйесі және тарихи – мәдени дәстүрлері, соған сәйкестендірілген халықтардың, жеке адамның өмірі, әлеуметтік және саяси институттары, ұлттық басымдылыққа ие ұстанымдар мен құндылықтарын неғұрлым терең танып білуге деген ұмтылыстарға жетелеуге әкеледі. Міне, осындай тәсілдерді пайдаланудың арқасында зерттеу көздерінің неғұрлым тиімді бағыттарға бет бұруына жол ашты. Атап айтқанда, зерттелуге алынған кезеңдегі оқиғалар мен фактілер нақты нысанға қатысты кешенді түрде сол дәуірмен байланыстырылып, ұлттық басымдылықтар мен құндылықтар тұрғысынан қарастырылып, соның негізінде оның мәні, негізгі ағымдарының бағыты және қоғамдық – саяси, әлеуметтік – экономикалық және халықтың рухани өміріндегі алатын маңызды зерттеудің өзегіне айналды.

Негізгі бөлім: Алдымен отбасылық-некелік қатынастардың дамуын қарастырғанда қарақалпақтардағы соған байланысты қандай дәстүрлер мен салттардың басымдылыққа ие болуы мен жиі қайталануы мәселесіне тоқталайық. Бірінші кезекте көп әйел алушылыққа тоқталсақ. Орта Азия халықтарында көп әйел алушылыққа тек қана дәстүрмен емес, шариғатпен де рұқсат етілгені бізге белгілі, алайда ол жаппай сипат алған жоқ. Ең алдымен ол экономикалық мүмкіндіктермен байланысты болды да, сондықтан көбінесе ауқатты жанұяларда кездесті (Кисляков, 1969:52).

Ферғананың ауқатты қарақалпақтарының екі әйел алушылығы туралы XIX ғасырдың аяғында В.Наливкин және М. Наливкиндер былай деп жазды: «Ауқатты ауыл халқында екі әйел алу-аңғардың түбінде орналасқан қыртылған жері, сондай-ақ жыл сайын жазда жайылымға кететін малы бар қарақалпақтарда, қыпшақтарда және қырғыздарда жиі кездеседі. Бұл отбасыларда бір әйелі бақшалық жерге қараса, ал екіншісі – көктем мен жазды жайлауда өткізеді» (Наливкин, 1886:31).

Ал, Т.А. Жданко мен А.Т. Бекмуратова қарақалпақтарда патриархалдық тұрмыс пен оған деген отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тұрақтылығын атап өтеді. Отағасының билігі шексіз болған. Оның жөн сілтеуі бұзуға болмайтын заң еді. Әкеге қарсы келуге, онымен салғыласуға тыйым салынған. Әкесі, әдетте ұлына қалыңдықты өзі таңдаған, тіпті бөлінгеннен кейін де ұлдары өз бетімен еш мәселені шешіп, шаруашылықты жүргізе алмады. Ұлы, қызы немесе әйелі үшін отағасы – әкенің қарғысын алу ең үлкен бақытсыздық болып саналды. Отбасында әйелдің жағдайы ауыр болды. Ол отбасының толыққанды мүшесі деп

есептелмегендіктен, әкесіне, кейін күйеуіне бағынуға тиіс еді. Әкесі қызының келісімінсіз оны қалың малға сатты. Күйеуі кез-келген сәтте ешқандай себепсіз ажыраса берді. Әсіресе, жанұяда үйдің барлық жұмыстарын істейтін, отбасы мүшелерінің барлығына бағынуға тиіс келіннің жағдайы мүшкіл болатын.

Қарақалпақтар экзогамиялық нормаларды ұзақ уақыт бойы сақтаған. «Экзогамия - ру ішіндегі некеге тыйым салу қарақалпақтардың қоғамдық құрылысындағы өте ертедегі қалдықтарға жатады», - деп жазады қарақалпақтар тұрмысын зерттеуші Т.А. Жданко (Жданко, 1962:92). Бір рудан шыққан әйел мен ер адам қанша ұрпақ ауысса да некелесе алмаған. Бұл барлық қарақалпақ руларында кездеседі, тек қаңлы мен қайшылы руларын қамтымаған. Қаңлы руының экзогамияның бұзылуының себебі ертеректе ол ірі тайпа болғанымен, кейін сан жағынан азайып ру ғана болып қалған. Ал, қайшылы руына қатысты себеп әрі айқындалмаған.

Хорезмдік қарақалпақтарда экзогамияны бұзғандар жазаланған (рудан қуылған). Бұхарлық қарақалпақтардың салтында да экзогамия болған. Оны Л.С.Толстова атап көрсеткен болатын. Алайда, таң қаларлығы осы автордың айтуынша экзогамия Самарқанд пен Ферғана даласының қарақалпақтарында жоғалған: «Некелескен кезде күйеу жігіт пен қалыңдықтың рулары ескерілмейді. Мысалы, ақ-маңғыт руынан шыққан жігіт осы рудың қызына үйлене алады» (Толстова, 1959:114). Айталық, қарақалпақтармен көршілес жатқан, Амударияның орта ағысының маңында орналасқан түрікмендерде рулық экзогамия болмаған, оның орнын мал-мүлікті өз руында қалдыру мақсатын көздейтін рулық эндогамия алмастырған. Алайда өзге тайпалардан қыз алған адамға қарсылық білдірілмеген (Кисляков, 1969:53).

Неке түрлері. Біздің түсінігімізде, «неке түрі» дегенде некенің қандай негізде құрылатыны туралы ой қалыптасуы керек. Белгілі этнограф Н.А. Кисляков Орта Азия халықтарында отбасын құру немесе некелесудің төменгідей түрлерін атап көрсетеді:

1. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Орта Азия халықтарында некелесудің ең негізгі түрі қалыңдықты қалыңмал төлеп алу арқылы жүзеге асатын некелесу болды;

2. Патриархалды-рулық құрылыс жүйесінің әлсіреуіне байланысты моногамды неке;

3. Әменгерлік салт (левират);

4. Сорорат (балдызды алу);

5. Бесіктен атастыру (ақлай құда).

Ең бірінші қалыңмалға тоқталайық. Қалыңмал қызды тәрбиелеп, өсірген әкесіне және шешесіне «сүт ақы» ретінде төленген. Айталық, қалыңмал төленіп болғаннан кейін жас жұбайлардың біреуі қайтыс болса қалыңмал қайтарылған. Алайда басқаша жағдайлар да кездескен: егер күйеу жігіт қайтыс болса - қалыңдықты оның ағасына немесе туысына әйелдікке әперіп, ал қалыңдығы қаза болса-күйеу жігіт қалыңдықтың сиңілісін немесе туысқан қызын ала алған. Некелескен кезде қалыңмалдың мөлшеріне де ерекше мән берілген. Қарақалпақтарда қызды күйеуге қалыңмалсыз беру оның отбасы мен туысқандары үшін ұят саналған. Қалыңмалды төлеу қиынға соққандықтан, күйеуі әйелінен 20-25 жас, кейде одан да үлкен болуы жиі кездесті. Қалыңмалды алу үшін ата-анасы қызын түрін де көрмеген, ұнатпаған немесе жек көретін адамына тиюге де мәжбүрлеген.

Қарақалпақтар арасында қалыңмал мөлшері көп болған. Мәселен, қалың ірі қара мал мөлшерімен белгіленген. Құдалардың байлығына қарай ол 40, 60, 80 не 100 бас ірі қараға (тууар) есептелген.

Т.А. Жданконың еңбегінде (Жданко, 1962:497): «тууар құрамына алты жақсы: мылтық, бас ат ер-тұрманымен, шет (жас) ат, бас өгіз, шет (жас) өгіз және сегіз жел баспақ (қысыр құнажын) кіретін. Осылардың бәрі 28 сиырға теңелетін.

Ал қалыңға 60 тууар болған жағдайда 6 жақсыға 12 сиыр қосатын. Жасау құрамына бір ат жегулі арбасымен, киім-кешек, әр түрлі ұсақ-түйек», –деп көрсетіледі. Бірақ тууардың мөлшері заманның өзгеруіне байланысты шартты болып, оның саны әрбір аймақтарда өзгеріп отырды. Қалыңмалдың орта мөлшері 8 ірі қара малға, 8 ұсақ малға, 4 атқа, 5 пұт тұқымға, 10 пұт ұнға, 8-25 матаға (5 аршын бойынша), әр түрлі азық-түлікке (қант, темекі, құрғақ жемістер) теңестірілді. А.Т. Бекмұратова өзінің еңбегінде (Бекмұратова, 1967:13): «Кейбір жағдайларда қалыңмал алдау мен алыпсатарлыққа айналатын, содан кейін қызды басқа біреуге күйеуге беру жөнінде әр түрлі себептерді ойлап табатын. Қалың біртіндеп ақша түріне айналады» деп атап көрсетеді.

Л.С. Толстованың мәлімдеуінше зеравшандық қарақалпақтарда қалыңмал мөлшері 20-дан 200 қойға дейін жеткен. Ал Ферғаналық қарақалпақтарда тұрмысы орташа отбасыларда ол 7-9 ірі қара малды құраған. Ауқатты адамдарда қалыңмал мөлшері 30-35 ірі қараға, кейде тіпті 40-80 бас малға жеткен (Толстова, 1963:96).

Бұл орайда қазақтардың қалың малы жөнінде этнограф Арғынбаев былай деп көрсетеді: «Қазақтарда қалың мал мөлшері бес түрлі. Олар:

1. Жүз қырықтың қалыңы (бұл 100 қой, 40 ірі қара деген келісім). Бұл байлар, билердің қалыңмалы;

2. Жүз жиырманың қалыңы (бұл 100 қой, 40 ірі қара деген келісім). Орташа байлардың қызының қалыңмалы;

3. Қырық жетінің қалыңы (бұл 40 қой, 7 қара) - бұл байлардың қатын үстіне кедейлердің қызын алғанда төлейтін қалыңмалы;

4. Он екі қара (дөңгелек қалың) орташаның қалыңмалы;

5. Сегіз қара-кедейлердің қара малы (Арғынбаев, 1975:112).

Сонымен, әйел алу үшін міне осындай мөлшерде қалыңмал төлеу орташалардың жағдайын нашарлатты, ал кедейлер болса қалыңмалға ақша жинау үшін жылдар бойы жалшы болып жұмыс істеп, тіпті қырық жасқа дейін үйлене алмай жүрді. Үйленген күннің өзінде жиналған дүниесін қалыңмалға беріп, мұқтаждықтан арыла алмады.

Қыздың ата-анасы өз тарапынан жасау берді (бау-шуу). Кедей адамдардың байлармен салыстырғанда жасауы да қарапайым еді. Жасаудың құрамына киіз үй, оның жабдықтары, көрпе-жастық, қалыңдықтың киімдері кірді.

Қалыңмалсыз үйлену мүмкін емес болғанмен жасаусыз күйеуге тие берген. Тек енесі кейде бетіне басатын. Жасау келінінің жеке мүлігі деп саналады. Бірақ отбасы кедей болса, келіннің жасауын қайынсіңілісі күйеуге шыққанда бере-берген, келін оған қарсылық білдіре алмады.

Қарақалпақтардың үйлену тойы төрт негізгі кезеңнен тұрады:

1. Құдаласу;

2. Екі жасты атастыру тойы (қалыңдықтың үйінде өтетін пата той);

3. Некелесу тойы (қалыңдықтың үйінде өтетін негізгі той);

4. Күйеу жігіттің үйінде өтетін той (уллы той).

Қарақалпақтарда балаларын *бесіктен* немесе анасының құрсағында жатқанда атастыру көп тараған, ол «ақлай құда түсу» деп аталды. Бесік құда тек қарақалпақтарға ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбіне болғандығын Н.А. Кисляков атап көрсеткен болатын (Кисляков, 1969:87). Н.А. Кисляковтың айтуынша, мұндай құдалар шамасынша бір-біріне сый-құрмет көрсетіп, кейде балаларының көйлектерінің етегіне ішек салып, олардың бірінің күйеу, екіншісінің қалыңдық болғанын әйгілеген. Мұндай құдалар арасында қалыңмал мөлшері де кейде шағындау болған. Сайып келгенде, бесіктегі нәрестелерді атастыру әдетінің түп тамыры өте көне замандарға яғни аналық дәуірге кететін тәрізді. Ана үстемдігі дәуірінде бір аналық рудың ұлдары туысымен екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналса, екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып

саналатын неке түрін Л.Я. Штернберг ортодоксалды неке деп атаған (Штернберг, 1933:136). Сөйтіп ортодоксалды неке топтық некеден дара некеге өтуі кезеңімен тығыз байланысты болған.

Бесік құдалықтың ортодоксальды некемен ұштасатындығын гияяктар арасындағы деректер негізіне сүйене отырып, Л.Я. Штернберг: «Әрбір ұл тапқан әйел босанысымен қызы бар туысына балаларды атастыру керек екенін дереу өтініп, құда түсетіні де, олардың білектеріне иттің жүнінен иірілген жіп байлайтын» - дейді.

Құда түсу арқылы некелесудің бұдан өзгеше де түрлері болады. Оған ең алдымен қарсы құда болу әдетін жатқызу керек.

Қарсы құдалық үш құданың (А, Б және В) арасында да болатындығын Л.Я. Штернберг келтірген, яғни А ұлын Б-ның қызына атастырса, Б ұлын В-ның қызына, ал В ұлын А-ның қызына атастыратын болған. Қарсы құдалықтың жоғарғы келтірілген түрлерінің қайсысы болсын неке құрудың ортодоксалды көне түріне жататындығын, яғни оның қалдығы екенін алғаш рет гияяктар дерегіне сүйене отырып Л.Я. Штернберг дәлелдеген болатын.

Тіпті, егер балалары есейсе де, олардың тағдырын ата-аналары шешкен. Қалыңдық таңдағанда жігіттің туыстары оның түріне, пысықтығына, отбасылық жағдайына аса мән берген.

Мәселе шешілгенде құда, яғни жаушы жіберген. Оған ықпалды, беделді адамды таңдаған.

Құда күткенде қыздың барлық ағайын-туысы жиналған (кішігірім той – «*пата той*»). Егер екі жақ та некеге қарсы болмаса, қалың мал туралы және үйлену тойының уақытын келіскен. Неке туралы келісімнің белгісі ретінде қыз жақ құдаларға қарғыбау сыйлап, май қосылған тары - майсөктен дәм татырған.

Пата той күні құдаларға кетер алдында қыз жақ «тоғызлық», яғни тоғыз зат сыйлық ретінде берген, олар: екі білезік, бес тақия, мата қиықтары (Этническая история, 1989:58). Бұған ұқсас дәстүр XIX ғасырда қазақтарда болған. Этнограф-ғалым Х.Арғынбаевтың айтуынша XIX ғасырда қазақтарда қалыңдықтың қалың малы мен жасауы «тоғыздық» бойынша анықталған (Арғынбаев, 1975:86). «Тоғыз» санының ырым-жораларда ұзақ сақталуы жасауға байланысты көне наным-сенімдермен ұштастырылады. Қалыңдықтың жасауының құрамына ауқатты адамдарда киіз үй, неке киімі, қоржын, қалыңдықтың әшекейлері енген. Аталған заттың біреуі болмаса, кейде неке тойын артқа шегерген.

Пата той (құда түсу) күні міндетті рәсімнің бірі - нан сындыру болатын; Осы арқылы екі жақ келісімді бұзбау туралы бір-біріне уәде берісті. (Самарқандық, Ферғаналық). Бұхарлық қарақалпақтарды үйлену тойына байланысты салттарында *маслахат - той* (ақылдасу тойы) маңызды роль атқарды. Бұл тойда екі жақ негізгі тойдың (қатта той) өткізу барысын ақылдасқан (айталық, тойға қанша мал сою керек (сойымлық), бөйге, лақ тартысудың жеңімпаздарына қанша мөлшерде сыйлық дайындау сияқты мәселелер).

Жекелеген жағдайларда өзара келіскеннен кейін неке қию рәсімі өткен. Қалыңдықтың үйінде той жасалып, оған күйеу жігіт туыстарымен, дос-жарандарымен келген. Әдетте, үйлену тойы мен қалыңдықты күйеу жігіт жақ үйінен алып кеткенге дейін қалың мал төленіп бітуі тиіс еді; егер күйеу жігіттің отбасы нашар тұрса, үйлену тойы да ұзақ уақытқа созылады.

Бұл кезеңде екі жас ұрын кездесіп тұрды (күйеулеу). Ол туралы қыздың ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл хабардар болса да, үйреншікті нәрседей қабылдады. Екі жастың кездесетін жері қыздың ағасының үйі болды. Кейде тіпті қыздың аяғы ауырлап, әкесінің үйінде босанған (оң жақта туш-оң босағада туу). Бұл қыздың әкесі, отбасы үшін ұят саналмаған. Сөйтіп, қыздың әкесінің үйінде туылған бала қыздың ата-анасының тәрбиесінде қалған.

Қызға күйеуінің үйіне кеткенше еркін жүріп тұруға рұқсат етілген, атап айтқанда, отырыстарға барып, бозбаламен қалжыңдасу т.б. Осыған байланысты қыз болашақ күйеуінен емес, басқа адамнан аяғы ауырлаған оқиғалар кездескен. Бұл үшін қыз кінәланбаған. Ал баланы болашақ күйеу асырап алған (Кисляков, 1969:82).

Қалың мал жиналып болғанда, ол туралы қыздың ата-анасы хабардар етіліп, олар қалың малды алып кету үшін, күйеу жігіттің үйіне аттанған. Онда қонақтар үшін қой сойып, дастархан жайылған. Келген қонақтар дайындалған қалың малды түгендеп, мұқият тексерген. Қыздың әкесі қалың малды алғаннан кейін қой сойып, жиналған қауымға қой етін ауыз тидірген.

Үйлену тойы жақындағанда күйеу жігіт пен қалыңдықтың үйлерінде қонақтар жиналып, жиын ұйымдастырылған. Күйеу жігіттің үйіне келген қонақтар тойға көмек ретінде шама-шарқынша сыйлықтар әкелген. Сол күні қалыңдықтың үйіне жігіт жақ өгіз әкеліп, қыздың туыстарының бірі оны сойып, етінен бүкіл ауылға дәм татырған («соғым» рәсімі). Күйеу жігіт үйлену тойына келгенде қыздың жеңгелеріне ақшалай түрде көптеген кәделер берген (қызды сатып алу). Бұл тойда жігіт - жолмен жүру үшін де, ауылға кіру, киіз үйге кіру үшін де (босағадағы өтірік өлген кемпірге), «шаш сипатар», «қол ұстатар» т.б. төлем төлеген.

«Қараңғы қонақ» рәсімі. Күйеу жігіттің достары мен ағайындарының өтініші бойынша ауылдың жас қыз-келіншектерін шақырып, ойын-сауық өткізу. Күйеу жігіт ауылынан келген қыз да, келіншек те бұл ойын-сауыққа шақырылмаған (Морозова, 1960:118).

Қалыңдықты әкетер алдында қалыңдықтың туыстары «күдаларға су күйеу» рәсімін жасады; қыз-келіншектер мен бозбалалар кеселерге су құйып алып, күдалардың бас киімін шешіп мұздай су құйды. Әйелдер күдалардың бетіне балшық жаққан. Күйеу жігіттен, жол кәдесін талап еткен.

Қалыңдық үйінен шығар алдында мұсылманша неке қиылған. Молда, жас жұбайлардың өзара келісімін сұрайтын куәлар құда-құдағилар қатыстырылып бұл рәсім де орындалады. Су құйылған ыдысқа қыздың әкесі тиын салған. Артынша дұға оқылып судан қыздың әкесі, куәлар ауыз тиген.

Кейін күйеуінің ауылына барғаннан кейін, қыз күніндегі киімін шешіп, кимешек киген, оны алдында мүлдем өзгеше өмір күткен. Сондықтан қыз, ұзатылар алдында, қыздың жақын туыс төркіндері «хошласу дәмін» татқызған. Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсу әнін айтып қоштасқан. Жас келіншек өзінің ауылын қимай кетіп бара жатқанда, қайғылы қоштасу әнін айтқан. Оны біздің елімізде «сыңсу» деп атаса, қарақалпақтарда «хаужар» деп атаған. Хаужардың мынадай үлгілері бар екен:

«Ақ түйенің өркеші ойнақ еткен яр-яр-ау,
Өз еліне қыз бейшара қонақ еткен яр-яр-ау,
Қызды құдай жаратқан мұңлық қылып яр-яр-ау,
Өз елінің топырағы бұйырмаған яр-яр-ау.

Хаужар айтқым келмейді арқам қозып яр-яр-ау,
Қара жібек иірдім жүндей созып яр-яр-ау.
Айналайын орамал қалдың тозып яр-яр-ау,
Адыра қалғыр ақ жаулық келдің озып яр-яр-ау.

Немесе:

Хаужар басы, ендеше, хаужар басы,
Хаужарменен құрылды қыздың жасы.

15 жаста біреуге малға беріп,
Етегімді толтырды көздің жасы.

Ақ шәйнекке су құйсам жылымайды,
Өгей емес өз анам жыламайды.
Жыламаған анамды жылатайын,

Неден көңілі қалды екен сұратайын.

Ақ отауым тіккен жер майдан болсын,
Ақ жүзімді көруге айнам болсын.
Ол жақта да қайын енем бар деп жүр ғой,
Аялаған анамдай қайдан болсын (Толстова, 1963:51).

Келін түсіру. Жас келіншекті күйеуінің үйіне арбамен әкелген. Үйлену тойының арбасы Самарқандық қарақалпақтарда - капели-арба, Хорезмдік қарақалпақтарда - богекли-арба деп аталған. Ал Нұратылық қарақалпақтарда келінді атқа мінгізіп әкелген, демек, оларға көршілес қазақтардың ықпалы тиген. Бірақ, ауылға жақындаған кезде келін, жеңгелермен бірге аттан түсіп, жаяу келген (Толстова, 1963:132).

Жігіт үйіне әкеле жатқанда қалыңдықтан жол жөнекей кәделер талап етілген (яхта-жейде, мата т.б.). Бұл рәсім жол тосу деп аталады. «Қалта ақтару» кәдесі орындалады, ол бойынша кішкене қайын сіңлілері қалыңдықтың қалтасын ақтарып, жүзіктер алған. Үйлену тойының арбаларын жігіт ауылының қыз-келіншектері қарсы алған. Жігіт жеңгесі мұрындық, ене келінге орамал тағып немесе кимешек кигізген.

Ауыл әйелдері жасаулы көштің алдынан шығып, шашу шашады. Келіннің бетіне жамылғы (чарсы) жауып, қайын атасының үйіне кіргізбес бұрын табаға салынып тұтатылған адраспанды әкеліп келіннің басынан үш рет айналдырған. Келінді үш рет иілдіріп аруақтар үшін және атасы мен енесіне сәлем салғызған. Содан соң келіннің қолына май құйған ыдысты ұсынып, отқа май құйғызған. Осы рәсімнен кейін, келінді оң аяғынан табалдырықтан аттатқызып, ішке енгізген.

Келіннің астына жаңадан сойылған қойдың терісін төсеген. Орта Азия халықтары үшін қой олардың тотемі, тек қойдың өзі ғана емес, оның терісі де өсіп-өнудің символымен қорғаушы, сақтаушы екендігі Ә.Т. Төлеубаевтың еңбегінде аталып өтіледі (Косвен, 1961:29). Қой терісін осындай сеніммен жаңа түскен келіннің астына төсеу таулы Дағыстандықтарда да бар. Олардың нанымынша, қой терісін жаңа түскен келіннің астына, үйде «береке мен байлық ынтымақ болу үшін төсейді» (Гаджиев, 1991:58).

Л. Я. Штернберг өз еңбегінде бұның шығу тегін былай келтіреді: «Анайы (приметивті) алғашқы малшылар үшін мал шаруашылығында түліктердің көбейіп, өсіп-өнуі магиялық күш ретінде қарастырылады». Ең алғашқы үйретілген ешкі түлігінің көбеюін күш ретінде есептегендіктен, оның осы қасиетін дарыту мақсатымен әйелдер ешкі терісінен киім жасап та киген ... Ешкі соңынан сахнаға қой мен қошқар шығып, негізгі көбейіп, өсіп-өну культінің рөлі бұларға ауысады. Ежелгі Египеттің қалалары Фива мен Мендесте құдайлар Нут пен Птаның баласы Осирис қошқар бейнесінде беріліп, тіпті Мендесте оның алдында әйелдер шешініп одан құнарлылық пен көбею, өсіп-өну күшін бойларына дарытуды мақсат етіп, әдетке айналдырған. (Штернберг, 1933:43).

Қырғыздарда жаңа үйленгендерді лақтың өкпесімен қағу ғұрпы бар. Оның мағынасы - келешекте оларды бақытсыздық пен қаскөй күштердің зұлымдығынан құтқару үшін болса, екінші жақтан өсіп - өніп көбеюіне жол ашады екен (Домусльманские верования, 1975:310).

Жас келін оттан айналуға тиіс болды. Бұдан кейін шашу рәсімі жасалды. Келін иіліп сәлем беріп, саусақтарын босағаға тигізіп, сосын маңдайын ұстаған. Енесі келінінің маңдайына ырымдап май немесе ұн жаққан.

Бұл күні екі жақтың туған-туыстары жиналып «уллы той» басталған. Бұл той әдетте екі күнге созылған («келин тушті той»). Тойда мол дастархан жайылып, бахшылар ән айтып, бәйге ұйымдастырылып, лақ тартысқан.

Жігіт үйіндегі тойдың негізгі рәсімі «бет ашар» болатын, яғни келіннің бетін ашу. Бұған дейін келіннің бет жүзі көрсетілмеді (чарсы). Беташарды әдетте жігіттің

жора-жолдастарының бірі орындады. Ол келінді ата-енесімен, қайын жұртымен таныстырды. Ал келін өлеңде айтылған адамдарға іліп сәлем береді. Мысалы, бет ашардың мынандай үлгісі бар екен:

Дарбазасы даңқ еткен,
Даңқы Самарқанға жеткен,
Исақ бабамызға бір салам.

Немесе әзіл - сықақ түріндегі өлең жолдары мынандай болған:

Тамбашида пахал йоқ,
Сипаласа сақал йоқ,
Абдуллаға бир салам.

Беташардан кейін бірнеше ырым -жоралғылар жасалды. Мысалы, келін бай болу үшін қолын ұнға салған. Н.А. Кисляков: «үн тек байлық қана емес, сонымен қатар тазалықтың, молшылықтың белгісі» - деп түсіндірді (Кисляков, 1969:28). Содан кейін жас келін отқа май құйған (және бір қызығы оны тоғыз рет қайталаған). Қарақалпақтардың ырым-жораларында «тоғыз» санының кездесуі кездейсоқ емес. Зерттеуші Д. Банзаровтың мәлімдеуінше 9 санын моңғолдар да қасиетті деп санаған: мысалы, Шыңғысханның жасағынан (урлук) саны 9 болса, рудың туына (бунчукқа) жылқы қылынан жасалған 9 бума қыстырылған (Банзаров, 1955:60).

Мысалы, XV ғ. І-ші жартысында Венеция емшісі татар ханына, татарлардың салт бойынша 9 түрлі заттай сыйлықтар тарту еткен. 9 санын сондай-ақ якуттар, буряттар, нанайлықтар, эвенктер қасиетті деп есептеді. Мәселен, якуттар Джогогой піріне (ірі-қара малдың пірі) 9 бұйым сыйлаған (Зеленин, 1930:313).

Қазақтарда құдаларға киіп кигізгенде де «тоғыз» саны ескерілген (мысалы, екі білезік, бес тақия, маталар) т.б. Ал қайын атасы келінге өз батасын берген (патия):

Алдына бала толсын,
Қораңа мал толсын.
Көзің көрсін,
Қолың тұтсын.

«Уллы тойда» қалыңдықтың әкесі, күйеу жігіттің әке-шешесіне өз сыйлықтарын тарту еткен. Осы уллы тоймен қарақалпақтардың тойы аяқталады.

Әмеңгерлік салт (левират). Егер некелесіп, отау құрғаннан соң әйелі өліп, ері түл қалса, онда қайын жұртына әйелінің сәукелесі мен кейбір бағалы заттары қайтарылған. Жесір қалған әйел секілді ер адам аза тұтып, жылын (асын) күтіп отырмаған. Ал, жесір әйелдің жөні басқа. Күйеуі өлген қара жамылып, оның орнын бір жыл күткен. Азалау мерзімі бітіп, асы берілерде әйел ең соңғы рет жоқтау айтып қоштасқан.

Күйеуінің туған туыстарының арасында жесір әйелге сай келетін еркек кіндік табылмаса немесе әйел қандай жағдайда болмасын күйеуге шыққанға қарсы болса онда өлген жұбайының дүние – мүлкін «тереке» яғни «иесіз, қожасыз қалған дүние – мүлік», - деп жариялаған. Бұл мүліктің қажетті бөлігі өлікті жерлеуге жұмсалған, 1/8 – бөлігін жесір әйелдің тұрмысқа шығатын қызы болса, соған жасау ретінде беріліп, ал одан артылса, яғни қалған дүниені, жесір әйел өзі иемденетін болған екен.

Егер жесірдің балалары болса, әмеңгерлік салт (левират) міндетті түрде орындалған. Жесір басқа рудың адамына, марқұм күйеуінің ағасының рұқсатымен ғана тұрмысқа шыға алған. Оның өзінде балаларын күйеуінің ағайын-туысына тастап кетуі керек еді. Левират – әйел үшін өте қиын салт болатын. Кейде әмеңгерлік салт бойынша жасы келген әйел кішкентай балаға тиюге мәжбүр болған. Ол үшін әйел жылдар бойы «күйеуінің» ер жеткенін күтумен, қартайып та кеткен.

Мысалы, қарақалпақтармен көршілес орналасқан, Ферғаналық өзбектерде В. және М. Наливкиндердің айтуынша XIX ғ. аяғы XX ғ. басында левират болмаған: «Күйеуі қайтыс болса, әйелге толығымен еркіндік беріледі. Тек әйелге тез арада

күйеуге шығуына жол берілмеген. Жесір әйел қалауынша күйеуінің атауының түтінін немесе бала-шағасымен басқа жаққа көшіп те кеткен. Күйеуінің ағайын туысы оған қарсылық білдірмеген» (Наливкин, 1886:231).

Сөйтіп, қарақалпақтарда жесір әйелдің күйеуінің руластары балалардың сыртқа кетпеуіне, әйелді басқа руға жібермеуге шама-шарқынша тырысып баққан («жесиримизди башқаға бермейміз») (Толстова, 1963:152).

Сорорат – өлген әпкесінің орнына кіші сіңілісін күйеуге беру. Бірақ, бұл дәстүр Қарақалпақстанның барлық жерінде орын алмаған. Л.Толстованың мәлімдеуінше, мысалы, ферғаналық қарақалпақтарда: «Егер атастырғаннан кейін үлкен қызы қайтыс болса, онда орнына әке-шешесі кіші сіңлісін сол руға күйеуге берген. Егер бергілері келмесе қалың малды қайтарған» (Толстова, 1963:155).

Отбасылық - некелік қарым - қатынастағы тыйымдар.

Л.Я. Штернбергтің тұжырымдауынша отбасылық некелік тәртіптегі тыйым салулар мынадай екі мақсатты көздеген:

1. Жұбайылар арасындағы қызғаныш сезімін әлсірету

2. Бір-бірімен некелесуге тыйым салынған адамдар арасында жыныстық қатынасқа дейін баруына жол бермеу үшін;

Бірінші топтағы тыйымдар негізінен жынысы бір, бір тапқа жататын, мысалы туған ағайындылар арасында болды.

Екінші топтағы-тыйымдар барлығына бірдей еді (Штернберг, 1933:95). Қарақалпақтардың отбасылық некелік қарым-қатынастарындағы тыйымдарды үш үлкен топқа бөліп қарастыруға болады:

қалыңдық пен күйеу жігіт арасындағы тыйым

келін мен оның күйеуінің туыстар арасындағы тыйым.

күйеу бала мен қайын жұрты арасындағы тыйымдар.

Этнограф Н.П. Дыренкова тыйымдардың өзін мәні бойынша мынадай топтарға жіктеуді ұсынған:

бетпе - бет кездескенде бет - жүзін көрсетпеу;

дене мүшелерін жалаңаш күйде көрсетпеу (мысалы , келін жалаңаш балтырын көрсетпеген)

әдепсіз сөйлеуге тыйым салу

өз атымен атауға тыйым салу;

Орта Азия халықтарында болашақ жұбайлар арасындағы тыйымдар негізіне құдаласу кезінен басталған. Құдаласу кезінде, екі жасты атастырғанда, қалың мал туралы уәделескен кезде қалыңдықты күйеу жігітке көрсетпеген. Тіпті, үйлену тойында келіннің беті жамылғымен (чарсы) жабулы тұрған.

Алайда қалыңдық пен күйеу жігіт арасындағы мұндай тыйымдар - атастыру мен үйлену тойының аралығындағы кезеңде жігіттің ұрын келуіне бөгет болмаған. Мұндайда қыздың ата-анасы, әсіресе , әкесі білмеген кейіп танытқан.

Келін мен қайын жұртының арасындағы тыйымдар. Келін мен қайын атасының арасындағы тыйым, әсіресе қатаң тыйым болып саналады.

Өзге босағаға алғаш түскен кезде келін қайын атасына мүлдем көрінбеуге тырысқан. Егер жас жұбайлар жеке отауда тұрса, келіге қайын атасының отауына кіруге тыйым салынған. Қайын атасы жас жұбайлардың отына кірген жағдайда, келін сыртқа шығып кеткен. Егер екі жас күйеуінің ата-анасымен бірге тұрса қайын атасы бар кезде келін шымылдықтың астында отырған. Таң ертең келін қайын атасынан бұрын оянып, ертерек сыртқа шығып кеткен, кешкісін қайын атасы келгенше, ертерек шымылдығының астына кіріп кеткен.

Алайда, тыйым тек бірінші бала дүниеге келгенше ғана жасалған. Келін мен қайын атасының мұндай тыйымды тоқтату үшін «отқа кіргізу» рәсімі жасалған. Бетін жамылғымен жабылған келін қайын атасының отауына кіргізілген.

Келіннің бетін, әдетте, кішкене ұл бала ашқан. Келін отқа май құйып,

қайын атасы өз тарапынан келінге батасын берген. Келін мен қайын атасының арасындағы желесі тыйымдар тұрақты болатын. Келін қайын атасының көзінше жалаң бас жүрмеген, ата-енесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпаған. Қайын атасының төсегіне отырмаған. Бұл әдет ата-ене отырған үлкен үй, қара шаңырақты сыйлау, құрметтеу, оған табынудың нышаны тәрізді. Қайын атасы да келініне тізесін көрсетпеген. Келіннің төсегіне отырмаған. Келін мен қайын атасы қалжыңдаспаған. Келін, сондай-ақ қайын атасының және қайын ағаларының атын атай алмаған. Тіпті, солардың атымен аттас заттың атын атамаған. Әдетте атасын ол кәсібі бойынша (ұста, молда), немесе кейде есімін өзгертіп те атаған: мысалы, Өмірші орнына-«жаны ұзақ» т.б. деп (Кисляков, 1969:175).

Қарақалпақтарда (басқа түркітілдес халықтарда да, қазақтарда, қырғыздарда) кейін әзілге айналған мынадай аңыз тараған: «жас келіннің қайынағаларының есімдері Қамышбай, Өзенбай, Қасқырбай және Пышақбай екен. Бір күні күйеуі өзеннің жағасында қасқыр қойды жегелі жатқаның көріп, әйелін пышаққа жұмсайды. Сасқалақтаған әйел үйіне келіп былай деген «сарқыраманың ар жағында, сыбдырламаның арасында, ырылдаған маңырағанды жегелі жатыр, қайралғанды апаруым керек», – түсіндірген. Бұл қарапайым әзіл әңгімеден отбасылық-некелік қарым-қатынастардағы тыйымдардың рөлін айқын аңғаруға болады.

Дәл осындай жағдай қазақтарда да кездеседі. Ол туралы Ы.Алтынсарин да атап өткен. Жеңгесі қайнысын еркелетіп атаған. Мысалы, Нұр-Ата қарақалпақтарының үйлену тойының әні «Беташардан» үзіндіге назар аударсақ:

Ана отырған қайын иінің

Оған да бер бир салам

Атын-егер сұрасан

Ол сен үшін-мырза аға

Бұдан байқайтынымыз, келін, тіпті жасы кіші қайын інісінің есімін атамаған. Ұқсас дәстүр қазақтарда да бар екенін Н.С. Сабитов те мәлімдейді: «Қазақтарда келін күйеуінің туыстарын есімімен емес, өзі ат қойып, еркелетіп атаған» (Сабитов, 1950:33).

Күйеу жігіт пен қайын жұрты арасындағы тыйымдар. Т.А. Жданконьң айтуынша күйеу жігіт те қалыңдығының туыстарына көрінбеуге тырысқан. Әдетте, ұллы тойдан кейін қайын жұрты күйеу баласын дәмге шақырған. Бұл рәсім «күйеуди уйге киргизиу» деп аталды (Жданко, 1962:192).

Әйелдің «бет-жүзін көрсетпеу салты» тек ферғаналық қарақалпақтарда орын алған. Оларға, әрине өзбектердің белгілі бір дәрежеде ықпалы тиген. Ал хорезмдік, самарқандық, бұхарлық, түркістандық қарақалпақтарда мұндай салт болмаған.

Баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне қатысты ырым –жоралғылар. Орта Азия халықтары үшін көп ұрпақ қалдыру – олардың ұлттық сипатын айқындайтын жекелеген ерекшеліктерінің бірі. Бұған себеп – біраз уақыт бұрын болған ру-тайпалық қатынастар. Ол бойынша қандас туыс көп болуы керек еді. Ағайынның көп болуы ел арасында беделдің артуына себепші болатын. Туысы жоқ адамға жек көрінішпен қарап, ал баласы жоқтарды-организмнің кемшілігі деп емес, “күдайдың қаһарына” ұшырағандар деп есептеді. Сондықтан көп балалы болып, ұрпақ қалдыру-әрбір адамның бақыты еді. Жоғарыда аталған үйлену тойында осыған байланысты көптеген ырым-жоралғылар жасалған. Қарақалпақтарда шымылдықты тігу міндетті түрде көп балалы, дені сау көрі әйелге жүктелген. Үбірлі – шүбірлі болсын деген мақсатпен, өзбектерде мысалы, үйлену тойындағы жасаулы арба үйге жақындағанда, келіннің тізесіне ұл баланы отырғызған.

Ұзату тойында, барлық Орта Азия халықтарында қалыңдыққа кигізілетін киімді дені сау, үбірлі-шүбірлі көрі әйел кигізген (Снесарев, 1962:77).

Алайда, үйлену тойында жасалатын ырым-жоралар жас-жұбайлардың болашақта тек үбірлі-шүбірлі болсын деген мақсатты көздеп қана қоймай,

сонымен қатар бұл ырымдар келінге көз тиюден сақтады.

Мысалы, Хорезмде (қарақалпақтарда) үйлену тойының арбасында келінді әкеле жатқанда, кейбір көре алмаушылар бейіттен алынған бір уыс топырақ шашып жіберген. Егер арбадағы келінді қорғаушы шам өшіп қалса, ол бақытсыздыққа әкеледі деп санады (Снесарев, 1962:91).

Отбасылық рәсімдердің ішінде, әсіресе маңызды орын алатыны баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлер.

Үлкен патриархалды отбасында ұлдың дүниеге келуі, әсіресе, тұңғыш ұл, үлкен қуаныш, себебі ұл болашақ үйдің мұрагері, қамқоршысы деп ерекше қадірлеген. Екіншіден, ұлдың дүниеге келуі отбасына ер баланың керектігі жеке меншіктің шығуы, байлықтың жеке отбасыларының қолына шоғырлануы - өмір бойы жинап-терген мүлкі мен малдарын өз мұрагерлеріне қалдыру мақсаты да ескерілген. Үшіншіден, отбасына ер баланың керектігі үлкен патриархалды отбасының шығуынан бері, атадан балаға беріліп келе жатқан салт-дәстүр.

Бала шыр етіп дүниеге келгеннен-ақ оның өмірін сақтау үшін бірқатар ырым-жоралғылар жасалған.

Мұндай мақсатты көздеу – ертеректе Орта Азиядағы бала өлімінің деңгейінің жоғарылығымен түсіндіріледі. Мысалы 10-12 баласы бар жанұяда кемінде 2-3 баласы ғана тірі қалып отырған. Медициналық көмектің нашарлығы, халық емінің болмашы ғана әсер етуі – бала өлімінің көптігінің себебі болатын.

Қарақалпақтарда жаңа түскен келінге жүкті болу жайлы болған. Жас келіннің бойына бала біткенін сезген енесі, оны өз қамқорлығына алған. Абысын-ажын ауыл әйелдерін шақырып “күрсак” тойын өткізген. Мұны “күрсак шашу” деп атаған.

Келіннің аяғы ауырлауының алғашқы белгісі - оның белгілі бір тағамға жерік болуы еді. Жеріктіктің сипатына қарай болашақ нәрестенің тіпті жынысын анықтаған. Мәселен, әйел жабайы аңдар: жолбарыс, қасқыр, аюдың етіне жерік болса, болашақта ұл бала туады деп пайымдалған. Егерде тәтті тағамдарға жерік болатын болса – болашақта нәрестесінің қыз болатынына кәміл сенген.

Егер аяғы ауыр кезде адамның жерігі қанбаса, анасының құрсағында сәби де дұрыс дамымайды деп түсінген. Тіпті, сәбидің аузынан сілекейдің тоқтамай ағуын да осымен байланыстырған.

Екі қабат келіншекті үйде жеке жатқызбаған. Түйе етін бермеген. Олардың түсінігі бойынша түйе етін жеген келін баласын 12 ай көтереді деген сенімде болған. Бұл ырым қазақ және түрікмен халықтарында да бар. Сәбидің ұйқысы шала болады деп келінге құс етін, нәрестенің аузы “қоян жырық” - болады деп қоян етін бермеген. Мұндай түсінік пен ырымдар қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен халықтары арасында кең тараған. Қарақалпақ әйелдері қазақ әйелдері секілді түйенің сакральді магиялық күшіне сенген. Сол халықтардың түсінігі бойынша, егерде аяғы ауыр әйел түйенің бауырынан не алдынан үш рет өтсе, онда баланың түсіп қалмауының алдын алады. Әрі уақытында босануға көмек етеді деп ырымдаған. Егерде ауылда түйе болмаса, онда түйе сияқты етіп маталардан, таяқтан түйе бейнесін жасап немесе жерге түйенің суретін салып, оның үстінен үш рет аттатқызған, кейде айналдырған.

Зороастризмнің көне жазбасы Авестада түйе өсіп-өнудің, ұрпақ өрбітудің негізгі күшінде бейнеленген.

Екі қабат әйелдің толғағы басталған кезде оны бөлменің сол жағына жатқызған. Орта Азия халықтарының көне наным–сенімдері бойынша босағаның оң жағы - әйелдердікі, сол – жағы қонақтарға арналған. Босағаның сол жағына негізінен ыдыс-аяқ, азық-түлік және үй шаруашылығына қажетті заттар қойылған. Ал, кіреберісте ат әбзелдері, ер-тұрман, мылтық тұратын. Яғни, қарақалпақтар босағаның сол жағына “таза емес” заттарды қойған. Аяғы ауыр әйелді босағаның оң жағына сол себепті жатқызған. Толғатқан әйелдің шашын тарқату, үйдегі кебезелердің сандықтардың немесе аузы буылған қаптардың жібін шешіп босату әйелдің

толғағын жеңілдетеді деп сенді. Қазақ халқының салт-дәстүрлері сияқты қарақалпақтарда да екіқабат жас келінге тіл-көз тимесін деп құраннан молдаға дұға жаздырып, бойтұмар жасауды дәстүрге айналдырған, осы дәстүр өзбектерде жүрген немесе, жеті ұсақ тасты тұмарша етіп шүберекке тігіп камзолының желкесіне астыңғы жағынан көзге түспейтіндей жапсырып тігіп келіннің төсегінің іргесіне темір қару: балта, қамшы, қару-жарақ, бүркіттің тұмсығы салынған. Мұның бәрінен жын-шайтан, пері-албастылар сескенеді деп ырымдаған (Толеубаева, 2004:125).

Бала дүниеге келген күнен бастап 40 күн толғанша (чилля) анасы екеуі ерекше қорғалады. Себебі балалар өлімінің басым көпшілігі осы кезеңде болатын. Қарақалпақтарда бала туылған кезде алғашқы үш күнде, ұйықтамаған, жын – шайтандардан қорғаныш ретінде отты сөндірмей жағып қойған. Әйел босанған соң баланың жолдасы түсісімен оны тазалап жуып, бөтен біреулерге көрсетпей адам баспайтын таса жерге көмгізген. Ол үшін тереңдігі бір метрдей шұңқыр қаздырып, оның бір бүйірін үңгіп ақым жасайды. Сол ақымға бала жолдасының кіндігін жоғары қаратып салады да шұңқырға жолдас жуылған қанды суды төгіп, көміп тастаған. Өзбектерде, мысалы, бала жолдасын жеміс ағашының астына көмген.

Бала жолдасын көмуді бөтен көзден жасырып істеудің өзінше себебі болған. Қарақалпақтардың түсінігінше, туған баланың кіндігін (жолдаста қалған кіндіктің жартысын) бедеу әйел аяғымен басса, босанған әйел бұдан былай бала таппайды, оның бала табу қасиеті бедеу әйелге ауысып кетеді деген сенім болған.

Бала жолдасының кісі баспайтын жерге адамша жерленуі, бөтен адамнан оны бірнеше күнге дейін қорып жүруі, баладан үзіліп түскен кіндікті көп уақытқа дейін сақтау әдегі әсіресе Хорезм өлкесінде (қарақалпақтар мен өзбектерде) кең тараған. Салыстырмалы түрде, мысалы, Хорезмдік өзбектер мен қырғыздарға бала жолдасы мен бірге асық көмген (Снесарев, 1962:77).

Бұл біріншіден, жолдасты жаны бар нәрсе деп есептесе, екіншіден, болашақта сәбидің ата-анасы ұлды болу үшін де осылай жасады Бұл туралы Г.П. Снесарев магиялық, не ислам дініне дейінгі сенімдер бойынша көмілетін жолдаста, сақталатын кіндікте бала жанының бір бөлшегі деп сенуден шыққан дейді (Снесарев, 1962:91).

Әсіресе оған әйел мен оның баласына баласы жоқ әйел жолатылмаған. Оның чиллясы жас босанған әйелге өтіп кетеді деп қорыққан. Егер мұндай әйел кіріп кетсе, бөлме адыраспанмен аласталған.

Жоғарыда атап өтілгендей қарақалпақтарда баласы жоқ әйелдерді организмнің кемістігі емес, құдайдың қаһарына немесе қарғысқа ұшырағандар деп есептеді. Егер ұзақ уақыт бойы бала көтере алмаса, әйелдер “қасиетті мазарлар” басына түнеп құрбандыққа мал шалған. Егер «әулиелі» баба бедеу әйелдің түсіне еніп аян берсе, әйел тілегі қабыл болады деп түсінген. Бірақ, әйел оны 3,7 немесе 40 күн бойы құпия қылып сақтаған. Қасиетті адамның түске енбеуі, оның әйелге наразы болуымен түсіндіріледі. Мысалы, тәуап етушінің «қасиетті» бабалар күшіне іштей толық сенбеуі; күнәсінің көп болуы және т.б. Бұл рәсімде сиқырдың, анимистік наным – сенімдердің қарақалпақтардың отбасылық ырым-жораларында ата-баба аруағына табыну әлі де басым орын алғандығын дәлелдей түседі. Мысалы, мазарда ас қалдыру, суды мазар маңындағы бұлақтан ішу т. б.

Сірә, осылай ғана, тәуап етуші әйел ата-баба аруағының қолдауына ие болған. Белгілі түркітанушы Д. Банзаров өзінің «Черная вера, или шаманство, у монголов» атты зерттеу жұмысында түркі-моңғол халықтарында ата-баба аруағына табыну дәстүрінің тамырын ежелгі көшпелілер (ғұн) заманына апарып тірейді және оның шығу тегін ғұндардың дүниетанымымен байланыстырады (Банзаров, 1955:81).

Қарақалпақ этносының қалыптасуы мен этнологиясы мәселелерін зерттегенде тірек етер сан алуан тарихи – этнографиялық және этномәдени деректердің ішінде – сол халықтың шаруашылығының және тіршілік, өмір сүру көзінің факторына

байланысты дүниеге келген әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлері жүйесінің ғылыми танымдық тағылымын ерекше атауға болады.

Археологиялық деректерге қарағанда анимизм, тотемизм магия – Арал маңы мекендеген көне сақ-массагеттерде (апасиаки) культтік мәнге ие болып идеологиялық танымдында бекемделген.

Қорытынды: Қорытындылай келе, Қарақалпақтардың отбасылық-некелік қарым қатынастарына байланысты әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлерін шаруашылық және тіршілік цикліндегі жосын-жоралғылар негізіндегі жүйелерін талдауда діни қағидалардың бастамасы магияның көрінісін мынадай топтарға жіктеуге болады: апотропейлік (сақтандырушы) және протропейлік (өнім алу, әсер ету).

Апотропейлік топтамаға ырым жоралардың жын-періден қорғау мақсатындағы әрекеттері жатады: мысалы, үйлену рәсімінде:

1. Жасыру: жас-жұбайлар үшін шымылдық (чимылдық) құру, қалыңдықтың бетін жамылғымен (чарсы) жабу;

2. Жолатпау: бедеу әйелдерді үйлену тойына шақырмау, рәсімдерге қатыстырмау;

Протропейлік топтамаға:

1. Дәнекерлік (синдиасмикалық): қалыңдық дәстүрлі сыйлық “қарғыбау” тарту ету, жас жұбайлардың “қасиетті” неке суын ішуі;

2. Құнарлылық магиясымен байланысты: құдаларға “су шашу” рәсімі, құдалардың бетіне үн жағу, келіннің бетін жас бұтақпен ашу, шашу рәсімі, негізгі салтанат тойларды үбірлі-шүбірлі әйелдің бастауы.

Сонымен қарақалпақтардың үйлену тойында жасалатын ырым жоралғыларда, басқа халықтардағыдай ата-баба аруағына табынуда маңызды орын алған.

Әдебиеттер:

Абрамзон С. М. Патриархально-общинный уклад и пути его изживания у народов Среднеазиатских республик и Казахской ССР. М., 1964.

Аргынбаев Х. А. Семья и брак у казахов. Алма-Ата, 1975.

Банзаров Д. Черная вера и шаманство у монголов // Собрание сочинений. М., 1955.

Бекмуратова А. Т. Семейно-бытовой уклад каракалпаков в прошлом. «Задача преодоления его вредных пережитков». М., 1967.

Гаджиев Г. А. Доисламские верования и обряды народов Нагорного Дагестана. М., Наука, 1991.

Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. М., 1975.

Жданко Т. А. Каракалпаки. В кн. Народы Средней Азии и Казахстана. Т. 1 М., 1962.

Зеленин Д. К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии // Сборник М.А.Э. Л., 1930. Т. 9.

Сабитов Н. Культура и быт казахского колхозного аула, Алма-Ата ; 1950.

Снесарев Г. П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М., 1969.

Источники историко-этнографических сведений о каракалпаках в России в XIX в // Этнографическое обозрение. М., 1999, №6.

Косбергенов Р. Положение каракалпацкого населения в Хивинском ханстве в конце XIX - начале XX века // Труды Хорезмской экспедиции. М., 1958. Т. 3.

Косвен М. О. Этнография и история Кавказа. М., 1961.

Кисляков Н. А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. Л., 1969.

Морозова А. С. Следы древних форм семьи у каракалпаков // Труды

Ташкентского государственного университета. Вып. 172 Археология Средней Азии. Т. 5, Ташкент, 1960.

Наливкин В., Наливкин М., Очерк быта женщины оседлого туземного населения Ферганы. Казань, 1886.

Толстова Л. С. Каракалпаки Ферганской долины. Нукус, 1959.

Толстова Л. С. Каракалпаки за пределами Хорезмского оазиса в XIX- начале XX века. Нукус-Ташкент, 1963.

Толеубаева К. М. Қарақалпақтар мен қырғыздардың XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы бала тәрбиесіне байланысты ырым -салттар // Вестник П.Г.У.; 2004 №2 Штенберг Л. Я. Семья и род у народов Северо-Восточной Азии. Л., 1933.

Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана. Нукус, 1989.

Этнография каракалпаков в XIX- начале XX в. Ташкент, 1980

References:

Abramzon S. M. Patriarchal-communal way and ways of it eradication of the peoples of the Central Asian republics and the Kazakh SSR. M., 1964.

Argynbaev H.A. Family and marriage among Kazakhs. Alma-Ata, 1975.

Banzarov D. Black faith and shamanism among the Mongols // Collected Works. M., 1955.

Bekmuratova A. T. Family-household way of life of Karakalpaks in the past. «The task of overcoming his harmful remnants.» M., 1967.

Gadzhiev G. A. Pre-Islamic Beliefs and Rites of the Peoples of Nagorno-Dagestan. M., Science, 1991.

Pre-Muslim beliefs and rites in Central Asia. M., 1975.

Zhdank T.A. Karakalpaki. In the book. The peoples of Central Asia and Kazakhstan. T. 1 M., 1962.

Zelenin D.K. Taboo words among the peoples of Eastern Europe and North Asia // Collection M.A.E. L., 1930. V. 9.

Sources of historical and ethnographic information about Karakalpaks in Russia in the 19th century // Ethnographic Review. M., 1999, No. 6.

Kosbergenov R. The situation of the Karakalpak population in the Khiva Khanate at the end of the 19th - beginning of the 20th centuries // Transactions of the Khorezm expedition. M., 1958. V. 3.

Cosven M.O. Ethnography and History of the Caucasus. M., 1961.

Kislyakov N. A. Essays on the history of family and marriage among the peoples of Central Asia and Kazakhstan. L., 1969.

Morozova A. S. Traces of the ancient forms of the family of the Karakalpaks // Transactions of Tashkent State University. Vol. 172 Archeology of Central Asia. T. 5, Tashkent, 1960.

Nalivkin V., Nalivkin M., An Essay on the Life of a Woman of the Settled Native Population of Ferghana. Kazan, 1886.

Tolstova L.S. Karakalpaki of the Ferghana Valley. Nukus, 1959.

Tolstova L.S. Karakalpaki outside the Khorezm oasis in the 19th and early 20th centuries. Nukus-Tashkent, 1963.

Shtenberg L. Ya. Family and genus among the peoples of Northeast Asia. L., 1933.

Ethnic history and traditional culture of the peoples of Central Asia and Kazakhstan. Nukus, 1989.

Ethnography of Karakalpaks in the 19 th and early 20th centuries Tashkent, 1980

**Мазмұны
Содержание
Contents**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Мухатова О.
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҮЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР
ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ
ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ).....5

Begalieva A., Khairullayeva V.
HISTORIOGRAPHY OF THE NEW ECONOMIC POLICY IN
40-YEARS OF XX CENTURY AND AT THE BEGINNING
OF XX CENTURY.....20

Shaimerdenova M.D.
EPISTOLARY CULTURE:
LETTERS AND POEMS FROM THE FRONT.....31

Абдирайымова А.С., Сарсенбаев А.Б.
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ.....43

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Козыбаева М.М.
ОРЕНБУРГСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ (КОМИССИЯ) 1734-1744 гг.
ПО КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ:
ЦЕЛИ, ЭТАПЫ, ПОСЛЕДСТВИЯ.....58

Бимолданова А. А.
ВОЛОСТНОЙ УПРАВИТЕЛЬ И ВОЛОСТНОЙ ПИСАРЬ
В АППАРАТЕ МЕСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ КОЧЕВЫХ
ВОЛОСТЕЙ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВО ВТОРОЙ
ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....72

Бектанов А.А.
ШЫҢЖАҢДАҒЫ XIX ғ. 70-жж. САЯСИ ДАҒДАРЫС
ЖӘНЕ ҚҰЛЖА СУЛТАНДЫҒЫНЫҢ РЕСЕЙ
ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРУІ.....87

**ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА
В ПОТОКЕ ИСТОРИИ
IN THE STREAM OF HISTORY**

Бекназаров Р.А. АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ МҮСЫЛМАНДЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	102
Капаева А.Т. КУЛЬТУРНАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ: ЦЕЛИ, МЕТОДЫ, РЕЗУЛЬТАТЫ.....	111
Мұхитов Қабібек КАСПИЙ-ОРСК МҮНАЙ ҚҰБЫРЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ.....	124
Жанбосинова А.С., Қарибаев М. ВОПРОСЫ АДАПТАЦИИ РЕПАТРИАНТОВ В ПРОЕКТЕ ПРООН НА ПРИМЕРЕ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	134

**ХАЛЫҚТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ НАРОДОНАСЕЛЕНИЯ
POPULATION ISSUES**

Смагулов Б., Тылахметова А. ТУЛЕНГУТЫ В ЭТНИЧЕСКОМ СОСТАВЕ КАЗАХОВ (XVIII – НАЧАЛЕ XX В.).....	146
Kamaljanova T.A. IMPACT OF LABOUR MIGRATION ON THE LIVES OF “LEFT BEHIND”.....	158

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Рогожинский А.Е., Железняков Б.А. КЛЕЙМА И ТАМГИ НА ДВУХ СЕРЕБРЯНЫХ СОСУДАХ ИЗ ДОЛИНЫ ШУ И МОНГОЛИИ.....	167
Novozhenov V.A., Sydykov A.Zh. BRONZE AGE TRANSEURASIAN COMMUNICATIONS.....	184
Қартаева Т. МАҢҒЫСТАУ, ҮСТІРТ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМІ.....	206
Шашаев Ә. Қ., Тәлім А.Т. ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР.....	223

Басуға 23.09. 2019 қол қойылды

Шартты баспа табағы –12,5

Офсеттік басылым

Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды